


Шәкәрім Күгайбергійәби

Озы заман

~43


МҮРІК,
ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ
ҒӘМ ХАНДАР
ШЕЖІРЕСІ



Шәкәрім Құдайбергiябi



**ТҮРІК,
ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ
ҒӘМ ХАНДАР
ШЕЖІРЕСІ**



АЛМАТЫ «ҚАЗАҚСТАН» ЖӘНЕ «САНА» 1991

Баспаға дайындаған және шығаруға жауапты филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметов және Мұхтар Қазбеков.

Құдайбердіұлы Ш.

Қ 74 Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — Алматы: Қазақстан: Сана, 1991. — 80 бет.

ISBN 5-615-01051-7

Қазақтың шығу тегі, тарихы, шежіресі жайлы еңбек жазуды ұлы Абай өзінің немере туысы Шәкәрімнің қолға алуына сенім білдірген. Шәкәрім шежіре жазуға күресіпес бұрын жеті елден: араб, парсы, түркі елдерінде жарыққа шыққан еңбектермен танысып көп мағлұматтап, деректер жинайды, осы мақсатпен қажылыққа екі рет барады. Соңтіп Шәкәрімнің оұл кітабы 1911 жылы Орынбор қаласында осылай шығады. Шәкәрім шежіресіне арнау Санадан ой жазды. Халқымыздың тарихы бұл ауызша айтылып келе жатқан аңыз — әңгімелері, батыс, шығыс ойшылдарының тарихшыларының еңбектері. Құдайбердіұлы бұл еңбегінде түркі елдерінің ата тегін әңгімелей отырып, қазақ халқының шежіресіне кенінен тоқталып, тарих түкпірінен ой екшейді. Шәкәрімнің бұл еңбегінің құндылығы өзіне дейін халқымыздың ата тегі жайлы ауызша айтылып келген шежірелерді бір жүйеге түсіріп, хронологиялық тәртіппен арнайы түрде баяндап беруінде.

0503020905— 115

Қ -----Без. обьяв. 91.
401(05)

ББК 63.3(0)

ISBN 5-615-01051-7

© Ш. Құдайбердіұлы, 1991.

ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ ТУРАЛЫ

Әлемдегі қай халықты алмайық, олардың шыққан тегін, өткендегі тарихи жолын, танып білуге ұмтылып, қатпары мол тарих қойнауынан оңайлықпен сырын аша бермейтін рухани қазына көздерін түрткілеп ізденуге түсуі — халықтың өзін өзі тану жолына түсуі яғни озық халықтардың бәріне тән кәнігі құбылыс. Бұл ерекшелік халықтың іштей түлеп, рухани сатысының жоғарғы баспалдақтарына көтерілуінің бір белгісі.

Өзінің өмір кешкен тарихи жолын танып білуге деген құштарлық — қазақ елінің есте жоқ ескі заманнан бермен қарай ес біліп етек жапқан баласына дейін жеті атасын білдіру дәстүрде тұрақты құбылысқа айналуы жай нәрсе болмаса керек-ті. Жеті атадан арғы ата тегін қуалап үлкен тайпалық одақтарға дейінгі аралықтағы нешеме түрлі тарихи сапырылыстарда орын алған әңгіме — аңыздарды әр ауыл ақсақалдары, яғни тарихтың тірі архивтері, өз әлінше танытып, таратып отыру салты бізде мықтап орныққан тағлымды дәстүріміз. Осының бір көрінісі М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында жігіт Абайдың әр ауыл ақсақалдарымен тарих қойнауынан сыр тартып әңгіме дүкен құрған ел тарихы, жер тарихы туралы сырласуларында аса бір білгірлікпен суреттеледі емес пе?

Міне, осындай ортаның рухани бесігінде тербеліп, Абайдай кемеңгер ағасынан тәлім алып өскен Шәкәрімнің өз халқының шығу төркіні мен шежіре тарихына ізденіп барып пікір айтуы табиғи заңды құбылыс. Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи мақаласында қазақ арасында тараған шежіре, аңыз-әңгіме атаулының қазақтың арғы шыққан тегін исламиятқа орай араб сахабаларынан шығыпты деген сарынына қарсы, сол жалған танымға тойтарыс беру мақсатымен жазылғанын көреміз. Өйткені сол тұста, әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысына қарай Россия империясының Шығыста отарлаған жерлерінің картасы ресми түрде бекітілген соң, миссионерлік саясат мемлекеттік саясат ретінде жүргізіле бастады. Мұсылман халықтарының арасында осы патша

саясатына қарсы рухани қарсылықтар белен алды. Қазақтардың арғы тегі Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірінен шығыпты-мыс деген ғылыми-тарихи негізі жоқ қауесеттер тіпті баспасөз беттерінен орын алған кездері де болды.

Міне, осы ғылыми негізі жоқ діни ұғымдағы жасанды көзқарасты алғаш рет Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласында жеріне жеткізе әшкереледі. Әрі бұл іспеттес аса күрделі мәселені жан-жақты тереңдей зерттеп жалғастыру қажеттігін де сезінді. Қазақтың шығу төркіні, тегі жайлы шежіре түрінде ешбектенуді өзінің немере туысы, қатарынан оза шапқан Шәкәрімнің қолға алуына сенім білдірді. Яғни Абай дәстүрін жалғастырудың бір көрінісін Шәкәрімнің 1911 жылы Орынборда басылым көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген іргелі еңбегінен анық аңғарамыз.

Шәкәрім шежіресі жазылудан бұрын осы салада айтарлықтай дәрежеде көп ізденген. Осы мақсатпен қажылыққа екі рет барып, араб, парсы, түрік тілдеріндегі еңбектермен танысады. Ондағы қазаққа қатысы бар шежіре деректермен айналысып, осыған қоса ар ғылымы туралы да дерек-мағлұматтар жинастырған. Қолы жеткен деректер көзін орыс, Европа тілдеріндегі кітаптардан да ұзақ жылдар бойы іздестіреді, оларын шежіре жайлы айтылған қазақтың арғы-бергі аңыз-әңгімелерімен салыстырады. Міне, осы аталмыш үш түрлі рухани қазына көздерінен жиған-тергендерін ой көзімен талдап, жүйелей келіп қазақ шежіресін өлең түрімен («Қазақтың түп атасы — батыр Түрік» деп аталады. Әрі бұл Шәкәрімнің шежіре-тарихқа алғаш барған ой танымының деңгейін аңғартады), қара сөз түрімен бірдей жазады. Шежірені өлеңмен жазу қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында ертеден бар дәстүр. Мысалы, жақын арада жарық көрген, Шәкәрімнің замандасы қырғыз ақыны Тоголок Молданың өлеңмен жазылған қырғыз шежіресі аса бір қызықты танымдық салмағы бар халықтық шежіре. Шежіре негізінен қырғыз елінің ауызша айтылып келген аңыз-әңгімелеріне сүйенген. Бір қызығы шежіресін Тоголок Молда қара сөзбен де жазыпты...

Шәкәрім шежіресінің басты ой қазығы — қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түркі әлемінде жатқанын ғылыми дәлелді, нақтылы тарихи деректер көзімен аша отырып, Абай бағдар берген тарихи танымды одан ары жетілдіре жалғастыруында жатыр. Шәкәрім шежіресінде тұжырымдалған өзекті ойлар желісі негізінен ғасырлар бойы ауызша айтылып келе жатқан қазақ және түркі халықтарының аңыз әңгімелері мен Батыс, Шығыс рухани ой қазыналарына табан тірейді.

Әрбір саналы азаматтың өзінің шығу тегі мен нәсілін,

руын танып тарата отырып шежіре білуі — көп жылдар бойы тұрпайы танымның санамызға құйып келгеніндей ескіліктің қалдығы емес, керісінше тарихи санамыздың із-түзсіз жоғалып кетпеуінің алтын тамырдай тот баспайтын қастерлі белгісі. Өйткені кез келген қазақ жеті атасын айтып берсе, ешқандай паспорттық дерек-мағлұматтарға сүйенбей-ақ оның қай ел, қай жерден шыққанын шежіре білген саңлауы бар қазақ баласы дөп басып тауып бере береді.

Шәкәрім шежіресі — Абай тұсында-ақ жинастырылып, келе-келе жүйеленгенімен, ол 1911 жылы ғана басылым көрді. Заманында бұл еңбектің халқымызға әсері айтарлықтай болған. Өйткені өткен тарих, ата тек жайлы деректер ел ішінде ауызша айтылып таралғаны болмаса, бір жүйеге түсіріліп, арнайы түрде басылым көрген емес-ті. Көзі қарақты қазақтарға ең танымалы шежіре Әбілғазының «Түрікмен шежіресі» болса, оның өзі көбінесе ел билеген хан, төрелердің, ақсүйек саналған «тектілерді» қуалап кететін. Шоқан айтатын Шал ақынның өлеңмен жырланған шежіресі бізге жетпеді. Бірақ жақсылы-жаманды ел ішінде хатқа түсіп таралған шежірелер де болған. Олар негізінен жүйеленіп бір ізге түсірілмей әрі тарихи танымдары да әрқилы өрістен шығып жататын.

Ал Шәкәрім кітабы нақтылығымен, ғылыми негізде жүйеленуімен жалпы түркі елдерінің ата тегін, түп төркінін қамти отырып, негізінен қазақ халқының шежіресіне баса назар аударуымен ерекшеленеді. Шежіре айтушылардың дәстүріне орай өз ата тегінің тарихына көбірек тоқталып, баяндау жағы да бар. Бұл шежіре кітап тұңғыш рет жинастырылып жүйеленуі себепті де кейбір ұғым, мағлұматтардың бірде асып, бірде кем түсіп жатуын аңғардың өзі де 1931 жылы жазушы С. Мұқановқа жазған хатында: «Қолымда барымнан азғана жазбамды жібердім... Шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып, бұрынғы басылғанында қате бар, һәм қосылмаған сөздер бар болғандықтан көшіріп жатырмын түзетіп», — деп ескертегіні бар. Өкініші сол, осы көшіріліп түзетілген шежіренің жаңа нұсқасы әзірше көз жаздырып тұр...

Әлем тарихындағы халықтардан тек арабтарды тілге алмасақ, түркі, монғол халықтарынан басқаларда кездесе бермейтін бірегей рухани құбылысы — өткендегі тарихи санамыздың нақтылы көрінісі ретінде пайда болған шежіреде жатыр. Сондықтан да ата-баба мұрасы шежірені ғылым төрінен орын беріп, ғылыми негізде зерттеліп бағалануы — бұл күнде күн тәртібіне қойылып отыр. Мұны қатты ескеретін уақыт жетті.

М. Мырзахметов,
филология ғылымдарының докторы.

БІСМІЛЛӘ АЛРАХМАН АЛРАХИМ

ШЕЖІРЕДЕН БҰРЫН

Атамыз Адам пайғамбардан бері қарай атадан-атаға үзілмей жазылып келген шежіре ешбір жұртта жоқ. Адам пайғамбардан Нұх пайғамбарға шейін айтылған аталар — таурат¹ сөзі, қай кітапта болса да сол таурат кітабынан алып жазған. Онан соңғы шежірелер біреуден-біреу естіп жүрген ертегі сықылды сөздерден шыққан. Оның ішінде кейбіреу білімді атану үшін, кейбіреу жақсы атаның нәсілі болмаққа, кейбіреу жаңылыс ұққанын өтірік яки қате айтылғаны көп болған. Мысалы, біздің қазақтың Ғақашә сахабаның нәсіліміз дегені сықылды сөздер. Бергі заманда шыққан білімділер сол ертегі сықылды сөздердің қисынына қарап, кісілерінің, жерлерінің атының мағынасына қарап және онан бергіректегі халықтың жайын әзірлігінде — ескі заманда патшалы жұрт болған халықтардың ескі жазулары — ақша теңгедегі жазу һәм моланың басына қойған тастағы жазулардан қарап біліп және сөйлеген сөз, әдет-ғұрып, таңба белгілерінің ретіне қарап, қай ел, қай елмен тұқымдас, қай уақытта, қай жерде жүргенін, кім деген ел атанып, қай ханға қарағанын анықтап тапқан соң, бұрынғы ертегі сықылды сөздердің көбі қате екені мағұлым болған.

Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбірі», «Тарих ғумуми», «Тарих антшар аласлам», Нәжиб ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әр түрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным: Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен

¹ Таурат — Мұса пайғамбарға жіберген алла тағаланың бұйрығы, кітабы.

орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Кошочидам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән — шау — Ми — ши деген жазушының сөз және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтан жаңылыс айтқан өтірік аталары — бәрі сол кітапта бар.

Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жазамын. Ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды ауыз сөз болмаса, мұнан бұрын біздің қазақ тіліменен шежіре жазылған жоқ.

ШЕЖІРЕ БАСЫ

Атамыз Адам пайғамбарды алла тағала топырақтан жаратып жан беріп, оның оң қабырғасынан анамыз — Хауаны жаратып, Хауа анамыз жыл сайын бір ұл, бір қызды егіз тауып, алдыңғы жылғы ұлға келер жылы туған қызды беріп, келер жылғы ұлға, алдыңғы жылғы қызды беріп, өсіп-өніп, қырық мың кісі болғанда, Адам пайғамбар мың жасында өтіп, онан бір жыл соң Хауа анамыз өтіпті.

Адам Пайғамбардың бір баласы Шис пайғамбар тауратта Шит деп жазылған, оның баласы Ануш, оның баласы Қинан, оның баласы Миһлаел, оның баласы Бруд, оның баласы Идрис пайғамбар — шын аты Ахнух еді, оның баласы Матушлах, оның баласы Ламәк, оның баласы Нұх пайғамбар, бұл Нұх пайғамбардың үш баласы — Сам, Хам, Яфас; біздің түрік халқы Яфас нәсілінен.

Нұх пайғамбардың уақытында Адам балалары бұзықтық қылып діннен шыққан соң, алла тағала қаһар қылып, топан суын жіберіп, жер жүзіндегі адам, жан-жануардың бәрі қырылып, Нұх пайғамбар үш баласыменен оның қатындары алла тағаланың әміріменен кемеге кіріп аман қалыпты. Осы күнгі барша адам балалары сол Нұхтың үш баласы — Сам, Хам, Яфастың нәсілі.

«Тарих ғұмуми» деген кітапта барша түрік, иран, юнан, қытай һәм европадағылар Яфас нәсілінен.

Барша араб, асур, гіддан, фінике, картаже, ғибрани мысырлар — Сам нәсілінен. Барша хабаш, судан, зәңгибар, барша қара түсті жұрт — Хам нәсілінен дейді.

Шежіре түрікті жазған Әбілғазы Баһадүр хан сөзінше Яфастың сегіз баласы бар: Түрік, Хазар, Сақлап, Қытай, Камари, Тарих, Жапон, Манжур деген. Түріктің төрт баласы бар — Түтік, Хакәл, Бәрсәжар, Амлақ, Барша хун мажар, бұлғар, улах, ауар, мағол, татар, манжу, фин, жонғар атанған халықтар түрік нәсілі дейді.

Түріктің баласы Елжехан, оның баласы — Бакой хан, оның баласы Киік хан, оның баласы — Аланшы хан.

Мұның уақытына шейін халық мұсылман еді, сол кезде бұзылып суретке табынды. Аланшының екі баласы — Татар, Мағол, Аланшы қол астындағы елін екі баласына бөліп берген соң, Татар қол астындағы ел Татар атанып, Мағол қол астындағы ел Мағол атанды дейді.

Түріктен осы жерге шейін жазылған аталар — Әбілғазы хан шежіресіндегі мұсылман жазушыларының сөзі.

Мұнан соң қытай шежірелеріндегі ертегі сықылданған сөздерді жазып және оларды қалайша шын сөзге қисындыруға мүмкін болатындығынын жазамын.

Аристовтың кітабындағы қытай жазушыларының сөзі ең ескі заманда түрік жұртының аталары — Со деген халық болыпты (мұның Нәжиб Ғасымбек Сит деген деп жазады) сол халықта бір Ежен — шиду деген хан болып, оның Аспан қызы қатынынан туған төрт баласы болыпты: бір баласы аққу болып кетіпті. Бір баласы қытайша Ки-ғу деген екен. Ол Алу менен Ған деген дарияда падишалық қылыпты. Бір баласы Шу — си деген дарияда падша болыпты. Үлкен баласы Надулуша деген. Ол Баси — чу Ци ши деген тауда болып хан ордасы сонда болыпты. Таудың биіктігінен ол ел суықтан өлетұғын болған соң, Надулуша от жағуды үйретіп, елін суықтан сақтаған соң, өзге туысқандарына қараған елдер де соған қарап, атын — Тукю қойыпты. Тукю деген — дулыға деген сөз. Қытайда «Р» деген әріп жоқ болған, Тукюның ортасына «Р» қосылып, «турку» болады.

Осы айтылған қытай сөзіне қарасаңыз, Ежен-Шиду дегені — Шиду хан дегені; оның бір баласы аққу болып кетті дегені Алтайдағы Ку өзеніндегілерге хан болды дегеннен шатақ болған. Олардың қалған нәсілі — осы күнде Кумандинский деп орысша аталып отырған елдер, осы күнде де Со деп аталатұғындары бар. Ку өзеніндегілер өздерін күкіші деп атайды. Жоғарғы Ежен-Шиду дегені Шис пайғамбар болса керек. Ежен-Шидудың бір баласы Ки-ғу дегені қырғыз дегені болады. Себебі қытайда «Р» жоқ және сөзді қысқартып аяғындағы әріпті тастап айта тұғын әдеті бар. Ки-ғуның ортасына «Р» қосып, аяғына «зи» қоссаңыз, қырғыз болады. Оның мағынасы — елсіз де өз еркімен жүрген тағы деген сөз деп Нәжиб Ғасымбек қытай сөздерін жазған шежірелерден алып жазады.

Ежен-Шидудың бір баласы Чу-си деген дарияда болды дегені — Чу дариясындағыларға хан болды деген сөз және ең үлкен баласы — Надулуша Баси-чу — Си-ши деген та-

уда болды дегені — Шу дариясының басындағы жартасты тауда болды дегені. Себебі Чу — өзен аты, си — дегені халықтар дегені, ши — дегені биік жар тас және Әбілғазы хан һәм басқа мұсылман шежірелерінде ең бұрын от жаққан пешті жылы үйді шығарған түрік дейді. Бұл қытай сөзінде от жағып үйреткен Надулуша Тукю яғни Турку атанды дейді.

Жоғарғы Содеген сөзді (ол) сол дегендегі сөздің соңғы — ләм) әрпін қалдырып айтқандағы дауыспен оқу керек, орысша Со дегендей қылып мұны Нәжип Ғасымбек Сим деп жазғанына қарағанда мен ойлаймын осы Шис Тауратта Шит жазылған және шежіре жазғандар кейде Се деп жазады, соларға қарағанда Шис нәсілі деген сөз болады. Себебі Адам пайғамбардың Шистен басқа баласынан нәсіл жоқ.

Ақырында жоғарғы қытай сөзінен табылғаны, біздің халық Со яки Сит, яғни Шис нәсілінен. Қытайша Тукю, бізше түрік атанған халықтан шыққанымыз анық болды. Ол Со, яки Сит халқы көбейіп, қозғалғандықтан төрт бөлек болып, бірі Алтайдың Темірқазық жақ тұмсығындағы Қу өзенінде болып Қу елі, орысша Куманды атанған. Екінші бөлегі Апу мен Қан яғни Абақан менен Енисей өзені арасында болып қырғыз атанған. Үшінші бөлегі Алтайдағы Шу өзенінде болып, қытайша Чу — кси, орысша Чуйский атанды. Төртінші бөлегі — қытайша Тукю, бізше түрік атанып, Шу өзенінің жоғарғы басындағы Жар тасты тауда болды. Бәрі Тукюға қарағанда, Тукю біздің тілше түрік патшалығы атанған. Кейінгі кездерде әлденеше хандыққа бөлініп, әр түрлі атпен аталғандары көп болса да, соның бір табынан түрік аты жоғалмаған.

Және қытай шежіресіндегі ертегі сықылды қисынсыз сөз Түрік жұртының арғы аталары — бір ұрғашы қасқырменен хун атанған жұрттың қол-аяғын кесіп далаға апарып тастаған он жасар баладан туған дейді. Себебі қасқыр баланы тауып алып, қиын таудың ішіндегі бір жар тастың арасына апарып, асырап өсіріп сол баладан буаз болып, қасқыр он бала тауыпты. Түріктер сол он баланың нәсілі дейді.

Және бір сөзі аспаннан келген бір еркек қасқыр менен хун жұртының патшасының қызынан туған дейді. Бұл сөздерді еш нәрсеге қисындыруға болмаса да, мен өз ойымша төмендегі сөзге қисындырамын.

Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресінің екі жерінде сиымсызырақ сөз бар еді. Бірі Татар ханы — Сүйініш хан, Мағол ханы Елханды жеңіп, елін қырғанда, Елханның інісі

Негіз бенен баласы Қиян деген тұтқыннан қашып барып, қалған кісілерімен малдарын жиып алып, Ергенеқон деген айналасы Жартастарға кіріп, сонда төрт жүз елу жылдай өсіп-өніп, ақырында сыймай шықпақ болғанда, келгендегі қиын жолдары көп заман өткендіктен бұзылып қалып, Жартасты отпен өртеп құлатып шықты дейді.

Және бір сөзі Дуауынбаян деген хан өлген соң, орнына Аланғу деген қатыны хан болып тұрып, байға тимей, аспаннан келген бір нұрдан буаз болып, үш бала тауып, соның біреуі Боданжар хан болды дейді.

Жоғарғы ертегі сықылды сөз осыған қисылады. Себебі Ергенеқон дегеннің мағынасы — тік жар тас деген сөз, қасқыр баланы жар тастарға апарып, сонан бала туып өсті дегені осыған келеді. Және сонан шыққандағы ханның аты — Бөртечине еді. Мағынасы бурыл қасқыр деген, соны қытайлар қасқырдан туды деп шатасқан. Және Аланғу кімнен тапса да, үш бала тауып, оны нұрдан таптым деп, халықты алдаған ғой, соны қытайлар біресе қасқырменен баладан туды деп, біресе аспаннан келген қасқырменен хан қызынан туды деп шатастырып жүрсе керек.

Және Радловтың ұйғыр туралы жазған кітабында қытай сөзі ескі заманда Гаошан, яғни ұйғыр жұртының жерінде Гулин тауынан екі өзен ағады; Тохула, Селенге деген. Сол өзен арасындағы бір таудағы ағаштан жарық нұр шыққан соң, ондағы жұрт барып қараса, бір ағаштан шыққан нұр екен. Ол ағаш буаз қатын сықылды томпақ екен. Сол ағаштан бес бала туып, халық оны Құдайдың жібергені деп асырап, өсіріп, аттарын Сұңқартегин, Қотуртегин, Тугелтегин, Ортегин, Бұқатегин қойып, кенжесі Бұқатегинді хан қойыпты.
















Тегин деп ақсүйек князьді айтады, соның нәсілінен отыз ханнан кейін Иойлунтегин дегені хан болған кезде Тан ханның еліменен неше жыл жауласып, аяғында құда болып, Тан ханның Цзинлин деген қызын, Иойлунтегиннің баласы Иелітегинге айттырады. Бұл Тан хан дегені — Татау, яғни татар ханы болса керек. Ол Пели — пули — та деген тауда еді. Мағынасы ұрғашы жайлаған тау деген болады. Және Челі — таха деген тау бар еді. Мағынасы орысша небесный гор, бізше тағдырдың үкімі дегенге келеді. Және Хули Таха деген тау бар еді. Мағынасы — құтты тау деген. Тан ханның жіберген бір кісісі сол Құтты тауды көріп, осының басындағы биік тасты құлатса бұл елдің бақыты қайтады деп, Иойлунтегиннен қалыңмал үшін сол тасты сұрап алып кете алмаған соң, отпен қиратып, өртеп, носилкамен тасып алды. Сонан соң таудағы құрт,

құс шулап, жеті күнге жетпей Иойлунтегин өліп, онан соң хан болғаны өле берген соң, халқы көшіп, Бешбалыққа, яғни Бес шаһарге келді. Темір қазығы А — чу, яғни Ақсу, күнбатысы — У — дон — Қаши, яғни Хотан мен Қашқар, күншығысы — Си — фан, яғни Тибетке шейін биледі. Бұл көшкені Бар — чижу — ертетегиннің хан болғанынан 970 жыл бұрын еді дейді.

Енді осы айтылған Радлов кітабындағы қытай сөзінің ағаштан бала туды дегені еш сөзге қисынбайды. Олай болса да бұл сөз де Боданжар ханның баласы — Бұқахан болса керек. Себебі Әбілғазы Баһадүр хан сөзінше Боданжардың екі баласы — Бұқа, Тоқа: бұл Бұқа тегин менен Төкел тегин болар, ағаштан нұр шығып содан туды дегені — Аланғудың нұрдан таптым дегенін шатақ айтқанға ұқсайды.

Және сол сөздің аяғында айтқан Бар — чижу — ерте дегені — анық-ақ. Рашид ад-дин менен Әбілғазы ханның айтатұғын Шыңғыс хан кезіндегі ұйғыр жұртының Бауырчық, Едиғұт деген ханы, оны Рашид ад-дин Баржұқ деп жазады. Ейдиғу деген лақап аты деп қытай айтады. Едиғұт деп хандарын айтушы еді деп Әбілғазы айтады. Және Шыңғыс тұсында ұйғырлар Қидан, яғни қара қытайға қарағаны Тайтцызу, яғни Шыңғыс ханды естіп қара қытайдың жандаралын өлтіріп, Шыңғыс ханға қарағаны да және Иәли Андон деген Шыңғыс ханның қызын алғаны да бәрі тура келеді. Ол Бауырчық Едиғұттың Шыңғыс ханға қарағаны 1209 жылы еді.

Аристов сөзінше ескі замандағы қазақтың басты руларының таңбасы мынау:

Ұлы жүз — Дулат таңбасы —  , Албан таңбасы —  , Суандікі —  . Ботбайдікі —  яки мынадай —  , Сыйымдікі —  Орта жүзде Қоңырат таңбасы —  , Арғын таңбасы —  , Қаңлы таңбасы —  , қыпшақтікі —  , Керейдікі —  , яки мынадай —  , Наймандікі —  және Шыңғыс хан үлкен хақан болғанда, тап басы бектерге ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Сонда ұлы жүз Үйсін Майқы биге ұраның — Салауат, құсың — бүркіт, ағашын — қарағаш, таңбаң — сүргі таңба болсын депті. Ол мынадай:  , орта жүзден Қоңырат Сеңгіле биге ұраның — Қоңырат, құсың — сұңқар, ағашың — алма, таңбаң — ай таңбасы болсын депті. Ол мынадай:  С

Мұнан кейін Нәжиб Ғасымбектің қытай шежіресінен алып жазған сөзінен біраз ғана жазамын.

Хижрадан, яғни біздің пайғамбарымыздың уақытынан 2819 жыл бұрын, яғни орысша есеппенен Ғайса пайғамбар

уақытынан 2197 жыл бұрын Қытайда һич деген нәсіл хан болып билемей тұрып, Қытайдың темір қазық жағында Тукю, яғни түрік халқы бар екенін мағұлым болған.

Мұнан 1081 жыл соң, яғни Ғайса пайғамбардан бұрынғы 1116 жылда Қытайда Уаң хан заманында хун атанған түріктер Қытайға қарадық деп, Уаңның нәсілінен Юдаң хан болған кезде хундар бұзылып, Қытайдың Шән — си деген уаләтын¹ шапқан. Бұл хун, яки ғун атанған түріктер Ғайса пайғамбардан бұрынғы 910 жылы қытайларға соқтыға бастап, сонан 213 жыл соң, яғни Ғайса пайғамбардан 697 жыл бұрын қытайдың Ганьсу деген жеріне кірген, ол жер қытайлардың мағолстанменен бөлігі еді. Онан 45 жыл соң Пәчили деген уаләтын шауып, түріктер бірінің артынан бірі қытайды шаба берген соң, сонан құтылуға Ғайса пайғамбардан 214 жыл бұрын Чин қорғаны деген үлкен қорғанды сала бастап, он жылда бітірді. Халықтың жаңылыс Ескендір қорғаны деп жүргені сол қорған болса керек. Оны салып бітірген қытайдың Чин — Шы — хуанди деген ханы еді. Ол өлген соң Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылдан соң қытайлар өз ішінен бүлініп, маңайындағы елменен бөліктері сақтаусыз қалып, хун түріктер Татардың Қарамөрен деген дариясын айналып барып, қытайды талай бастайды. Және бір ескі хабар: Ғайса пайғамбардан 1300 жыл бұрын Чэ-эу нәсілі қытайда хан кезінде Азияның темір қазық жақ шетінде хун, яки ғун деген халық болған. Бұл хун деген Орхон өзеніне қойылған ат еді. Сол себептен ол халық хун атанды. Одан кейін бір уақыттарда түріктер хун — ну деп те аталды. Оның себебі, қытайлар Хуан Хэ дариясының темірқазық жағындағы халықты Хунну дегенінен шыққан. Шешірелердегі хунну атанғаны он — ну, яғни он ұйғыр дегеннен деп Радлов айтады. Және бір кезде бұлардың күншығыс татар атанған хунның топа, сиэн — һи, жу — жен деген таптары Азияның күнбатыс шетіне шейін барды. Бұл хун — ну қытаймен көп соғысып, кейде жеңіп, алым да алды. Олар хандарын Шань буй юо деп, онан кейін Танжу деп атады. Бергі замандағы тайчи деп қалмақтың айтқаны да сол сөзден. Жоғарғы хуннулар ханның қатынын изн — ши деуші еді. Біздің қазақтың өзінен үлкен кісінің қатынын жеңеше дегені сол сөз болар. Олардың Танужі, яғни ханы Ен — Шан тауында тұрушы еді. Ол тау Алтайдың Ертіс өзеніне қарай созылған бір тарауы еді. Танжу қытай ханыменен тату тұрып, хат жазғанда аспан, күн, ай та-

¹ Уаләят — орысша бір губерна халық дегенге келеді. Яғни бір болыс ел.

рапынан хундардың тағына қойылған ұлуғ Танжудан деп жазушы еді. Бұл тату тұрғанның соңғы мезгілдері Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылға шейін білінеді. Жоғарғы айтылған қытайлар бүлініп оларды хуннулар шауып талаған Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылда хундардың ханы Томын Танжу еді. Бұл Томын хан Ғайса пайғамбардан бұрынғы 206 жылы өліп, оның орнына Модэ, яки Мөте деген баласы хан болып, Ғайса пайғамбардан бұрынғы 174 жылға шейін бек көп жерлерді алды. Қытайдың ол кездегі ханы Фау — Хуанг — ти деген еді. Жоғарғы Мөте Сунның — фу шаһарын алып, Шансиға кіріп, Шиан Фу шаһарына келген соң Фау — ти хан қарсы шыға алмай, қыз беріп бітім қылды. Мұнан соң қытай мен түрік қыз алысты.

Ғайса пайғамбардан 175 жыл бұрын хун-нулар Юши, яғни Шүршіт халқын Ганьсу мен Шән — сиден шығарып, күнбатысқа қарай Балқаш көлі менен Іле өзеніне қуды. Юшилер барып Яксарт, яғни Сырдариядан өтіп, Соғды Бактрияны алып, ондағы Се, яки якут — сақа атанған бұрынғы барған түрікті қуды. Сол кезде хуннунның Танжуы яғни ханы барып, күншығыс татарды шауып быт-шыт қылды. Сол татардың бір бөлегі қытайдың Пекин деген қаласының темір казық жағындағы Ухуан тауына барып, Ухун татары атанды. Және бір бөлегі Сиэнби тауына барып, сол атпен Сиэнби атанды. Жоғарғы айтылған Юлэр Мауранаһарге кірген заманда, хуннунның күнбатыс жақтағы көршісі усин, яғни үйсіндер еді. Іле өзені жағасында еді. Олар хандарын кунми (Гуньми) деуші еді. Осы үйсінді хун-нулардың ынтымағынан айырмақшы болып, қытайдың ең алғаш дүние көруге шыққан Чан — Киен дегенді жіберген еді. Қытай сол кезде Канкию, яғни Мауранаһар Пуси, яғни парсыменен сауда араластырып еді. Соған ортадағы хун — нулар бөгет болып, жоғарғы Чан — Киенді он жыл тоқтатып қойған. Онысы Ғайса пайғамбардан бұрынғы 139 жылдан 129 жылға шейін еді. Чан Киенді Аристов Чжан Цян деп жазады.

Ғайса пайғамбардан 70 жыл бұрын, жоғарғы Ухуан атанған татарлар хун-нулармен жанжалдасып, барша танжуларының, яғни хандарының моласын һәм Мөтеннің де моласын құлатып, хун-нуларды күнбатысқа қарай қуып көп жерін алды. Ғайса пайғамбардан бұрынғы 54 жылы Сиэнби атанған татарлар қытайға болысып, Ухуанды жеңсе де, олар тез заманда және қайта жиналып, бір хандық болып, хандығы Ғайса пайғамбардан соңғы 207 жылға шейін келді.

Ғайса пайғамбардан соңғы 43 жылы хун хандығы екі бөлінді. Бірі оң тұс, бір сол тұс атанып, 65 жылы екеуі бірігіп, Қытайдың Шанси менен Хами деген жеріне барса да жеңіліп қайтты. Оларды қытайдың Цзу — һян деген жандаралы қуып, Килушан тауында және жеңіп, әскерін қырып, сонда сол тұс хунның ханыменен бірталайы күнбатысқа қашты. Сол себепті, 93 жылы сол тұс хун хандығы жоғалды. Онан қалған екі жүз мың үйлі халқы қытайға қарап қалды. Қарамағандары Алтайдан өте қашып, Мұздаладан өтіп, Оралдағы Башқұрт жеріне барды. Сол барғандар Европаның шетінде жаңадан бір хандық болып, күнбатыс хун атанып көп жыл тұрды. Оны қытайлар Танжу хандығы деді. Европаның бірталай халқын қуған ұйғыр, оноғұр, Сиэнби һәм басқа түрік руларынан да қосылып, Алан жұртын алған осылар еді. Ғайса пайғамбардан соңғы 78 жылы Кавказ тауынан асып, Азербайжан, Ирак ажа кіргені, 167 де Марк Орел заманында румдарменен соғысқаны, латынша кітаптарда бар.

Жоғарыда айтылған солтүстік хундар барып күнбатыс хун атанып тұрғанда, мұнда қалған оңтүс хундар Шәнсиде еді. Олардың ханы һюлан — шига 93 жылы кеткен солтүс хуннан қалған көп ел қарап қалып еді. Бара-бара бұл оңтүс хундарда нашарланып қытайдың бір қаруы есепті болып қалды.

206 жылы қытайлар өз ішінен бүлініп, үшке бөлінеді. Бірі Уай деген Темір қазық шетіндегілер, бірі — Уу деген оңтүста және бірі — хан деген күнбатыста болды. 207 жылы Уай атанғаны маңайындағыларды бір-бірлеп қарата бастады, ақырында оңтүс хунды да алып, 221-де біржолата хандығын жоғалтты. Олардың көбі Ганьсу менен Шансидегі халқына қосылды. Бір бөлегі 93 жылы кеткен күнбатысқа барған хундарға қосылды. Жоғарыда айтылған Сиэнби атанған халықтар 225 жылы Орта Азияға кіріп, бір үлкен хандық жасап, 320 жылы Іле дариясынан Аму дариясына шейін алды. Сол Сиэнби деген атпен бұл жақ Сибирия аталды.

Олардың хандығын Нәжиб Ғасымбек Топа — усуну деп Аристов Юән — би депті. 310 жылы осы Сиэнби нәсілінен ескі шежірелерде Жужен яки Жөже деп әртүрлі атпен жазылатұғын түрік нәсілді бір халық күнбатыстағы халыққа бек қатты шабынды қылған. 390 жылы Жужәндер жоғарғы Сиэнбиларды орнынан қуып, хандығын жоғалтты. Бұл Жужәндер Қарақұрымнан қозғалып аз-аздан бүтін Татарстан жеріне жайылды. Оның хандары да Танжу аталушы еді. Тулун деген бір ханы 402 жылы хақан

атанып, сонан соңғы хандарын хақан десті. Олар бір заманда күнбатыс хундар тұрған башқұрт жерлерін де алды. Аттила деген 430 жылы Европаны быт-шыт қылғаны осы Жужендердің ісі екені анық. Бұларды Яжук, мәнжуж дегендер де болды. Бұлардың хандығын түріктің Она — хуйи Наған, Лу, Чин деген батырларының әскері 552-ден 554 жырларда қырып жоғалтты. Сол себептен түріктер бүкіл Азияның Темір қазық жағын һәм Қашқар, Самарқандтың барша жерін иеленді. Онан соң түріктер парсының патшасы Хисрау Наушируанмен бірігіп, хундардың Мауранаһар маңындағы Эфталит яғни Тилу халқының хандығын да жоғалтты. 557-де Эфталиттің бастықтары Уархути дегендер біраз қалғаныменен бірге қашты. Шежірелердегі Уархути, яки Уархонит деп жазылған Ұйғыр Сабыр һәм Түрік дегендер осылар еді. Бірақ бұлар Европаға кірген кезде Ауар атанған ел еді. (Бұл Ауарды Аристов онан бұрын келген Тургеш екі хан халық еді түрік нәсілінен дейді.)

Бұрынғы халықтардың қылған істерінің бәрі де аңғары бір жолмен деуге болады. Ескі түріктердің маңайындағы елдерді қырып-жойып, яки бірін-бірі шауып талағандары мақсаты — өзі зор болмақ, біреудің өсімі, біреудің жоғалуымен табылады деген анық мақал сияқты түріктер жолыққанды қырып ұлғайған.

Түрік халқы — парсы жұртындай руымен жүрген халық емес, бірталайы әр рудың қосылып, ел болып маңындағы елдерді шауып алып, егерде жеңілсе, өзге жаққа ауып кетіп, және бір елді шауып әр рудан қосылып әр түрлі атпен атанған. Нәсілі бір болмаса да, екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке, яки қымызға қосып бөліп ішеді де, қаны қосылған қарындас болдық деседі. Оны Анда дейді. Біздің қазақтың құда-анда дегендегі андасы осы сөз.

Түріктер ескі заманда будда, христиан, зәрдәшт діні сықылды әр түрлі дінге кірсе де, онан да бұрын өздерінің бір түрлі діні болған, оның анығы білінбесе де, ескі замандағы қытайлар сықылданып, жер, ағаш, темір, от, су сол бес нәрсені құрметтеген екен, жыл есептегенде де сол бес нәрсені 12 хайуан атына қосып, 60 жылдық есептері болған. Мысалы, тышқан темір жылы, барыс темір жылы дегендей және бұл түрік жұрты бұрынғы ескі ғұрыптарын осы уақытқа шейін қоймаған. Бір түрік қатын алғанда қазақша қалыңмал, түрікше — ағырлық деп мал беретұғыны, және қазақша көрімдік, түрікше иу көрмек деп және қазақша қол ұстамақ, түрікше — ал өпмек деп сый

беретұғыны сол ескі заманнан қалған және осы күнгі қазақтың әрбір аумағы, он-жүз жылдан бұрынғы, үнғұн армаларын, яғни таңба белгілерін қалдырған жоқ. Қыпшақтар 600 жылдардағы қытай жазушылары жазатұғын найза сықылды таңбаларын қол қойған орнына салады. Және 600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген керейіт, яғни керейлер тіпті ескі замандағы креш таңбасын салады. Қазақтың көбі ескі таңбасын салады. Кейбіреулер оған бір сызық қосады. Ол бір рудан шыққан және бір таптың белгісі, яки бір ханнан бір ханға қарағандағы белгісі болады. Түріктер жүрген жерін талқан қылған мықты жұрт болған. Оны парсы, араб, қытай бәрі де растайды. Парсының Фәйруз деген патшасы әскерін түрікпен соғысуға жұмсағанда бізді тура өлімге жұмсадың дегенге болмай барып соғысқанда, сол жолы Фәйруздың өзі өлтірілді. Және Ая — София мешітіндегі араб-Жахыз кітабында арабтар дұшпанын талқандағанда кітаптың қағазын аударғаннан оңай быт-шыт қылады деген. Және қытайдың Шақдар заманындағы жырларының мағынасы мынау:

Дыңғырлап арба кетеді,
Аттары — пыс-пыс етеді.
Әскердің ата-анасы,
Және жастау баласы,
Етегіне жабысып,
Жібермейміз деседі.
Сары бұлт айналған,
Сәнді шаһар қасында,
Қарға шулап қонады,
Соғысшының қатыны
Кимешегі басында,
Өрмек тоқып болады,
Қарғаның үнін есітіп,
Қызарып күн батқанда,
Өрмекті қатын жияды,
Байым өлді-ау деп ойлап,
Төсекке барып жатқанда
Жаңбырдай жас құяды.

Енді Аристов кітабындағы сөзден біраз сөз жазамын. Аристов кітабындағы қытай сөзінше түрік жұрты бір мезгіл хун яки хуну аталды. Бір кезде қытайша Гаугу, бізше ұйғыр атанды. Хунна аталған кезде олар үш түрлі ел болып, Шан Жун, Хан юн һәм Хун юй деп аталды.

Гайса пайғамбардан 214 жыл бұрын қытайлар хуннаның Ардос деген қаласын алып еді. Он жылдан соң Шан юйден шыққан Моде, яки Мөте хан Ардосты қайта алып, қытайдың өзінен де алым алды. Бұл Мөтенің алғашқы уақыттарда билеген жерінің күнбатысы Наньшан менен

Таньшан, яғни үлкен Алатау арасына шейін оңтүстігі мағол Алтайына шейін Темір қазық жағы Үйсін һәм Юечжиге шейін еді. Бұл Юечжи күнбатысқа барған тибет нәсілінен еді. Усун, яғни әр түрлі түріктен жиылып, ел болған халық еді. Оның оң түсінде Енисей өзенінде қырғыз бар еді. Үйсін сол тұқымнан еді. (Біздің қазақтың нәсілі қырғыздан).

Гайса лайғамбардан 209 жыл бұрын Мөте хан Юечжилерді яғни шүршіттерді күнбатысқа қарай қуды. Олар үлкен Алатаудың күнбатысындағы Се яки сақ деген түрікті қуып орнын алды. Олар Пайыр арқылы үндіге барды. Және үйсіндер Юечжилерді қуған соң, олар Фарған һәм Согд жағынан өтіп, Бактрия барды.

Және қытай жазушыларының сөзінше 6 жүзден 8 жүз жылдарға шейін күншығыс Тунғуз бен аралас кидан, яғни кара қытайлар бар еді. Тонғуз яғни Тоғуз оғуз тибетпенен нәсілдес және Шарамұран өзенінің маңында көшіп жүрген Татаби қытайша Комоки яки хи деп аталатұғын қарақытайдың бір халқы бар еді. Мағолдар оларды аймақ Онют деп атаушы еді. Олардың солтүс күнбатысына таман, Татан, яғни татарлар бар еді. Бұл татар менен жоғарғы Татабидің күнбатысында ескі түрік атыменен жүрген ел бар еді. Олардың Шан юйі, яғни ханы Орхун бойында еді. Бұлардың сол жағында Селингеде тоғыз оғыз бар еді. Тоғыз оғуз тоғыз ұйғыр екеуі бір сөз болады. Бұл ұйғырдың Теле деген табы Селенгеде болып, солтүстігі Гауугулар Косакөлде еді. Көлдің күн батысында Меркит, Уранхай, Топа деген түрік елдері бар еді. Уранхайдың күнбатысы Гуман деген таудың сол түсында қырғыз бар еді. Ол тау қытайша Тән — мен, бұл күнде Тано — ула, яғни бек үлкен емес деген болады. Осы айтылған халықтың сонда жүргені Гайса пайғамбардан бұрынғы 201 жылдан 49 жылға шейін қырғыздың оңтүс күнбатысында Кара Ертіске қарлық деген түріктер көшіп жүрді. Оларды қытай Гелуду дейді. Алтайдан шыққан түріктің ең соңғы шыққанды осы Шарыштың басқы бір тарауы Қарлық өзенінен.

Түрік патшалығы әбден ұлғайып, екі бөлініп, күншығыс, күнбатыс атанғанда, жоғарғы Чуйскийден жоғарғы ел күншығыс түрік болып, онан төменгі Теле нәсілі һәм мағолдың күнбатысындағы телелер күнбатыс түрік болып, олар бес аумақ дулу болып атанды. Бұлгария князьдығы осы дулу нәсілінен болады. Бұл теле, яки дулу деп атанған халықты Нәжиб Ғасымбек тилу деп жазады.

750 жыл маңында түрік өз ішінен бұзылғанда, ұйғыр менен қалған Теле һәм Қарлық бірігіп, түрікті, жеңіп,

ұйғыр биледі. Қытайлар ұйғыр хандығын Ху-ху деді. Жүз жылға жақындағанда олар да ішінен бөлініп, ұйғырды Енисейдегі қырғыздар шауып, ұйғырдың көбірегі қашып, Нянъ — шань тауының етегі һәм Тянь-шань, яғни арғы үлкен Алатаудың күншығыс тұмсығына барды. Өзі аз ғана қырғыздар біржола билеп тұра алмай Енисейге қайтты. Сол кезде Қидан, яғни қытай күшейіп Татабиді алып, һәм сол тұстағы қытайдан да ел алып, Лауу деген хандық жасады. Лаууның мағынасы қытайша «алыс», «шет» деген. Олардың хандығы 907-ден 1125 жылға шейін болды. Бұлардың алғашқы ханы Амбаған 924 жылы ұйғырдың хан қаласы Орхунға келді. Мұнымен жерлес түрік нәсілінен татарлар еді. Оның Темір қазығында ұйғыр Баяген һәм Мұңғұлдар бар еді. Мұның ішінде қара қытайға ең жақын көрші де һәм мықтысы да татар еді. Қара қытайлар қанша әскер жіберсе де татарды қаратып ала алмады.

Қытай жазушысы Си-иуән-Шауу-ми-ши сөзінше Шыңғыс ханнан 850 жылдай бұрын қара қытай менен шүршіт билеп тұрғандағы Мағолстан жұртының тұрған тұрағы мынау: оңтүс күншығысында Татаби, яғни Онийот, оның сол жағында татар, оның сол түс һәм күнбатысында Керейт: Жалайыр, мұңғұл, онан Керулен де оның күнбатысында Тамир һәм Орхоннан Ертіске шейін найман, оң солтүсында меркит және Қосакөл менен Таннуолада Ойрат һәм Тува және әр түрлі тоғайлы атанғандар. Енисей де қырғызбенен оған қараған ұсақ ел бар. Оның күнбатысында Телес бар еді.

Ұйғырдан хандық кеткен соң, Шыңғыс ханға шейін Мағолдың сол түс күнбатыс шетінен басқасын түрік атанған халықтар билеп тұрды. Мағолдар әрбір кішкене таптар қалса да, бірігіп хандық жасай алмайды. Ол таптарда ертерек Баяген, яғни арғын табы күшті еді. Шыңғыс хан тұсында наймандар күшті болып екі хандық болып тұр еді. Және бір күштірек табы Керейт, яғни керей еді. Һәм көп татар бар еді. Бірақ олар бөлек-бөлек болып тұрғаннан кейін күшсізрек еді. Шыңғыс хан басында керейге сүйеніп мағолды аз-аздан жинап, татар һәм меркитпен жауласып, ең бұрын найманға боқтығып, оны алып, ақырында тамам мағолды түгелдеп алғанда отырықты болып қалған түріктер көшіп қашуға жерін қимай бірталай ел мағолға қарап қалды. 1300 жылдар шамасында ол қалғандар, Онийот, Жалайыр, Найман, Керей дегендер әр түрлі рудан еді. Сол себептен олар қалмақ деп аталды.

Қалмақ деген қалғандар деген сөз. Олардың ойрат қалмақ атанған себебі, мағолдар күнбатысқа қойған әскер-

леріне ойрат деп атаушы еді. Соған араласқаннан ойрат атанды. Қалмақтың түбі ойрат деген сөз сонан шыққан. (Әбілғазы Баһадур хан сөзінше Шыңғыс хан кезінде ойрат ханы Кутукә, яғни Құтлық деген еді. Басында жау болып аяғында жарасып қыз алып, қыз беріп қарады).

1368 жылы ойрат ханы Мың темір деген өз алдыма ханмын деп мағұлым қылды. Сол өлген соң их елі бұзылып, бытырап кетті. Онан кейін 1455-де Есен Аши деген ойрат ханы мен деп еді, оны ойраттың бір бастығы өлтірген соң, ойрат бассыз қалып, Шыңғыстың күншығыстағы нәсілдері талай бастаған соң, сондағы қалмақ атанған ел мұндағы туысқаны түрік татар ішіне қарай көшті, олар екі бөлініп бір табы қыпшақтар тұрған күнбатысқа, көбірегі оңтүстегі дулат жеріне барды. Ондағы тұрғын ойраттарды, біздің мұндағы ел қалмақ қойды. Ол екінші жүз жыл ішінде, яғни 1200 жылға жақындаған кезде қара қытайдың қашқан бір князі Пелюй — Даши қара қытаймен түріктің қашқандарын жиып алып, күншығыс Алатаудағы отырықты ұйғырды алып және бір қара қытай хандық жасап Мауренаһар төңірегін де алды. Жерінің ортасы Шу өзеніндегі Баласағұн шаһары еді. Ақырында олардың ең соңғы ханы Көрханды 1212 жылы Шыңғыс хан жеңіп ұстап алған соң, хандығы жоғалды. 1219 жылы Шыңғыс хан Ертістен аттанып, Мауренаһар түгел һәм парсының бір бөлегін алып, үлкен Алатаудың екі жағын Мауренаһарді шағатай деген баласына берді. Дәшті Қыпшақ жақты Шоши деген үлкен баласы иемденді. Екеуі де әкесінен төрт мыңнан кісі алса да, бұларға еріп мағол болып кеткен түрік татар көп болғандықтан әскерінің көп қуаты татар-түрік еді. Ақырында 1370 жылы Шағатай тұқымы Мауренаһардан айрылды. Өзіменен нәсілдес һәм аралас түріктен Темірлан, яғни Әмір Темір деген шығып Шағатай нәсілінің билеген елін тартып алды.

Шағатай ұлысы болып жүрген алғашқы елі мыналар: Арғынұт, яғни Арғын, кереит, яғни керей, Доғлат, яғни ұлы жүздегі дулат, көрлеут, яғни қарлұқ, қаңлы, қырғыз бұлардан керейлер Қара Ертіспенен барлық һәм Ерен қабырға арасында Арғын, Найман менен Еміл өзенінен Қараталға шейін һәм Нұра өзеніне шейін көшіп жүрді Дулат Қаратал өзені менен Шу арасында болды. Қаңлы менен қарлұқ аралас Талас өзенінен Сырдарияға шейін жүрді. Қырғыз осы күнгі орнында жүрді.

Жошы ұлысының күншығысындағы елі Дәшті қыпшақтағы көп қыпшақ һәм бұл жақта алшын еді. Азырақ Арғын, Найман бар еді. Күнбатыстағы елі половцлардың қалғаны

еді. Және әр түрлі түрікпен нем қыпшақтан қосылған ноғай атанған елдер бар еді. Бұлар ол кезде Ноғай атаған жоқ, онан бірталай кейін Береке ханның немересі інісі Ноғай ханның атыменен аталған. Ол Ноғай хан бір кезде Дәшті қыпшақтағы әрбір хандарды өзі қойып, өзі түсіріп, жүрген бір мықты хан болған.

Жошы ұлысы ақырында әрбір кішкене хандыққа бөлініп бытырады. Оның себебі - шын аты Темірхан, ноғай аты ұлуғ Мұхамед хан деген бір атақты хан 1440 жылы өлген соң, ноғай хандары хандыққа таласып, бөлінген. Ұлуғ Мұхамед ханды біздің қазақ тілі келмей Ормамбет хан дейді).

Сол кезде Әбілқайыр деген хан Қазан ханына да, Қырымдағы ханға да қарамай, өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын 1552 жылдан 1555 жылға шейін билеп тұрды. Сол кезде әр рудан қосылған қырғыз-қазақ деген ел бар еді. Мағынасы, тағы «өз еркіменен» жүрген деген сөз, және сол 1552-ден кейін Әбілқайыр ханның көшпелі бірталай елін ойраттың, яғни бізше қалмақтың Өзтемір Тайшы дегені быт-шыт қылып шауып кетті. Бұл Өзтемір жоғарғы айтылған ойраттың Есен ашы деген ханның баласы, онан кейін 1455 жылы Әбілқайырдың бұл бақытсыздығының үстіне қол астынан қырғыз, қазақ нем басқа бірталай елін алып, Әбілқайырға өкпелен Өз Жәнібек хан мен Керей хан ауып, Шудағы Шағатай нәсілінің ханына барды. Мұның артынан Әбілқайыр хан өлген соң, өзбек халқы біржола бытырап кетті.

Бұл өзбек деген ат бұрынғы кезде атақты болып, Дәшті қыпшақта Жошы нәсілінен үлкен хан болған нем өзі мұсылман болып, немме Жошы ұлысын мұсылман қылған хан еді. Соның атыменен барша Жошы ұлысы өзбек атанған еді. Әбілқайыр хан өлген соң тағы бірталай өзбек қазаққа келіп қосылды. Бір бөлегі Әбілқайыр нәсілінен Баруш Оғлар дегеннің қасында болып еді. Ол 1472 жылы өлтірілген соң, бірталайға шейін бассыз қалды.

1499 жылы жоғарғы Әбілқайыр ханның немересі Шайбахыт Шайбани деген хан (біздің қазақша Шайбақ хан) қасына көп өзбекті нем қазақтан да жиып алып, Мауренаһар, яғни Самарқанд хандығыменен соғыс бастады. Онан 1450 жылдан кейін Шағатай нәсілі Ферғана менен Мауренаһарды билеп тұр еді. Қалалы ғұмырды жақсы көріп, көшпелі халықтарын қалмақ шапқанына болыса алмаушы еді. 1508 жылы Шайбақ Мауренаһарды алып, Ташкентте тұрған шағатай нәсілінен Махмудханменен көшпелі халықты билеген інісі Ахметханды екеуін де өлтірді. Хансыз

қалған Шағатай елдері және қазаққа қосылды. Бұл елдердің қазаққа қосылған уақытында халқы бек көп болды. Сол кезде қазаққа Әз Жәнібек ханның Қасым деген баласы хан еді. Сонда Қасым хан қол астында бір миллиондай халық бар еді.

КАЗАҚТЫҢ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ

Жоғарғы әр түрлі шежіре кітаптардың сөзінен біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфас деген баласының нәсілінен. Қытайша Тукю — біздің тілде түрік аталған халықтан екені анық болды. Түрік деген дулына деген сөз екен. Онан соң бір кезде ғун, яки хун деп аталыпты. Оны Нәжиб Ғасымбек Орхон өзеніне қойылған аттан қойылды дейді. Онан кейін әр түрлі атпен бөлектеніп кетсе де, біз ұйғыр атынан шыққан елміз. Бұл ұйғыр деген бірігіп қосылған деген мағынада деп шежіре жазушының бәрі айтқан десе де болады. Сол ұйғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғынұт, найман, керейт, дулат, үйсін деген таптар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз. Ақырында Шыңғыс хан тағам тағар мағолды алып, төрт баласына ел бөліп бергенде, үлкен баласы Жошыменен онан кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде, соның ішінде татар атанып және Жошыға тигені; Жошы ұлысы, Шағатайға тигені, Шағатай ұлысы атанған, онан кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Әз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде қырғыз, қазақ атанған елміз, ол кезде ол атпен атанған ел, жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықты өмірге кіріп, әр жерге барып бірталайын ноғай, башқұрт атанып, бірталайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ата бізде қалған.

Жоғарыда айтып едік, Адам пайғамбардан бері қарай осы уақытқа шейін үзілмей жазылып келген шежіре жоқ деп. Әз Жәнібек ханнан бері қарай біздің қазақ аталары туралы шынды-өтірікті айтылған сөздер бар, соның ішінде анықты дегенін һәм дұрыс шежіре хабарына тура келгендерін шежіре кітаптардың сөзіне қосып жазамын.

Шыңғыстың үлкен баласы Жошы хан өлген соң орнына Бату (Жошы баласы) хан болды. Оны орыстар Бати дейді. Лақап аты Сайын хан еді. Оның орыс жұртын қаратып алғаны — 1242 жылы. Батудан соң інісі Бүрге хан болды. Жошыдан бұрын ол Еділ-Жайықта қыпшақ атанып тұрған түріктер бар еді. Сол себептен Дәшті қыпшақ

хандығы деп аталушы еді. Бүрге хан кезінде үш ордаға бөлініп, Алтын орда, Ақ орда, Көк орда деп бәрінің үстінен Алтын ордадағы Бүрге хан билеуші еді. Ақ ордаға Жошының Шайбан деген баласы хан болып, бер жақтағы тамам көшпелі ел Көк орда атанып, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан еді. Біздің Әбілмансұр Абылай хан — сол Тоқайтемір нәсілі. Жоғарғы Бүрге хан мұсылман болып, Береке хан атанып, оған еріп інісі Тоқайтемір де мұсылман болып еді, өйтсе де халыққа мұсылмандық орнықпай, олардан соң жоғалды. Бүргенің орнына Тоқайтемірдің Мөңкетемір деген баласы үлкен хан болып, онан соң оның інісі Тодамөңке болып, онан соң жоғарғы Мөңкетемірдің баласы Тоқтағу болды. Онан соң жоғарыдағы Батудың Мыңтемір деген баласының Тоғрул дегеннің баласы Өзбек хан болды. Мұның хан болғаны 1301 жылы еді. Бұл Өзбек хан мұсылман болып, халқын да мұсылман қылды. Сол мұсылмандық бұзылған жоқ, «дін өзбектен қалды» деген мақал сол және сол ханның атыменен Жошы ұлысы өзбек атанды.

Жошы ұлысының үлкен ханы тұратұғын Алтын орданың орны осы күнгі Еділ суының бойында Астрахан мен Саратов арасындағы Царев деген қала еді. Ноғайлар сарай деп атап, оны орыстар Царев деп кетті. Сол кезде де біздің қазақтың орны осы Сарыарқада еді.

1446 жылы Жошы нәсілінен атақты ұлуғ Мұхамед хан біздің қазақ Ормамбет хан дейді. Сол өлген соң Жошы нәсілдері хандыққа таласып, әрбір кішкене хандыққа бөлінді. Улуғ Мұхамедтің шын аты Темірхан еді.

Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырға қарап тұрушы еді. Әз Жәнібектің шын аты Әбусағид еді. Тоқайтемір нәсілінен Барақ хан баласы еді. 1455 жылы Әз Жәнібек хан немере інісі Шаһгерей ханменен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Токлуқ Темірханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады. Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан бе-

рейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі, аты Қыдан еді, Тайшы деген өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың арғын атасы Қотан ақын дейтұғыны осы және бұл сөзге бір дәлел арғын Жанақ ақынның уақ Жарқын биге айтқан өлеңі. Жарқын би атаңда ақындық бар ма еді дегенде, Жанақ би айтыпты:

Алашта Арғын аға туған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек,
Арғынның түп атасы ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек.

Жоғарғы Әз Жәнібек хан қазақты алып ауарда Ноғай атанған туысқанымыздың жақсылары қазақтың жақсыларыменен көрісіп амандасып жыласыпты, соны біздің қазақ домбырашылары Ормамбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде, ноғай-қазақ айрылғандағы жылау күй деп домбыраменен бір зарлы күй тартады. Бұл Әз Жәнібек ханға еріп қазақ атанған елдің қазақ атанбай тұрып бөлінген арғын, найман, керей, қаңлы, қыпшақ, үйсіндегі дулат деген сықылды туысқандары көп. Жер жүзіндегі түрік нәсілді жұрттардың көбінің ішінде бар және қазақ атанған соң да көбі бөлініп, ноғай, башқұрт, өзбек атанып кеткен. Мұндағы үш жүздің қазағы атанып жүрген ел сонан қалған біраз ғана кісінің нәсілі.

Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады:

Әз Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей соя кезде қазақты хәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке шын аты Махмұд деген, Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахметхан қазақтың әскерге жараулысын үшке бөліп, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы «Жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахметхан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар алашы деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық», — деп қазақтың мақтанатұғыны сол.

1499 жылы жоғарғы Әз Жәнібек өкпелеген Әбілқай-

ырдың немересі Шайбақ деген Әмір Темір нәсілінен Бұхара, Самарқандты тартып алып, 1508 жылы Мауренаһарды алып, Ташкентті алмақ болғанда, қазақты билеген Ахмет алаш пенен ағасы Жәнеке Махмұт Оратөбеле Шайбақпен соғысқанда, қазақтар Шыңғыс тірі күнде де бізді Жошы ұлысына беріп еді, Шағатай біздің ханымыз емес, тәжік-сарт туысқанымыз да емес, «өзбек өз ағам, сарт садағам» деп Шайбақ ханға қосылды. Сол соғыста Шайбақ жеңіп, Махмұд Жәнеке менен Ахмет алашты өлтірген соң, ондағы Шағатай нәсіліне қарап жүрген қазақпен жақын елдер және қазаққа қосылды. Бұл сөздің анықтығы Әбілғазы Баһадур, Аристов екеуінің кітабында да бар. Сол себептен қазақтың ауыз сөзі рас шықты. Ол уақытта Әз Жәнібектің баласы Қасым хан еді. Қол астындағы халқы бір миллиондай болды.

«Қасым ханның қасқа жолы» деген қазақтың алғашқы бітім билігін шығарған осы хан еді. Оның баласы Сығай хан болып оның баласы Тәуекел хан болды. 1598 жылы Сығай хан Шайбани нәсілінен Ташкентті тартып алып, Түркістанға орнықты. Өйтсе де көшпелі халықтың қалалы жұртты билемегі қиын болды және бір жағынан мағолдан қысым көріп қазақтың жеріне келген қалмақтар да тыныштық бермей, Сығай ханның орнына хан болған Тәуекел хан кезінде Шайбани нәсілдері Ташкентті қайта алды. Олардың ханы Тұрсын Мұхамед деген еді. Жоғарғы Тәуекел ханның орнына баласы Есім хан болды. Қазақтың еңсегей бойлы Ер Есім дейтұғын ханы осы және жоғарғы Қасым ханның қалған қазақтың жолын түзетіп, «Есім ханның ескі жолы» атандырған осы еді. Бұл Есім хан 1628 жылы Тұрсын Мұхамед ханды өлтіріп, Қатаған елін шапты. Бұл сөздің анығы мынау:

Шежіре түрікті жазған Әбілғазы Баһадүр хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, осы Есім хан қолына келіп, тұрдым дейді. Сонда Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды шапты дейді. Жәрдем көремін деп келген хандардың жайы былай болған соң, Есім ханнан рұқсат алып қайттым дейді. Бұлай болғанда біздің 9-ншы атамыз Сарының қатыны Тұрсынханның қызы Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болатын. Оны қазақтар былай айтушы еді. Атамыз Сарыменен бір туысқан інісі Әлі деген бір сартта қызметкер болып жүргенде, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріп, Ташкентті қайта алыпты деген хабар келіпті. Мұны естіген соң Әлі сарттың жемге байлаған екі атына мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе

жатып, әкесінің өлгенінен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсынханның қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай елге келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсынханның қыздарын қанша нөкер қыз һәм жасау-жолдастарыменен алып келген соң, Әліге көріп бастап барған жолдасына Қоңырбикені барша киім, шатыр, сайманымен берген соң, жасау киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің 8-нші атамыз Кішік пенен Мәмбет сопы туыпты. Есім ханнан соң баласы Жаһангер болды. Оны қазақ Салқам Жәңгір дейді. Онан соң оның баласы әз Тәуке хан болды. «Есім ханның ескі жолы» деген жолдан кем қалған бітім жолдарды түзеткен осы еді. «Күл төбенің басында күнде кеңес» деген жол бітім сол еді. Бұл әз Тәукенің тұсында қазаққа Қатаған да, қалмақ та, өзбек-сарт та жау болып, Ташкентті алып, қазақ онда көп тұра алмай, 1652-жылы ауып Амудариясының жағасына парсының бергі шетіне барды. Бұл әз Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақтың ханының қызы қатынынан туған баласы еді. Мұнан басқа Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уалибақи деген баласы бар еді. Жәңгірдің орнына әз Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уалибақи Ғайыпханға кетіп еді.

Әз Тәукенің тұсында қазақ Амударияда тұрғанда бұрын парсыға қарап тұрған Ақжар деген түрік нәсілінен бір Надыр шаһ деген мықты кісі шығып, парсы жұртын қаратып алғанда, қазақ сонан қорқып, қайта ауып Сырдарияға келіпті. 1690 жылдардың шамасында әз Тәуке өліп, орнына баласы Болат хан болды. Ол келгенде қазақтың бұрынғы орнына қалмақ иеленіп қалған екен. Сол тақырыпты жанжал-төбелес болып, ақырында 1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын» дейді, мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені және сол жолда айтылған қазақтың ескі өлеңі мынау:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған қиын екен,

Қара көзден мөддіреп жас келеді.
Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.
Мына заман қай заман бағы¹ заман
Баяғыдай болар ма тағы заман.
Қарындас пен кара орын қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Ауып көшкенде Қара таудан көш асқанда, енесін ертіп алған бір тайлақ көшті жанап боздайды. Қарындасын, жақынын қалмақтар өлтірген жылаулар, оны жоқтап ол да зарлайды, көштің алды-артын шалып жүрген батырлар, карауылда отырып оны көріп айтқан өлеңдері еді.

Біздің Әнет бабаң деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы. Бөкеңменен туысқан Қалқаманның Мәмбетейдің Мамыр деген қызы туралы оққа байладың деп Әнет бабаңа өкпелеп Бұхара төңірегіне кеткені де осы жолының аз ғана алды еді. Әнет бабаңның бәйбішесінің бес баласы көп Болаттар, қалмақтың оғына ұшып өлгені де сол соғыста еді.

Осы Ақтабан шұбырынды болып ауғанда ұлы жүз Бұхара, Ташкент маңына жақын қалып, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арал көлі менен Ақ теңізге барып, Башқұрттар менен кіші жүз алшын, онан күнбатыс һәм сол түске барды. Сонда кіші жүздің ханы өз Тәукенің бір баласы Қарт Әбілқайыр деген хан еді. Орта жүзде Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді Ұлы жүздегі үлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбумұхамет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді. Аристов сөзінде, сол ауғанда ұлы жүздің қаңлы, дулат деген таптары қалмаққа қарап қалды дейді. Қалмақпенен көбінесе ұрысқан біздің орта жүз еді. Қазақтар үш бөлінерде күніміз туса тыныққан соң жиылып, қалмақтан ата қонысымызды алалық деп уағдаласып таранды. Қалмақтың осы зорлығынан ауып ішкері орысқа жақын барғандар 1731 жылдарда қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды. Мұнан кейін ұлы жүздегі Әбумұхамет хан тамам қазаққа хабар айтып жиылып қалмақпен ұрыспақ болды. Сол кезде өзіміздің Абылай хан жас бала күнінде ұлы жүзге келген кезі еді, оның мәнісі мынау:

Жоғарыда айтылған Салқам Жәңгірдің бір баласы Уалибақи хандыққа өкпелеп Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға барды деп едік, оның баласы Абылай деген бек

¹ Бағы — деген өзін-өзі билеп, хандарға нисамға қарсы келгендер

мықты болып, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң, қан ішер Абылай атанды. Оның баласы Көркем Уали, оның балас Әбілмансұр, біздің хан Абылай дегеніміз осы Әбілмансұр еді. Жоғарыда үш атасы да Ғайып хан қолында тұрып хан болмай өлген. Мұның тұсында Ғайыптың нәсілінен хандық кетіп, жүдеу тартқан соң, Әбілмансұр жетім бала күнінде қазақ елім, Сарыарқа жерім деп іздеп үйсін, Төле бидің қолына келді. Төле би басында түйе бақтырып, онан соң жылқы бақтырып, ақырында әр түрлі мінездерінен ұнап бала қылып күтіпті. Кімсің десе білмеймін деп, атың кім десе, сіз қойған ат атым болсын деген соң, шашы өскен киімі жыртық баланы Сабалақ деп ат қойыпты. Бір күні Әбілмәмбет хан қазақты жиып қалмақпен ұрысқалы жатыр дегенді естіп келіп, Төле биден соғысқа баруға рұқсат сұрапты. Төле би: балам, саған соғыстан жылқы жақсы емес пе десе, желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғанша жігіт адамның өлгені жақсы деген соң, Төле би рұқсат беріпті. Барса қазақ пен қалмақ екі төбеге жиылып, ортасында қалмақтың Ғалдан Церен ханының күйеуі — Хоңтажы деген әскер басының баласы Шарыш деген батыр қазақтан жекпе-жекке батыр сұрап жүр екен. Әбілмансұр Әбілмәмбет ханға барып, — тақсыр, бата берсеңіз, мынаған мен барайын дегенде, хан бата берген соң, «Шарышке қарай «Абылай — Абылай» деп ұран салып барып, Шарышты өлтіріп, басын кесіп алып, жау қашты деп айғай салған соң, қалмақтар қашып, бір мезгілде бір жерге келіп хан шатырын құрып Әбілмәмбет Әбілмансұрды қасына отырғызып, шырағым сен кімсің, Абылайлап шапқаның қалай десе, мен қан ішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым дейді. Сонда Әбілмәмбет хан қарағым, бауырым деп құшақтап сүйіпті де халыққа айтыпты: — Баяғы Уалибақының нәсілінен жалғыз бір бала қалды деп естіп едім, бұл сол екен, сіздер ұнатсаңыз, үлкен хандық осының орайы еді деп, халық ұнап үш жүзден тоқсан жақсылар ертіп барып, өздері қасиетті көретұғын арғын, Шақшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты, Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар.

Сонан соң біздің орта жүздің жақсылары, бұрын үлкен хандар ұлы жүзде болушы еді, бұл ханды өзіміз сақтаймыз, қалмақпен көп ұрысатұғын да біз деп Төле биге сый алып барып, Әбілмансұр Абылай ханды алып келіпті.

1741 жылы Ташкенттегі қалмақтың ханы Ғалдан Церен

қайда болса да Абылайды тірі ұстап алып кел, Шарыштың орнына өлтіремін деп, отыз мың әскерменен Жалбы деген батырын жіберіпті, осы Шыңғыс пенен Тарбағатай тауының тау арасындағы жолдарменен жүріп карағандықтан, сондай жолдар Жалбы жол атанған, Жалбы батыр іздеп барып, Ұлы тауда анда жүрген уақ Өтеген батырды ұстап алып, Абылайды сұраса айтпаған соң, қол-аяғын кісендеп алып және қарап Абылайды ұйықтап жатқан жерінде ұстап алып, екеуін Ғалданға алып барыпты. Өтегенді зынданға салып, Абылайды есекке мінгізіп қорған күзеткендердің қасына қойыпты. Орта жүздің қазағы Абылайды алып кетті деп кіші жүз ханы Әбілқайырға барған соң, ол Абылайды қай жолмен болса да Ғалданнан босатып алып бер деп орыстың Неплюев яки Нефелдеев деген жандаралына айтыпты. Ол Абылайды сұратып Ғалданға Миллер деген майорды жіберіпті. Және қазақтар өзіміз де сұраймыз деп, үш жүзден өңкей жақсылары да барыпты. Ғалдан оларға жауап бермей, әлденеше күндей қонақ кылып, бір күні хан ордасына қазақты да, орысты да жиып, Абылай мен Өтегенді алып келіп, Өтегенді кісенімен босағаға тастап, Абылайды алдына алып келіпті де: «Мені сені Шарыш сықылды батырдың орайына өлтіремін, не арманың бар», — депті. Сонда Абылай: — Тақсыр, менің үш арманым бар! Әуелі мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз, қазақ пенен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді. Екінші, қазақ орнықпай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып отырықты өмірге кіргізіп өлсем армансыз едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнде өліп кетсем не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой дегенде, Ғалдан хан төмен қарап, отырыпты да қасындағы уәзіріне: «Мынаның сөзінің бәрі рас, әсіресе соңғы сөзін қарашы, менде төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнгі жалғыз балам Әмірсана өліп кетсе, мен де тұқымсыз кеткенімдағы», — деп қалмақ тіліменен айтқан екен, Абылай хан алдияр деп, қол қусырып тұра келіпті. Ғалдан хан Абылайға: Сен неге алдияр дедің? Мен сені өлімнен босаттым ба? — десе, «Тақсыр, жалғыз балаңызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой, мен қалмақша тілді білемін», — депті. Ғалдан хан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсана екеуін дос қылып, қазаққа, орыстарға да қанша сый беріп, Абылайға Күндебау деп бір өз нәсілінен жетім қыз беріпті. Күндебау дегені үзілмес достық дегені. Сол қыздың бір кішкене інісі апасынан қалмай жылаған соң, оны да Абылайға беріп, өз бауырындай көр деп тапсырған

екен. Абылай оның атын Махмұт қойыпты. Біздің қазақ Мәмет дейді. Оның баласы Бөлішке, Бөлішкенің баласы осы күнгі Мәмбетай, Мотыш ішіндегі Шыңғыс хан, Семейхан төрелер.

Ғалдан хан Абылайды босатқаны 1743 жылы еді. Сонда Абылайдан Ғалдан хан үш сөз сұрапты. Бірі, елінде қой көп бола ма депті. Абылай көп десе, қойшы өтірікші, қой ұры деген сөз бар еді. Елінің ұсақ жанжалы басылмас депті. Екінші сөзі, елінде сиыр, жылқы көп пе депті, Абылай көп десе, ендеше, елің еңбексіз, сүт пен қымыз ішіп, ет жеп, балалары ақымақ туады десеңші депті. Үшінші елің егін сала ма десе, салмайды депті. Олай болса жер емшегін ембеген ел әлде болса неше аударылып қозғалып жуырда орнықпас депті. 1754 жылы ғалдан хан өлген соң, қалмақтар өз ішінен бүлініп, қытайлар қалмақты шауып быт-шыт қылды, қалмақтың бұл бүлінгенін Аристов кітабында тибет пенен манғолдың алалығынан болды деп жазады. Біздің қазақ онан гөрі бір түрлі сөз айтады. Ол мынау: Ғалдан ханның қатыны Әмірсананың шешесі қытайдың Ежен ханның қызы екен, оны аларда Ғалдан өзі бармай, бірталай сыйменен жақсы кісілерін жіберіпті, Ежен қысты күні ұзатқан екен. Жолда қыс жаман болып, неше күндей боран соғып, әбден өлер болып, адасып жүргенде Алатауда қанша батырларыменен жол тосып батырлық қылып жатқан ұлы жүздің Төлекей деген батырына жолығыпты, Төлекей оларды екі-үш күн қонақ қылып, еліңе бар десе, қыстың жамандығынан кете алмай, Төлекейге жалынып, қыстай тұрып, жаз шыққанда кеткен екен. Сонда қыз Төлекейден буаз болып, барып Әмірсананы тапты деген өсек болған екен. Ғалдан хан өлген соң, өзге ағайынның балалары сол сөзді сылтау қылып, Әмірсана қазақтың баласы деп хан қоймай, қалмақтың көбі өзгелеріне болысып, хан қойған соң, Әмірсана нағашысы Ежен ханға барыпты. Ежен хан бұл жақтағы шеткі қытайдың бастықтарына қалмақты Әмірсанаға қаратып бер десе, қытай келіп қалмақты шауып быт-шыт қылып, тоздырып жіберген соң, Әмірсана елімді тоздыр дегенім жоқ деп, қытайдың әскеріменен жауласып, қашып Абылайға келіпті. Абылай қытай келіп қала ма деп, жер шала үш мың кісісіменен барса, осы Аягөз өзенінде қытайдың сансыз көп әскеріне жолығыпты. Нағылып жүрсің десе, Әмірсана сенде, соны бермесең, қазақты шабамыз деген соң, не қыларын білмей, Әмірсананы үш күнге шейін тауып бермек болып, қайтып келіп, қытай әскері жоқ десе, Әмірсана Абылайға сен Қытайға жолықтың, бірақ мені береріңді,

казакты шапқызарынды білмей отырсың ғой, мені қытайға бер, бірақ екі сөз айтайын, әуелі мені алдым деп хат берсін, соған тоқсан жақсы кісісінің бармағын сиялап, мөр орнына басқызып ал, мөрден танар, қол сызығынан тана алмас, екінші, мен де хан баласымын ғой және Еженнің жиенімін ғой, өз алдына алып барғанша байламай, күзетіп бос алып бар деп тілек қыл дейді. Абылай хан Әмірсананың айтқанын қылды да, Қытайға берді. Былай шыққан соң, үш күнге жетпей, Әмірсана бір тұман түні қашып кетіп және Абылайға келген соң, Абылай ұстап тұра алмай орыстың Екатерина Второй деген қатын патшасына жіберді. Қытайлар қайта келіп сұраса, Абылай өздеріңе бергенмін деген соң қайтып кетіпті. Орыс патшасы Әмірсанаға қалған қалмақтарын қаратып бер деп көп әскер қосып жібергенде, жолда Әмірсанаға шешек шығып өлген соң, орыс әскері қайтып кетіпті.

Жоғарыда айтылған 1723 жылы қалмақтан жеңіліп ақтабан шұбырынды көріп, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, біздің тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың қара ағашына барған, онан да ары барған кіші жүз қазағы орысқа қарамақ болыпты деген соң, сонан қорқып тобықты көшіп, Бірғыз, Торғай өзендеріне келген, сонда біздің 4-атамыз Бірғызбай менен інісі Торғай туып аттарын сол өзен атыменен қойыпты. Онан және бері қарай көшіп, Мамай батыр бастап осы Көкен орда, Доғалан тауларының ортасына қеліпті. Сол кезде орта жүзде орысқа қарамақ болды дегенде, Дадан тобықты Қараменде бидің біздің Кеңгірбай биге сәлем айтқан өлеңі мынау:

Басында Сырдан шығып Орға келдік,
Табан тиіп жүре алмай зорға келдік.
Қол алдынан құрулы талқы¹ деген,
Бұл жаққа баққа келмей сорға келдік.
Сәлем де Кеңгірбайға кел кетелік,
Мықты сабаз атанды төрлетелік.
Мұсылманның жұртына маңдай қойып,
Аты жақсы дариядан ары өтелік.

Біздің тобықты мұнда келген кезде бұрын келіп қалмақты қуған найман, матайлар Шыңғыс бөктерінде екен. Уақтар Ертіс жағасында екен. Тобықтыны азып-тозып келген ел деп матайлар малына зорлық қыла берген соң, тобықты матайменен жанжалдасып, бұрынғы арғынның ата қонысы Шыңғысты өзіміз аламыз деп, матайды қуып,

¹ Талқы деген — илеген қалың теріні жұмсартатын айыр ағаш, қолға қайда барса да алдына бір қиын қызмет бар дегені.

Шыңғысқа орнықты. Бұлар матаймен әуре болып жатқанда, уақтар Көкенге еліп қонған соң, Кеңгірбай би кісі жиып барып уақты қуып жіберіп, осы күнгі Кеңгірбайдың «Тас үйген» деген жерге барып қоныпты. Уақтар Көкеннен тобықтыны шығара алмаған соң, өздеріменен көрші қазақ-орыстан кісі жиып алып, келіп Кеңгірбайдың ауылын шаппақ болған соң, Кеңгірбай би: — «Мен арғынның жақсыларына хабар жібердім. Арғын менен уақ ортасына бөлік салып бітелік деп тоқтатып қойып, түн болғанда төбе басына кісі сықылды қылып көп жерге тас үйіп, өзі түнде көшіп кетіпті. Ертең уақтар қараса төбенің басы толған кісі болған соң, бізді алдап жасаққа кісі жыйған екен деп, шолғыншы жіберіп бәрі тас екенін біліп қайтыпты. Сөйтіп тобықты Шыңғыс тауына ие болған.

Біздің қазақтың ескі сөзінше: бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс атанғаны баяғыда Шыңғыс хан тамам мағол-татарды алып үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында қол астындағы елдердің тап басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенінің күншығыс жағындағы хан биігінің басына ақ кигізге салып хан көтеріп Шыңғысты алып шыққан, сонда ұлы жүз қазағынан үйсін Майқы би барған екен. — «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп мақал болған кісі. Және Орта жүзден Қоңырат Сеңгеле би барған, сонда Шыңғыс хан бектеріне ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Ұлы жүз Майқы биге таңбаң сүргі, яғни малатемір болсын, құсың бүркіт болсын, ағашың қара ағаш болсын, ұраның салауат болсын депті. Орта жүз Сеңгеле биге — ұраның қоңырат, құсың — сұңқар, ағашың — алма, таңбаң — ай болсын дейді. Ай таңба — Шыңғыс ханның шын аты Темужин еді, сол үлкен хан болғанда Шыңғыс қойды. Мағынасы — бек мықты, зор деген сөз. Бұл таудың аты Шыңғыс атанғаны сол, ана биіктің хан биігі атанып, осы біз қыстап отырған өзеннің хан өзені атанғаны бәрі де сол Шыңғыс хан атыменен Әбілғазы хан сөзінше бұл таудың бұрынғы аты Найман күре болса керек.

Жоғарыда айтылған қалмақ бүлініп, хандығы жоғалған соң, бұрынғы қалмақтан қашып кеткен қара қырғыздардың көбі қайта үлкен Алатаудағы орнына келді. Ұлы жүз қазағы күнбатыс Алатаудан Қаратал өзеніне шейін өз орнын алды, орта жүзден керей менен найман Тарбағатайға келіп, ақырында қытай жеріне де кіріп, найманның шеті Ебінор басына шейін барып, керей Қара Ертіске барды.

1757 жылы Абылай хан менен Әбілмәмбеттің баласы Әбілпейіз хан Пекин қаласындағы қытайдың ханына ба-

рып, қытайға қарап, тұрмақ болып, Ван атанып келді. Мағынасы — орысша вассальный князь, қазақша ішін өзі билеп, сыртынан қытайға есеп болмақ, қытайға жүз жылқыдан бір жылқы, мың қойдан бір қой берсе, қалмаққа қараған жердің бәрінде иеленіп қыстап көшіп жүрмек болды.

1765 жылы орыс патшасыменен ынтымақтасып, Ертістің бер жағында он шақырым жерден бөлік қылып, онан ары өтіп барған қазақтан жер хақына орысқа мал төлемек болды.

1766 жылы Абылай хан менен Әбілпейіз хан ұлы жүзге болысып, Ташкентте қойған Қоқан ханының бегін қуғалы барған. Басында соғысып ақырында Ташкентті босатып алған тойда Абылай ханға еріп барған біздің 4-атамыз Ырғызбай палуанға түсіп, атақты Қоңыраулы палуанды жығып, палуан бәйгесіне тіккен көп астықты алып барған әскер азық қылыпты.

1780 жылы Жүніс қожа деген ұлы жүзді жеңіп, Ташкентті алды. Жүніс қожа өлген соң, 1810 жылы Ташкентте Қоқан ханына қарады. Сөйтіп Абылай хан орыс патшасына сүйеніп қазақты отырықты ел қыламын деп жүргенде, арғын Бекболат би болымсыз нәрседен Абылай ханды өкпелеткен соң, Абылай хан ұлы жүзге кетіпті. Оның себебі мынау:

Бір тойда қазақтың бір қадірлі байының жалғыз баласы Абылай ханның немересін хан баласы екенін білмей қамшымен ұрса, басынан тымағы түскенде, хан баласы киетұғын белгілі оқалы тақиясы көрінген соң, Бекболат би «шырағым, кеш» деп Абылайға білдірмей қойыпты. Артынан Абылай хан естіп, сол ұрған бай-батшаны берсін, ханда қадір болмаса, қарада ұят қалмайды деп Бекболатқа кісі жіберіпті. Бекболат өз баласы Тіленшіні ханға жіберіп, не мені алсын, не сұраған жігітті алсын десе. Абылай хан бұл Бекболаттың мені қазақтың бір баласы құрлы көрмегені ғой десе, Тіленші Абылайға — Түйенің өзі түйе, құмалағы да түйе бола ма деп қарсы сөз айтқан соң, мынаның мені түйеге ұқсатып, баламды құмалақ дегенін деп Тіленшіні ұстап алып ұлы жүзге қарай көшіпті. Артынан Бекболат барғанда, Абылай хан неге келдің десе, баламды бер, балама келдім деген соң, Абылай хан: «Бекболат сен мені іздеп келді ғой десем, ханның қадірі менен қазақтың елдігін жоғалтайын деген екенсің, балаңды ал да кет» — деп ұлы жүзге кетіп, сонда өлді. Абылайдың дәл қай жылы кеткенін біле алмадым, олай да болса қисыны 1788 жылының орайы болар.

Абылай хан кеткен соң, орта жүзге қырық сан Барық хан деген болса керек, оның маласы Бөкей хан болған. Бұл орта жүздегі Бөкей хан емес. Сол Бөкейге орыстың Александр Павлович деген патша тұсында өскер басы Глазунов деген кісі 1811 жылы зат жазғаны бар, орта жүздің хан аттанғаннан ең соңғы — Тұрсын Шығайсулы. Бөкей көшпелі Қарқаралығы билеген. Содан соң хан деген біржолата келіп, қазақтан ара сұлтан сайлағаны Тұр Тұрсын ханмен бұрын 1822 жылы еді.

Қазақтың ең әуелі орыс заңына қаған бастағаны сол. Оған кейін 1824 жылы да қырдә оқуға ашылып, басында бес жылда шейін алымнан азат болып, оған соң жүз малдан бір мал алым берді. Ақырында 1868 жылы жаңа зақен шыққан соң, қазақ бір жолаға орыс заңына қарады.

Біздің қазақ басынан көшпелі болып ат үстінде жүргенділік қала болғанша мола еді, арық аттаран аштан өледі деп, отырықты өмірді жамаңа еді, ер азығы еңде, еріккендер қолда деп барымташылықты еріктей, тұрақсыз қазақтықпен күн кешкен жұртпыз...

ҰЛЫ ЖҮЗ

Балқаш, яғни Теңіз көліне құятуғын Қаратал өзенінен Сырдария һәм Шыршық өзеніне шейін қаңты. Дулат нәсілі. Бұл дулат бұрынғы Чуйский нәсілінен. Арғы түбі қара қырғыздан шыққан. Ғайса пайғамбардан 150 жыл бұрын күнбатыстағы Алатауға келген. Сол дулаттың оң тұс күнбатысына келген көп қаңлы және қаңлының шанышқылы деген табы ұлы жүздің ең көбі дулат болған. Оның ішінде ботбай, шымыр, сиқым, жаныс, албан, суан. Албаннан шыққандары: қызыл бөрік, қоңыр бөрік, айт бозым, сегіз сары, құрман, әлжан, қиыстық және Іле өзенінің сол тұс жағында ескі үйсін нәсілінен сары үйсін бар. Оның рулары — құттымбет, жанай, жолай, танай, жан досай, күлүке, қырық деген және ұлы жүздің дулаттан соңғы көбі жалайыр болған. Оның рулары: андас, мырза, қара шапан, орақты, ақ бейім, қалпе, Сүпөтай, арық тыным, байшесте, сиыршы балғалы, қайшылы, күшік. Осы күшік деген біздің қалқаман нәсілі болса ма деп ойлаймын. Себебі осының түбі жалайыр емес дейді. Жалайыр бұрынғы уақытта бек көп ел болған және ұлы жүздің шапырашты, ысты дегендері Алматыға қарайды. Сіргелі мен ошақты Сырдарияға жақын. Бұл төртеуі қаңлыдан шыққан және ұлы жүз ішінде қоңырат бар, ол басында орта жүз елі еді, өкпелеп көшіп барған. Мұны Әбілғазы Баһадүр хан мағол ханы Елханның

Киян деген баласының нәсілінен Жорық мергеннің баласы Қоңырат деген кісінің нәсілі дейді, оның руларын орта жүзде айтамын.

КІШІ ЖҮЗ

Аристов — кіші жүзді орта жүзден бөлінген алшын табы дейді. Левшин сөзінше кіші жүздегі рулар ең басты елі алшын, оған жеті ру деген елдерді атақты Тәуке хан қосқан. Бұл күнде кіші жүз үш ру: әлімұлы, байұлы, жетіру деген. Әлімұлы алты ру: қарасақал, қара кесек, қытай, төртқара, шөмекей, шекті. Байұлы он екі ру: адай, жаппас, алаша, байбақты, масқар, беріш, таздар, есентемір, чаркес, тана, қызылгұрт, шайығлар. Жеті рулар: табын, тама, кердері, кереит, жағалбайлы, тілеу, рамадан. Бұлардың ішінде орта жүз арғыннан аталар бар екенін білерсіз және кіші жүз ішінде біздің тоқал арғын деп алатұғын саржетім — шақшақтың нәсілі бар екені анық, бірақ жоғарғы аталардың ішінде анық аты ұқсағаны жоқ, олай да болса, шекті дегені шақшақ бола ма деп ойлаймын, яки арғын болған соң қоспаған ба? Және бұл кіші жүзден әр руынан бөлініп, 1801 жылы Бөкей ханға еріп, Орал суынан ары өтіп, көшкен. Бөкей хан елі атанғандар: әлімұлынан қытай деген, байұлынан беріш, шеркеш, адай, жаппас, масқар, ысық, есентемір, байбақты, алаша, тана, таздар. Жеті рудан тама, табын, кердері және төре, яғни хан нәсілінен он алты ру ел, оның ішінде қожалар: ноғай, төлеңгіт деген, бұл қожа мен төлеңгіт ханға жиылғандар, ноғай бұрын торғауытқа қарап, торғауыт кеткенде өз орнында қалған ноғайлар. Кіші жүз қазағының ертегі сықылды сөзі: Алаша хан деген хан тұсында Алапес бала туса, далаға апарып тастапты, бір күні өзінің де бір қатыны алапес бала тапқан соң, оны да шешесінің қасына қырық қыз қосып, апарып тастап, қырғыздар сонан тарапты. Алшын сол нәсілден дейді, мұнысы өтірік. Бұрынғы кезде Алақшын деген ел болған, қытайша Пома дейді. Енисейде жүрген қырғызбен нәсілдес, алшын сонан шыққан болар.

ОРТА ЖҮЗ

1220 жыл шамасында бұрынғы қырғыз жерінің, яғни Сарыарқаның күншығысыменен оң тұс арасында арғын, найман, керей деген елдер араласып, көшіп жүрді. Онан кейінгі кезде өз Тәуке хан тұсында ол жақты қалмақ жеңіп алып, қазақ ауғанда және араласып кетті. Және 1723

жылы қалмақтан жеңіліп ақтабан шұбырынды да тіпті былығып араласты. Онан соң керей мен найман қайта келіп қытай жеріне шейін кіргенде және араласты.

Осы күнде орта жүз қазақтары Лепсі, Қапал уездерінде олар Жетісу облысында және Семей, Ақмола облыстарында түгел бар және Сырдария, Торғай облыстарында бір бөлек бар және Қытайға қараған қызай, байжігіттер бар. Орысқа қарағанның ең күншығыс жақ шетінде керейдің көбі бар, мұнан соң орта жүздің әр руларын өз алдына бөліп жазамын.

ҚАҢЛЫ

Қаңлы деген арбалы деген сөз, ұйғыр ішінен қаңлы атанған, бұлар бұрын бек көп ел болған, Стамболдағы Осман түрікте қаңлы нәсілінен. Бұлар да әр түрік нәсілінің ішінде бар. Біздің орта жүзде әр жерде аз ғана бар, кейінгі аталарын білмеймін.

ҚЫПШАҚ

Бұл қаңлыдан бөлініп елсіз бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған. Мағынасы — бос, шөл, елсіз деген сөз. Шыңғыс ханнан көп бұрын Еділ-Жайық маңына барып, бір патшалы жұрт болып тұрғанда, Жошы хан алып қаратқан. Солардың атыменен ол жақ Дәшті қыпшақ атанған. Қыпшақ рулардан араб жазушылары — Әмір Руканаддин деген былайша тоқсаба, сита, боржоғлы, анжоғлы, дөртқара, барұғли, жузған, қотан, борлы, қанғоли, орта жүзде әр жерде аз ғана қыпшақ бар болса да, қай руынан екенін білмеймін, қыпшақтың азайған себебі әр түрлі түрік халқына қосылып кеткендіктен, көбі ноғай менен өзбек болып кеткен.

ҚОҢЫРАТ

Қоңырат басында орта жүзде болған, онан соң ұлы жүзге барған. Рашид ад-дин менен Әбілғазы хан сөзінше қоңырат оғузхан нәсілінен дүрлігін деген таптың Жорлуқ мергеннің баласы. Қоңырат деген кісінің нәсілінен Радловтың сөзінше һәм қазақтың ескі сөзінше Қоңырат екі атаның баласы. Көк — Көтенші деген. Левшиннің сөзінше рулары: байлар, жаншар, оразгелді, құлшығаш, божбан, тоқболат, жаманбай, қаракөсе, жетім, сансыз, көпеш. Менің ойымша, осы жетім дегендер тоқал арғын сұмдықтың

Саржетім деген баласының нәсілі белар екен себебі Саржетім Шақшақтың Шықшағы кіші жүзде бар, жетім дегені жоқ, қытай жазушысы Юаншауяңши сөзінше, бұрынғы заманда өңкерлер, яғни Халқа өзенінің Байбон көліне күйганында жүрді. Бұлардың да көбі өзбекке қосылып өзбек атанды.

ҚАРА ҚЫРҒЫЗ

Орта жүзде аз ғана қырғыз бар. Әр жерде, олар тұтқыннан келгендер, қырғыз тіпті ескі ел, қырғыз деген де қазақ деген сықылды кезбе, тағы деген ел Қырғыздар Ғайса пайғамбардан бұрынғы 300 жылда Таныуола менен Алатау арасында жүрген. Шыңғысхан тұсында қырғыз ханы — Арыс Айнал деген еді. Айнал деп ханы атаушы еді, аты Арыс еді. Шыңғыс хан маған қарасын деп Бөре һәм Турамыш дегенді елші қылып жіберіп, қырғыз ханы қарадым деп бір ақ сұңқар күс бастатып қанша сый жіберіпті. Әбілғазы хан сөзінше, қырғыз Оғулаанның бір немересі еді, қырғыз соның нәсілі дейді. Осы күнде қырғыздың көбі ескі орны Алатаудың күнбатыс тұмсығына жақын Сын тас асуынан Памирдің таулы жотасында. Олар оң — сол деп екі бөлек. Рулары: бұғұ, сарбағыс, солты, шерік, бағыш, саяк. Бұл алтауы Оңның Сағай дегеннің нәсілі және Адгене дегенінен адгене, мұңғұш, ішікілік; мұның соңғы екеуі біздің қыпшақ, арғын, найманнан қырғыз болғандар. Бергі заманда қазақ атанғаны болмаса, біздің қазақта қырғыз нәсілінен.

КЕРЕЙ

Керей деген сөздің неден шыққаны туралы шежіре жазушылар әр түрлі сөз айтады. Рашид-ад-дин, Әбілғазы хан һәм Нәжиб Ғасымбек, Керей деген кара деген сөз. Бір ұйғырдың жеті баласы бәрі кара болған соң, оларды мағол тілінше керейт дейді, яғни қаралар дегені, дейді. Профессор Березин деген кісі керей манжорияның қари деген халықтан шыққан шығар дейді. Аристов Саян тауының Темір казық тұмсығындағы Уде өзенінің бір айрығы керей деген өзен атыменен болса керек деп ойлайды. Мен басқа қаралар деген сөзді дұрыс білемін.

Біздің орта жүздегі керейлер сол керейт нәсілінен Ашамайлы деген кісінің Сибан, Қараби деген екі баласының нәсілі және Қарабидің бір қызын алып қолында тұрып қалған Абақ деген кісінің нәсілі; ол Абақтың түбі Сары

үйсін, оның тұқымы он екі ру абақ керей атанып кетті. Сол Сары үйсін Абақтың он екі баласы: жаптекей, жәдік, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, ителі, итемген, молқы, меркіт, сарбас, қарақас, көнсадақ. Бұл көнсадақты Аристов Чимойын деп жазғаты, сол тұрыс болар.

Жер жүзіндегі түрік нәсілді жұртың көбінің ішінде керей бар. Шыңғыс хан кезінде керей ханы Уан хан деген еді, шын аты Тоғрул, елін Шыңғыс алып, өзі қашып жүргенде найман, Сомажи, Танеке деген бектер ұстап басын кесіп, найманның Тянханына алып барғанда, кәрі кісіні өлтірмей-ақ тірі алып келсең нетті деп, басына күміс қаптатып тағына қойды, бұл орта жүздегі керейлер. керейттің бір ғана ашамайлының екі баласы Сибан, Қараби дегеннің нәсілі һәм Қарабидің қызын алған сарыүйсін Абақтың нәсілі:

НАЙМАН

Найман деген сөз туралы да әр түрлі сөз бар. Профессор Березин найман деген сөз мағол тілінше сегіз деген сөз, сегіз ру ел болғандықтан айтылған дейді. Аристов найман деген Катуні өзенінің бір айрығы еді, сол өзен атыменен қойылған дейді. Ескі заманда найман көп ел болған, Шыңғыс хан тұсында Таң, Бұйрық деген ағайынды екі хан билеп екі бөлініп тұрды. Шыңғыс екі ханды да өлтіріп, елін шапқанда, найманның бір бөлегі күнбатысқа қашып барып, осы күнгі мағол ішінде мағол болып қалған наймандар соның нәсілі. Бұл найманның да көбі жер жүзіндегі түрік нәсілдерінде бар. Орта жүздегі найман біздің қазақтың ескі сөзінше Софы мырза дегеннің нәсілі. Оны Баба мырза деген інісі өлтіргенде, Софы мырзаның тоқалының жалғыз баласы Өкреш қазақ ішіне көшіпті. Осы сөз Әбілғазы ханның сөзіне тура келеді. Себебі Әбілғазының әкесі араб Мұхамед ханды өлтіріп, орнына хан қоямын деп Софы мырза Самарқандтан Хысырау деген хан нәсілді біреуді алып келгенде, араб Махмұд біліп Хысырауды өлтіріп, Софы мырзаны өзіне нөкер болып тұрған Софының інісі Баба мырзаға бергенде, мен ханға дұшпан кісіні аға қылмаймын деп өз ағасын өзі өлтірді деп жазады. Орта жүздегі найманның бергі аталары туралы жазылған Спасский, Аристов, Маевский деген орыс жазушыларының сөзінде шатақ қаталары көрінді. Біздің білуімізше, орта жүздегі найман атасы — Софы мырза, оның Өкреш, оның үш баласы: Домбауыл, Сүгірше, Саржомарт. Домбауыл тұқымы жылқысына теріс жағынан таңба басып

терістанбалы атанды. Сүгіршенің баласы — Қытай, оның баласы — Төлегетай, оның төрт баласы — Қаракерей, Матай, Садыр, Тортуыл. Қаракерейдің екі баласы — Байторы, Ерторы, Байторының баласы — Байыс және асырап алған Ақнайман. Ерторының баласы — Байсыық және асырап алған Қарамолда, Байыстың бәйбішеден төрт баласы — Мәмбетқұл, Сыбанқұл, Ахмедқұл, Сары. Мәмбетқұл жас күнінде өкпешіл болып, қыржиып отыра бергеннен Қыржый атанды. Сыбанқұл Сыбан атанып, Ахмедқұл Ақымбет атанды. Байыстың тоқалынан екі баласы — Тума, Тоқбақ және тоқал асырап екі бала, Бошатчы, Байғана. Және Байыстың Мақта апай деген бір қызы Тоқтар деген сартқа тиіп, Ержігіт, Байжігіт деген екі бала тауып, Ержігіт сартпен еріп Түркістанға кетіп, Байжігіт мұнда қалған. Жоғарыдағы Сарының қатынының аты Мұрын екен, Сарының нәсілі сол шешелерінің атымен Мұрын атанды; жоғарғы Байсыықтың төрт баласы Жанғұлы, Меңлібай, Төбет, Ақбелбеу. Бұл төртеуіменен асыранды Қарамолда нәсілі Семіз найман атанды. Жоғарғы Матайдың үш баласы: Аталық, Кенже, Қаптағай Аталықтың қатыны Қызай дегеннің атымен тұқымы Қызай атанды. Жоғарғы Сарыжомарттың бәйбішеден Қаратай және тоқалдың төрт баласы: Бұйдалы, Жансары, Баржақсы, Шайгөз. Бұл төртеуі нағашысы Уақ ішіне кетіп, күні бүгін ергенекті уақ атанып кетті. Оның себебі Саржомарттың нәсілі Ергенек таңба салып, ергенекті найман атанып еді. Сол себептен бұлар Ергенекті атанды. Бірақ халықтың көбі оларды уақ деп кетті. Саржомарттың және асыранды баласы Бура және шешесіне еріп келген күнінен туған Балталы, Бағаналы және бір құлы Көкжарлы.

УАҚ

Уақ деген ел ескі шежірелерде жоқ, Абылай хан заманында ғана айтылады. Орыс жазушылары керсіден шыққан ел болса керек дейді. Себебі орыс әскері алғаш жолыққанда керей, уақ аралас екен және таңбасы да — керейдің креш таңбасы, Балкашин деген кісі Уақ атасы — Еркөкше, ол Айдарханның баласы, ол Қамбархан нәсілінен дейді. Бұл сөз қазақтың дәлелсіз сөзі сықылды көрінеді. Левшин менен Балкашин уақтың Сарбағыс деген табы — 1750 жылдан асқан кезде Абылай хан қара қырғызды шауып алып келген тұтқындарының нәсілі дейді. Менің ойымша уақ деген ұсақ ел деген сөзден арғын, найман, керей ішінде ұсақ ата жиылған болар.

Біздің білгеніміз, мұндағы уақ аталары: Сарман, Шұға. Сарманның екі баласы: Қарагөз, Көкшегөз; Шұғаның бес баласы: Сарбаян, яки Сарбағыс, Сарша, Байымбет, Мұрат, Сіргелі.

Және бір сөз Аристов сөзінше Мауренаһардегі өзбек ішіндегі найман атанған үш ру бар: садырбек, қостамғалы, уақтамғалы. Солар қазақпын, қоңыратпын найманнан бөлінген дейді, сол уақтамғалы уақ болуға мүмкін.

ТӨЛЕНГІТ

Төлеңгіт деген елдің нәсілі Алтайдағы Төлет көліндегі Алтайский горный қалмақ, яғни Алтайдағы тау қалмағы деп орыстардың айтатұғын қалмақ нәсілінен. Біздің қазақ бұл орта жүздегі төлеңгіт деген елді арғындардың атасы Дайырғожаның құлы дейді. Ол сөз рас болса, қалмақты қазақ шапқанда тұтқын болған төлеңгіт қалмақ болады. Әбілғазы хан сөзіне қарағанда, ойрат атанған қалмақтан және хан төлеңгіті деген бір сөз бар, ол нағыз төлеңгіт емес, ханға жиылғандар деген сөз.

ТАРАҚТЫ

Орта жүз арғын ішінде тарақты деген ел бар, оның нәсілі кім екенін ешкім анықтап білмейді. Қазақ ішінде тарақты арғынның нөқта ағасы деген бір сөз бар, соған қарағанда тарақ таңбалы болып арғыннан бөлінген бір тап болса керек, тарақты он екі ру: бәйбішеден төртеуі: Әлі, Сары, Қыдыр, Жаши және бір қатынынан: Алеуке, Көгедай, Апай, Тоқтағұл, ең кіші қатынынан: Бөгеші, Бұлдырық, Айти, Қосанак.

АРҒЫН

Арғын деген не себептен аталғаны туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтады. Соның ішінде қисындысы түрік орхонский надпистағы ұлығ Ерген деген сөз сықылды көрінеді. Бұрынғы заманда осы ұлығ Ерген деген тап мағол жұртының күншығысында жүрген оны қытайлар баягу депті. Себебі қытайда «ра» әрпі жоқ, және сөздің аяғындағы әріпті тастап айтатұғын әдеттері бар, Баягудың ортасына «ра» қосып, ақырына «нун» әрпін қосса, Байергун болады. Байергун нәм улұғ Ергун екеуі де ұлұғ арғын дегенге келеді, бұлай болғанда біздің арғын түріктің қытайша ху-ху бізше ұйғыр атанғанынан қытайша гауу-гуй,

бізше қанды, яғни арбаты а атанған табынан болса керек. Байергун деген табынанбыз.

Бергірек заманда шежіреде арғынның атасы арғын Шыңғыс ханның үлкен баласы Жәшіммен оған қарап Шағатайға ел бөліп бергенде, солардың қол астында арғын деген аталады. Арғын деген арғындар деп аталады. Әмір Темір хан заманында және арғын аталмай, оны Шыңғыс тауы менен Тарбағатайда жүргені анық. Шыңғыс ханның өз тұсында арғын аты неге аталмаған деген сөз туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтады да, ақырында арғын Шыңғыс ханға соғыспай қараған шығар дейді. Менің ойымша, ол кезде арғындар найман ханына қарайды. Себебі Аристов сөзінде бұрын қара қытайдың алғашқы хан Амбахан тұсында Байергун, яғни арғын айтылады да, найман жоқ. Және Аристов айтады бұрын байерген яғни арғын күшті еді, Шыңғыс тұсында найман күшті болып, екі ханға қарап тұрды. Керейлер өз елдеріне бір ханға қарап тұрған еді дейді. Және Шыңғыстың баласы Шағатай қол астындағы елді айтқанда, арғын наймандарменен Еміл, Қаратап, Нұра өзенінде жүрді дейді. Осы сөздерден мағлұм болды, бір кезде арғын күшті болып, найман оған қарап, бір кезде найман күшті болып арғын оған қарағандығы.

Және менің ойымша, біздің осы орта жүздегі арғынның атасы Әбілғазы ханның шежіресінде айтылатұғын Ойрат арғын аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау: Шыңғыс ханның кенже баласы Толу үлкен хақан болған кезде, ойрат атанған елден Арғын аға деген кісіні Хорасан деген жерге хан қойған, сол мұсылманша 440 жылы, орысша 1262 жылы еді. Он жылдан соң Арғын аға елген соң, Толудың баласы Мәңгу хақан Арғын ағаның орнына өз інісі Бөләку, яғни қазақша Әлеке ханды жіберген. Бұл Арғын аға ойрат табынан дейтұғыны бұрынырақ мағолдар, ұйғыр, татарларды жеңіп қуғанда жерін қимай отырып қалғандар, қалмақ ойрат атанғандықтан Арғын аға сондағы қалмақ атанып, қалған елдің ішіндегі Байергун яки үлгісін атаған арғыннан болса керек. Бұл сөзді Әбілғазы кітабынан сөз көшіріп алған орыс жазушылары байқамай кеткен болса керек деп ойлаймын. Жердің жүзіндегі әр түрлі түрік нәсілді елдерде жүрген арғын, арғын атанғандар арғы арғын халқынан болса да, дәл осы орта жүз ішіндегі арғындар осы арғын ағаның нәсілі болар. Себебі Арғын аға деген аты да дәл келеді, және біздің үлкен атамыз Құнанбай хажы мархұм Арғын аға хан болған кісі екен деуші еді.

Арғын ағамы ресілінен Құдан, оның баласы Байғожа, тегісі Ақжол, оның бәйбішесінен Қарқо тоқалданған есімдік, мұның екі баласы: Саржетім, Шаршақ. Оның нәсілі кіші жүзде тоқал арғын атанды. Қарама, оның бәйбішесінен баласы — Мейрам және Момын және тоқалданған үш баласы — Қара соғы, Кеніс соғы, Басентіні. Мейрамның бәйбішеден төрт баласы: Қуандық, Сүйіндік, Бегіндік, Көгіндік. Мейрамның тоқалынан — Болат, Қуандықтың төрт баласы — Алтай, Қарлық, Темеш, Бөруші, Сүйіндіктің нағыз үш баласы — Жамбылды, Құлбошды, Орманшы және асыранды баласы Қаржас. Осы төртеуінің нәсілі тәртауыл атанды. Бегендіктің баласы — Қозған, Кегендіктің баласы — Қақсал, Болаттың нағыз екі баласы — Майқы, оған және асыранды екі баласы — Жалықбас, Қамбар, осы төртеуінің нәсілі қарақосса атанды. Жоғарғы Қарақожаның Момын деген тоқалдан туған Қарасопының екі баласы — Атығай — Қарауыл, Басентінінің үш баласы: Айти, Байымбет, Жанғай, Кенже сопытың екі баласы: Қанжығалы, Тауфиқты, осы жетері үлкен шешелерінің атыменен жеті Момын атанды. Тауфиқтының тілі келмей Тобықты десті. Бұл Тобықтының екі баласы Ерсеік, Дәулетік. Бұл Дәулетік бір аста жуан таяқ ұстап ошақ басын қорығаннан Жуантаяқ атанған, нәсілі де сол атпен атанды. Ол Дәулетіктің үш баласы — Байғара, Жиен шора. Бұл Жиен шора оқымысты кісі болған соң, Хафиз дейміз деп тілі келмей Абыз атанды. Байғараның екі баласы: Арқар, Бөкен, Байшораның баласы — Шағырбуға. Оның үш баласы: Құдайқұлы, Қожағұл, Андағұл. Андағұлдың қыпшақ қызы қатынынан туған баласы Батбанақ, оның баласы — Қарабатыр. Жоғарғы Абыз атанған Жиеншораның төрт баласы: Абдал, Жұмұқ, Еле, Шаршақ. Абдалдың баласы — Ескене. Жұмұқтың екі баласы: Нарымбет, Жиенбет. Ескененің үш баласы: Өтеғұл, Бердібай, Өтебай. Өтеғұлдың екі баласы: Төлебай, Көрпе. Жиенбектің екі баласы: Құлсары, Тоқсан. Төлебайдың бес баласы — Қожакеді, Қара, Қожамбет, Жанқожа, Айтқожа. Құлсарының екі баласы — Хұдайсүгір, Берсүгір. Тоқсанның екі баласы — Жәнібек, Тоғызақ.

Жоғарғы Тобықтының үлкен баласы Расыптектің үш баласы: Мұсабай, Көкше, Дадан, және Мұсабайдың үйсінге берген қызынан туған жиені — Қолұқ, және жоғарғы Жуан таяқ атанған Дәулеттік осы бесеуін бес атаның ұлы Тобықты Бесжан Мұсабай дейді. Көкшенің екі баласы:

Топыш, Томан. Топыштың екі баласы: Бәши, Шобан. Томанның екі баласы — Қаракөшек, Балтай. Шобанның алты баласы: Надир, Бәрит, Әлім, Жасыбай, Қарабақан, Турабай.

Даданның үш баласы: Есенбақты, Дәулетбақты, Ақсақ. Есенбақтының екі баласы: Манас, Танас. Манастың үш баласы: Базарқұл, Кенжебарак, Тоқал. Дәулетбақтының екі баласы: Ебескі, Қалдау. Бұл Дадан Тобықты Қарқаралы Үезінде екі болыс ел, өзге тобықты Семейпалат уезінде бес болыс ел.

Жоғарғы Мұсабай бидің екі баласы: Тұлұңқожа, Сүйірбас. Бұл Тұлұңқожаны арғынның бір жақсы кісісі міне бір жаман тобықты дегендіктен, өзі де, тұқымы да жаман тобықты атанды. Сол Тұлұңқожаның екі баласы: Биянай, Шегір. Биянайдың екі баласы: Есбентай, Елібай. Есбентайдың баласы: Текебай, Елібайдың баласы — Мұғал, Мұғалдың баласы — Жекең, мұның төрт баласы — Наз, Нүрке, Бірке, Ожар. Жоғарғы Шегірдің баласы — Байбол және Шегірдің қыпшаққа берген қызынан туған жиені — Жүзбейнет. Байболдың баласы — Бораншы, оның төрт баласы: — Есболат, Алмамбет, Айғана, Абыл және асыранды баласы — Есім, Есболаттың асырап алған баласы — Қайпберді, оның төрт баласы — Қошқар, Сеңгір, Бегей, Текзан. Алмамбеттің екі баласы Кәдір, Түпек. Айғананың екі баласы — Игілік, Ораз.

Жоғарғы Мұсабай бидің бір баласы Сүйірбастың үш баласы: Әлі, Сары, Қожаберген. Әлінің екі баласы: Орыс, Қаржау. Сарының бәйбішесінен екі баласы: Мәмбетбай, Үмбетай және Тұрсынханның қызы Қоңырбикеден туған екі баласы — Мәмбетсопы, Кішік. Мұны тілі келмей Күшік дейді. Қожабергеннің екі баласы Бекбембет, Жапал. Мәмбетайдың үш баласы: Тәңірберді, Тасболат, Байғазы. Тәңірбердінің бәйбішесінен — Базар, Сағындық, бір қатынынан — Шақар, ең кіші қатынынан — Тосбай, Төлек.

Жоғарғы Мәмбет сопының екі баласы: Жұмағұлдың және Қаржан. Жұмағұлдың алты баласы: Мамай, Мырза, Баян, Қаржан, Ерсабай, Манай. Тобықтыны Ордың қара ағашынан осы жерге шейін бастап келген осы Мамай батыр еді.

Жоғарғы Кішіктің бәйбішесінен екі баласы: Саңмұрын, Байымбет, тоқалынан екі баласы — Әнет, Әйтек. Әнетбаба атанып, Жеті жарғы деген бидің бірі болған және Сырдан ауғанда ақтабан шұбырындыда 97 жасында жүре алмай қалған осы Әнетбаба еді. Саңмұрынның үш баласы: Байғара, Құлғара, Атығай. Байқараның үш баласы: Қонысбай, Кенбай, Аршабай. Құлғараның баласы Жанбай, Аты-

ғайдың баласы: Бұғыбай. Оның екі баласы: Байтөбет, Соқыр. Жоғарғы Байымбеттің баласы — Танатар, оның үш баласы: Сақ, Тоғалақ, Сақұлы. Сақтың бес баласы: Әлімбет, Жолымбет, Есенгелді, Жарқын, Сазан және қызынан туған керей жиені — Шәкі. Тоғалақтың алты баласы: Есенаман, Еңсе, Балта, Төйте, Қойгелді, Тасоймас. Асырандысы — Серкебай, Үсен, Үсеннің баласы — Бұлақбай.

Жоғарғы Әнетбабаның бәйбішесінің бес баласы Ақтабан шұбырынды болатұғында қалмақтың оғынан өліпті. Соның өзгесінен ол жақта нәсіл қалғаны мәлім емес. Мұнда сол бәйбіше баласы — Байболат дегеннің Балуан, Бақай деген екі баласы бесікте келген екен, соның Балуаннан тұқымы жоқ. Бақайдың үш баласы: Құрманбай, Жарылғап, Тоққожа. Құрманбайдың баласы: Байымбет, оның баласы — Тулақбай, Жарылғаптың екі баласы — Шағырбай, Сасықбай. Сасықбайдың екі баласы — Отыншы, Керейбай, Шағырбайдың екі баласы — Қарабас, Жортубай, Тоққожаның баласы — Көбеген, оның баласы — Дүйсенбай осында. Өзгесі түгел Белағаш елінде. Әнетбабаның бір қатынынан Жаубасар, оның екі баласы: — Отағұл, Маң. Отағұлдың үш баласы: Жұрынбай Тоқбан, Сыдық. Маңның екі баласы: Ақбай, Тұяқ және Әнетбабаның кіші қатынынан Есболат, Шақа. Есболаттың екі баласы: Байгел, Шабан, Шақанның үш баласы: Айтуар, Тауке, Бостан.

Жоғарғы Айтектің бәйбішесінен — Олжай, тоқалдан — Байбөрі, Қалқаман. Бұл Қалқаман Мәмбетайлардың бір Мамыр деген қызды алып қашып, сол тақырыпты садақпен атуға бұйрылып, садақ қара санына тиіп, өлмей қалып, Әнетбабаға өкпелеп Бұхара маңындағы елге барыпты, тұқымы бар деп есітеміз. Мұнымен Туысқан Байбөрі, Бөкен атанып, оның нәсілі мұнда жүз үйдей бар. Байбөрінің төрт баласы: Шотқара, Досақ, Өтеген, Байдаулет. Шотқараның үш баласы: Байсары, Маңғыт, Байша және жиендері — Тәтібай, Жанабай, Асыранды, Жамбы. Досақтың екі баласы: Тәтіш, Сандық. Өтегеннің екі баласы: Күнтуған, Сары және жиені Байғұтты. Байдаулеттің нағыз екі баласы: Бақтыбай, Тойғұлы, асыранды екеуі — Мұрасыл, Есенбек.

Жоғарғы Олжайдың үш баласы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Қайдостың баласы Бөкенші, Борсақ. Бөкеншінің алты баласы — Байкөбек, Жанкөбек, Жанқабыл, Жанақ, Тұмарбай, Қуандық. Борсақтың бес баласы: Егізбай, Сегізбай, Жазыбай, Қазыбай, Алма. Жігітектің бәйбішесінен — Кеңгірбай би, Сеңбай, Қабекен атанған Кеңгірбай еді. Жігітектің тоқалдарынан — Түлкібай, Қарсақбай, Күзен-

бай, Жолымбет. Жоғарғы Айдостың төрт баласы: Ырғызбай, Торғай, Топай, Көгібак. Торғайдың бәйбішесінен — Жабағы, Құлыншак, бір қатынынан — Меңдібай және бір қатынынан Серік, асырандылары: Құттығұл, Самылтыр, Топайдың балалары Бүркүт, Жанболат, Бекболат, Бектас, Жантас, Бабын, Тасболат. Бұл Тасболат Нәшен атанды. Және Қуат Көгібақтың бір қатынынан Әйтей, Қодас, бір қатынынан Шағанбай, Әуек, Үрпек, бір қатынынан Боранбай және кіші қатынынан Тоқсанбай, Сексенбай, Алпысбай және жиені — Қуат.

Жоғарғы Ырғызбай біздің 4—атамыз һәм Абылай ханмен жолдас болған кісі. Оның төрт баласы — Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар. Жоғарғы Кеңгірбай бидің орнына Өскенбай би болған, оның бәйбішесінен біздің үлкен атамыз Құнанбай қажы марқұм жалғыз. Оның үлкен қатынынан менің әкем Құдайберді марқұм жалғыз еді.

Ол кісі 1866 барыс жылы 37 жасында апрель айында дүниеден өтіп, мен 8 жасымда жетім қалдым.

Шежіре түрікті жазған Әбілғазы ханнан бізге қалған бір мирас, шежіре жазғанда өзімізді мақтап аз сөз жазбақ еді. Бірақ менің өзімді мақтарлық лайық ісім жоқ болған соң, ұлы атамыз Құнанбай қажы марқұм жайынан аз сөз жазамын.

Қажы марқұм бұл елдің бек надан кезінде туып шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбай биге әр жақтау келген хаттарды оңашаға алып барып, бірін-біріне салыстырып өзінен-өзі оқып, түркі кітапты оқитұғын болыпты. Және ноғай молдаларды сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, молда мен балаларды сонда сақтап оқытып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып хат танытқан сол қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің күзеу қорамыз Ескі там деген жер сол бала оқытқан тамның орны еді.

Қажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да, намаз оқушы еді. Насыбай харам деп бір молда айтқан соң, насыбай атқандардың мұрнына тотыяйын құямын деп насыбайшыларды тиып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді. Осы күнгі Қарқаралыдағы мешіт сол кісінің салғызып құдайы қылған мешіті еді. Ондағы қазақтар ноғай молдаларымен талас шығарып, бұл қазақ мешіті, қазақтан молда имам қоямыз деп осы күнде наданырақ қазақ молда имам болып тұр деп естимін. Қазақ шын жігерді болса, балаларын оқытып, жақсы ғалым қылып, сонан соң имам қойсашы, қажының қойған ноғай молда Хасан марқұмның балалары бар. Қажы марқұм аға сұлтан помощник те болып еді.

бірақ ондағы мақсаты, жалғыз ғана дүние мақтаны үшін емес, қазаққа қадірлі болсам, не қорқытып, не сыйлатып шарифат жолына түсіндірермін деген ойы еді.

1874—жылы қажыға барғанында қазақ қажылары түсетұғын Мекеде бір тәкиә, яғни үй сатып алып, құдайы қылып еді. Осы күнде кіші тәкиә деп атайды. Кіші жүзден бір Сұлтан деген бек ғалым жігіт ие болып тұр. Басында қажы марқұмның қойған күтушісі Қанатбай сопы еді. Ол кісі өлген соң кемпір қатыны бір жиен қызын асырап тұрған кезде, осы Сұлтан кез болып, кемпір соған жиен қызын беріп, тәкиәге Сұлтанды ие қылыпты. Мен пақыр 1905 жылдан 1906 жылға қарай қажыға барғанда тәкиәні көрдім. Менен бұрын қажылар кіріп қалған екен. Оларды ренжітпей, пәтер алып түстім. Бірақ Сұлтан айтты: Бұл тәкиә осы күнде кіші жүз Досжан қажының атына жазулы екен, не себеп екенін білмедім деді. Соны 31 жыл бұрын ескі дәптердең қаратып білмекші болып, дәлелге барып, ертең шарифке барғалы тұрғанымда алланың тағдыры қатты науқасандым, жазылар-жазылмастан кіші дәлеліміз Ибраһим Малуани деген қапыла жүріп барады деп түнде хабар қылып жүріп кеттім. Қажы марқұм Тәкиәні: мен бастап алсам да кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді, сол себептен бе, яки құдайы қылғанда Досжан қажы атына қалдырған ба біле алмадым. Қажы марқұмнан кейін біздің таптан қажының туысқаны Жақып баласы Ақберді марқұм барып Мекеде өтіп еді, сол жолы құдай тағала нәсіп қылып, қабырына зиярат қылдым.

Марқұм қажының дін туралы қылған істерін түгел айтып, бұл кітапшаға сиғыза алмаспын, қазақ ішінде атын үш жүздің қазағы түгел білетұғын орны бар еді. Бірақ бұл күнде ертегі сөз сықылданып ұмытылған шығар.

Қажы марқұм әкесі Өскенбай би өткенде осы күнгі Камбарлар отырған Көкшетауда қазақ ғұрпыменен ас құдайы бергенде үш жүздің қазағын түгел шақырып еді, Ташкент, Бұхара төңірегіндегі ұлы жүз қазақтары да қажыға сый деп жетімдер, яғни құл алып келіп берген. Қажы марқұм 1885 жылы август айында 81 жасында — тауық жылы өтті.

Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлы атамыз қажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым.

Мұнан кейін әкеміздің бір шешесінен туған — Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, кәдірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хәкім философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті. 1904 жылы июнь айында 60 жасында өтті, алла тағала баршасының рухына рахмет қылсын.

Онан соңғы ұстазым — «Таржыман» газетінің иесі Исмағұл Гаспринский десем бек дұрыс, оның үшін сол кісінің газетін оқып бек көп пайдаландым. Алла тағала екі дүниеде мақсатына жеткізсін, амин.

ХАН ШЕЖІРЕСІ

Осы кітаптың басында Адам пайғамбардан Аланшы ханның екі баласы — Татар, Мағолға шейін айтылған еді. Енді сонан кейінгі хан нәсілдерін Әбілғазы ханның сөзіше айтамын: Шыңғыс ханнан бұрынғы аталар көңілге аса сенімді болмаса да, біздің мұсылман шежіресінде де осы Әбілғазы сөзінен анықтысы болмаса керек, себебі Әбілғазы хан он жеті шежіре кітабын салыстырып, әбден анықты дегенін алып жазған.

Татар ханның баласы Бұға хан, оның баласы — Илангы, оның баласы — Атлы хан, мұны Нәжиб Ғасымбек Илсани дейді. Оның баласы — Атсыз хан, мұны Ғасымбек Афсур дейді. Оның баласы — Орда, оның баласы — Байду, оның баласы — Сүйініш хан, мұның кезіне шейін Татар — Мағол тату еді, мұның кезінде жауласып шабысты.

Мағол ханның баласы — Қарахан, Өзхан, Көзхан, Көрхан дегендер, Мағолдың орнына Қарахан болды. Ұлы тау, Кіші тауды жайлап Қарақұрым, Сырдарияны қыстап жүрді. Қараханның баласы Оғуз хан Аланшы кезінде жұрт діннен шығып еді, осы Оғуз мұсылман болып, әркімді мұсылман қылғанын әкесі Қарахан естіп, баласыменен ұрысып, сол соғыста Қараханға оқ тиіп өліп, орнына Оғуз хан болды. Мұның хан болғанын мұсылманша шежіре кітапта да біздің пайғамбарлардан 3400 жыл бұрын дейді. Бұл Оғуз хан мықты хан болды, жер жүзінің талай жерін алған хан еді. Оғуз хан деген атақты хан болғанын барша шежіренің бәрі айтады. Қайсы біреулер жоғарғы Мөте, яки Мөте деген хан осы десе де, оның уақыты дұрыс келмейді.

Бұрынғы заманда Тоғыз Оғуз, Тоғыз Ұйғыр деп аталған халық соның нәсілі дейді. Мұның алты баласы — Айхан, Күнхан, Жұлдызхан, Таухан, Көкхан, Деңізхан. Бұлардың әрқайсысының бәйбішесінен төрт-төрттен баласы бар және тоқалдарынан да төрт-төрттен балалары бар дейді. Бәйбішеден балалары: Күнханның төрт баласы — Қали, Баят, Алқоұлы, Қаройлы. Айханның — Язир, Ябир, Дудурға, Докер. Жұлдызханның балалары — Ұшар, Қарнак, Меңлі, Қарқын. Көкханның балалары — Байындыр, Жауылдыр, Бежне, Жәбиә. Тауханның балалары — Салур, Емір, Алаюнтлы, Үркер. Деңізханның балалары — Елхан, Негіз, Ауа, Қанық. Енді тоқалдан туған балалары мынау: Кене, Көне, Торпақты, Кірейлы, Солтанлы, Оқлы, Көккі, Сожлы, Һарасанлы, Юртшы, Жамшы, Торымшы, Коми, Сорхи, Форшық, Қарашық, Сорашық, Қазғұрт, Текан, Лалә, Мәрдә, Шуй, Қырғыз, Сайыр.

Оғуз хан өлген соң, Күн хан болды, онан соң Айхан болды, онан соң Жұлдыз хан болды, оның орнына баласы Меңлі хан болды. Онан соң Деңіз хан болды, онан соң баласы Ел хан болды, Осының уақытында жоғарғы татар ханы Сүйінішпенен соғысып, Сүйініш хан жеңіп, мағолды қырып, қалғанын құлданып, мағол атын біржола жоғалтты. Сол соғыста қолға түскен Елханның баласы Қиян менен інісі Негіз тұтқыннан қашып, қалған мағол менен малдарын жиып алып, бір қиын таудың ішіндегі айналасы жартас, кең дараға барып тығылды. Ол дараның атын Ергенеқон қойды. Мағынасы тіп-тік жартас дегені. Себебі өздері келген жолдан басқа ешбір жолы жоқ айналасы жартас еді. Келген жолда бек қиын, жаяулап азар келіп еді, тайып кеткен мал быт-шыт болушы еді.

Төрт жүз елу жылдай сол дарада өсіп-өніп, онан соң сыймайтуғын болған соң, ақылдасып, бір еңсізірек жартасты отпен өртеп қиратып шықты. Өздері келген жолдың топырақты жерлерін су бұзып, көп жыл өткендіктен жол болмай қалып еді. Сол дарадан шыққан күнді Мағол жұрты қатты құрметтеп байлаудан босанған күн деп айт қылды. Бұл күнде Ергенеқон ішінде тұрған кездегі хан аталарын ешкім білмейді. Бірақ шыққандағы хандары Қиян нәсілінен Бөртешне деген кісі еді. Бұлар келіп татарды шауып, ата жұртын қайта алды. Сонда мағол болмаса да, әркіммен мағол едім деп қосылды. Бөртешненің орнына баласы Қоймарал хан болды. Оның баласы — Бежінқиян, оның баласы — Теміш, оның баласы Қышы мерген, оның баласы — Бөгенбүндүн, оның баласы Самсаушы, оның баласы Қалимажы, оның баласы — Теміртас, оның баласы —

Мендікожа, оның баласы — Жұлдыз, оның екі баласы бар еді, аттары мәлім емес, жасырақ өліп, бірінен бір ұл, бірінен бір қыз қалды, ұлдың аты — Дауын баян, қыздың аты — Аланғу еді. Жұлдызхан Дауынбаянға Аланғуды тигізіп, Жұлдыз өлген соң орнына Дауынбаян хан болды. (Менің жас күнімде Дауынбаянды өлең қылған бір ертегі болушы еді, соған қарағанда Дауынбаянның әкесі Алтынхан) Дауынбаян өлгенде Белгітай, Бекшітай деген екі баласы жас қалып, орнына Аланғудың өзін хан қойыпты. Аланғу байға тимей хан болып тұрғанда буаз болған соң, ел жұрты бұл қалай десе Аланғу — «аспаннан түнде бір жап-жарық нұр келеді де адам болып қойныма кіреді, сен кімсің дейін десем тілім сөзге, денем қимылдауға келмейді, сонан буаз болдым, нанбасаңдар күзетіп көріңдер деген соң, күзетсе, нұрдың келгенін, кеткенін көрген соң, нанады. Бұл сөз ақылға сиымсыз болса да, әйтеуір кімнен тапса да Аланғу сол нұрдан таптым деп үш бала тапты: Аттары: Буқон, Қанығын, Босқын Жалжы, Боданжармонақ.

Бұларды нұрдан туды, таза тұқым деп Боданжарды хан қойды. Осы кезге шейін қытайлар патшасын Аспан ұғлы деген сықылды сөздер осындайдан.

Боданжардан соң баласы Бұқа хан болды. Оның баласы Датумен хан, мұның сегіз баласы бар еді, Жетеуін жалайырмен соғысқанда өлтірді. Қалған үлкен баласы Қайду хан болды. Қайдудың үш баласы Байсұңқар, Шырқалыңқом, Жаушин, Шырғалыңқомның үш баласы — Морықдоқашына, Көндушіне, Өлекшенішіне. Морықдоқашынаның баласы — Мамықай, оның баласы — Қыдантайшы, оның баласы Арал, оның баласы — Барғытайқырылдақ. Шыңғысхан тұсында Тайжұт елін бөліп алып, Шыңғыспен соғысқан осы Барғытай еді. Жоғарғы Қайду хан өлгенде орнына баласы Байсұңқар хан болды, оның орнына баласы Түмен хан болды. Оның тоғыз баласы бар еді: Нотақын, Шақсы, Қажул, Қабул, Сымақожан, Баткелекей, Одирбаян, Болжардоғлан, Шынтай, Нотақынның екі баласы — Орут, Маңғыт, Тоқтамыс ханға нөкер болған Едіге осы Маңғыт руынан. Құтты Қабаби дегеннің баласы еді. Түмен ханның бұл тоғыз баласының ішінде Қажул менен Қабул егіз туып еді. Қабул Шыңғыс ханның арғы атасы, Қажул Әмір Темірдің арғы атасы осы Қажулдың баласы Ерімші Барлас дегеннің нәсілінен Самарқанд маңындағы Көреген суының бойында Кеш деген жұрттың бастығы Тарағай Барлас дегеннің баласы еді.

Енді Әмір Темірдің нәсілін осы жерде айтып кетейін. Әмір Темір алдыңғы айтылған Тарағай Барластың баласы

еді. 1335 жылы туған, Кеш деген шаһардың хақими болған. 1368-де біржолата үлкен хан болды. Басында Әмірхұсайын дегенменен бірігіп Шыңғыс нәсілінің Тоқлұқ Темір ханның баласын өлтіріп, оның артынан Әмірхұсайынның өзін өлтіріп Балыхты алды. Хорезм, Қашғар, бүгін Мауранаһарды алып және 1381-де Хорасандағы Мәлікқаясалдинді ұстап, Хорасанды алып, Санзуарыншабұрды алып, Сарабдаранда Хожағали Мауьидні қаратып алып, 1383-де Қандһар Мазандаранды алып, 1384-де Азербайжаннан Сұлтанахмәд Жалайырды қуып, Тәбриз, Нәхажуан, Қарс, Тфлисді алып, Шираздың хандығын Мұзаффар нәсілінен Шаһ Яхяға алып беріп, оған Дәшті қыпшаққа барып, Тоқтамыс ханды жеңіп, Сибирияның ішкі жағына шейін кірген және Россияның оңтүс жартысын алып, 1399-да Үндістанға соқтығып, Дели меңен Үндінің көбін алып, 1400-де Суаймс, Халеп, Шамды алып, Бағдатты шауып. 1401-де Стамболдың атақты Иылдырым Байазид деген ханын жеңіп, ұстап алды. Оны қоя берген соң, ақырында қытайды шабамын деп, екі жүз мың әскерменен бара жатып, жолда Отырар деген жерде 71 жасында 1404 жылы өлді. Өзі 36 жыл хан болды. Шешесі Шыңғыс нәсілінің қызы еді. Үндістанның хан қаласы Делиді алғанда, неше мың тұтқынды бір жерде қырғызды. Исфһанда 70 мың кісінің бас сүйегінен үй салғызды, жүрген жерін қанға бояған, әмірінде беті қайтпаған жан еді. Бірақ өзі ғалымдарды жақсы көріп, қайда ғалым болса, керекті кітап болса бәрін Самарқандқа жиюшы еді.

Әмір Темірдің төрт баласы бар еді. Үлкені — Жаһангер Ғаяситдин. Оның екі баласы: Пірмұхамед, Сұлтанмұхамед, Пірмұхамедтің баласы — Қайду, Сұлтанмұхамедтің баласы — Сағидуақас. Әмір Темірдің екінші баласы — Мағзиддин Ғұмаршайық, оның балалары — Пірмұхамед, Рүстем, Байқара, Мерахмед, Ескендір, Байқараның баласы — Мансұр мырза, оның баласы — Хұсайын Байқара, мұның он төрт баласы бар: Бадигәльзаман, Шаһғәрип, Мұзаффар, Абуалмұхсин, Мұхамедмұхсен, Абуәлтарап, Мұхамедхұсайын, Фаридхұсайын, Хайдар, Мұхамедмахсұм, Фаррахұсайын, Ибраһимхұсайын, Ибінхұсайын, Мұхамедқасым, Әмір Темірдің үшінші баласы: — Әмір иншаһ Жалалиддин. Оның балалары — Халел, Абубәкір, Ғұмар, Мырзамұхамед, бұл Мырзамұхамедтің баласы — Абусағид, оның балалары — Сұлтанахмед, Сұлтанмахмұт, Ғұмаршайых. Бұл Ғұмаршайыхтың баласы — атақты Бабыршаһ, лақап аты Заһриддин еді. Бұл 12 жасында хан болып, он бір жыл өзбекпен жауласқан. Хан болған 1494 жылы Үндістан,

ауған жақты алып, зор патша болды. 1531-де 49 жасында Шаһарбагда өлді. Бабыршаһтың төрт баласы бар еді. Мұхамедһамаюн, Қамиранмырза, Әскеримырза, Һаңдалмырза деген. Орнына Мұхамедһамаюн хан болып, оның баласы Әқбаршаһ болды. Бабырдың нәсілі 1807 жылға шейін хан болды. Онан Һадиршаһ алып, ақырында Үндістанды ағылшын алып, Әмір Темір хандығының нәсілі жоғалды. Әмір Темірдің төртінші баласы — Шаһрухмағаналидин, оның балалары — Ұлуқбек, Ибраһим, Байсұңқар, Саюрғәтміш, Мұхамеджөкей мырза, Ұлықбектің балалары — Ғабдуллатиф, Ғабдулғазиз, Ибраһимнің баласы — Абдолла, Байсұңқардың балалары — Сұлтанәхмед, Бабыр, Ғалаәдула. Сұлтанмұхамеддің баласы — Ядғармұхамед, Бабырдың баласы — Шаһмаһмұд.

Әмір Темір нәсілі көбінесе бірін-бірі өлтіріп, және түрікмен Қара Юсуфбенен Шайбақ хан елін алып, Шайбақты, Шаһисмағұл өлтірген соң, Бабыршаһ шығып, өзбекпен соқтықса да Ғабидханнан жеңіліп, бұл жақты ала алмай, Үндістанға ие болды. Сол себептен Бабыр нәсілі Үндістанды көпке шейін билеп тұрды.

Жоғарғы Әмір Темірдің арғы атасы Қажул менен егіз туған Қабул Түмен ханның орнына хан болды. Оның алты баласы: Бартан, Барғақ, Құтуқту, Қыдан, Құблай, Бодан қият, Қабулдың орнына Бартан хан болды. Оның төрт баласы — Есукей батыр, Мөңтай, Бөкен тайшы, Дарытай, Бартанның орнына Есукей батыр хан болды. Оның бес баласы — Темушин, Жочиқысар, Қажун, Белгуті, Едукей ханның орнына Темушин хан болды. Шыңғыс хан осы Темушин еді. Тамам татар-мағолды алған соң Темушин аты қалып Шыңғыс хан атанды. Едукей батырдың бес баласының нәсілінен моғолдар — Боржығын Қият дейді. Мағынасы — қызыл шегір, шапшаң, ыңғайлы деген сөз. Баяғы Аланғу нұрдан бала таптым дейтуғын нұр — кісінің көзі қызылшегір деген екен, сол барша тұқымында солай болыпты.

ШЫҢҒЫСХАН ШЕЖІРЕСІ

Шыңғыс хан 1154 жылы Доңыз жылы Моғол ішінде Блунилдық деген жерде туыпты. Туғанда бір қолы жұмулы болған соң, кіндігін кескен қатын ашып қараса, уысында қан бар екен, соны ақсақалдар есітіп, көп ел болып, зор хан болып, көп қан төгеді екен деп тәжірибе қылыпты. Ақырында сонысы дұрыс келді. Бұл Шыңғыс ханның алған жерін, қылған ісін, түгел айтуға бір үлкен кітап болады.

Бір шеті шығай, бір шеті араб, барша Азиядағы жұртты түгел алды, Еронаттың да бергі шетін алды. Осы Шыңғыс тауында хан көтеріліп, Хақан, яғни хандардың ханы атанып үлкен хан болғаны 1203 жылы болса керек. Парсы жағын алды, қайтарында Бұхарадан молда әкелдіріп, дін жайын сұрал, өзгенін бәріне дұрыс деп, қаж жайын сұрағанда жердің жұрты бәрі құдайдың үйі болса керек, өйткені бір ғана жерді құдайдың үйі демек дұрыс емес деп молдаларға осы беріп қайырды.

Шыңғыстың төрт баласы — Жошы, Шағатай, Үгедей, Тулы. Шыңғысхан тірі күнінде елді төртеуіне бөліп беріп, бөрінің үстінен Үгедейді хақан қойды. Сонда қырғыз, қазақ, сары, норай, берша татар аталары Жошы менен Шағатай қол астында болған.

Жошының үлкен баласы — Орда, оның лақап аты Ежен еді. Бұл қалмақ хандарының атасы болса керек, оның мәнісін білмеймін. Бірақ Еженнің бір баласы — Толу, оның баласы — Аяшы, оның баласы — Ғазан хан, Жошының екінші баласы — Батухан, лақап аты Сейби, 1227-де Шыңғыс тірі күнінде Жошының орнына хан болды. Мұның орыс жұртын қаратып алғаны 1243 жылы еді. Батудың төрт баласы: Мөңгөтемір, Сыртақ, Ұлақшы, Тоқан. Тоқанның баласы — Тодамөңге. Мөңгөтемірдің баласы Тоғрул, оның баласы атақты Өзбек хан өзі де мұсылман болып, халқын да мұсылман қылып, сонда Жошы ұлысы өзбек атанды.

Оның баласы — Жәнібек, бұл да жақсы хан болды. Мұның баласы — Бердібек хан болған соң, хандық өз тұқымыма қалсын деп, туыскан жақындарын өлтіріп, беріп, аяғында өзі де екі жылға толмай өлді. Бағу нәсілінің хандығы жоғалды. Сол себептен нар мойыны Бердібек те кесілді — деген мақал сол. Жошының үшінші баласы **Бөрге оғлан**, Шыңғыс нәсілінен де бұрын мұсылман болған осы еді. Береке хан атанып еді. Бірақ халқы мұсылман болмаған соң, Өзбекке шейін мұсылмандық жоғалып еді. Бұл Бөрге хан 1266 жылы өлді.

Жошының төртінші баласы — Тоқайтемір, біздің қазақ оңтүстік қол астында болған және Әбілмансұр Абылай ханның арғы атасы осы еді. Тоқайтемірдің төрт баласы — Мөңгөтемір, Тодамөңге, Урантемір, Өзтемір, Мөңгөтемірдің баласы Тоқтау, Өзтемірдің үш баласы — Қожа, Сарыжа, Абай. Қожаның баласы — Бадақұл, оның баласы — Арыс хан, оның екі баласы — Темірмәлік хан, Құйыршық хан, Темірмәліктің үш баласы — Бекболат, Темірқұтты, Шадибек. Темірқұттының екі баласы — Болат хан, Темір-

хан, бұл Темірдің лақап аты — Ұлұғмұхамедхач, біздің қазақ Ормамбет хан дейді. Бекболат, Шадибек һәм Темірқұттының нәсілі Ноғай хандары. Жоғарғы Кұйырлық ханның баласы — Барақ хан. Оның екі баласы Дәрвин һәм Абусағид хан. Әз Жәнібек хан аталған осы Абусағид еді. Қазақты ертіп алып Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан Әз Жәнібек осы еді. Мұның тоғыз баласы — Ібраһим, Махмұт, Қасым хан, Айтек, Жаныс, Қамбар, Тәтеш, Үсек, Жәдік. Осы айтылған Қасым хан — біздің қазаққа «Қасым ханның қасқа жолы» деген бітім жолын шығарған хан еді. Мұның баласы Сығай хан, екі баласы — Тәуекел хан, Ондан. Бұл Онданның баласы — Қайнар кішік, оның баласы Бөкей, оның баласы — Хұдайменде, оның баласы Тұрсын, оның баласы — Кіші барақ. Қырық сәні Барақ хан деген Аблайдан соңғы хан болған осы. Оның балалары — Сығай, Дайыр, Қанбаба, Бөкей хан, Маман, Қанғожа. Осы айтылған Бөкей ханның тоғыз баласы бар: Шыңғыс, Есім, Уали Тауке, Батыр, Сұлтанғазы, Әбілғазы, Көксал, Әбілмамбет. Осы айтылған Батырдың бір баласы Мырзатай, оның бір баласы — Нұрмұхамед, оның баласы — Алихан Бөкейханов.

Жоғарғы айтылған Сығай ханның бір баласы — Тәуекел хан, оның баласы — Есім хан, Қазақтың «еңсегей бойлы ер Есім» дегені осы хан еді, және Тұрсын Мұхамед ханды өлтіріп Қатағанды шапқан осы еді. Оның екі баласы — Сұлтанбет, Жаһангер хан. Сұлтанбеттің баласы — Орыс, оның баласы — Тәтен, оның баласы — Қанғожа, оның баласы Арғынғазы, жоғарғы Жаһангер ханды біздің қазақ салқам Жаңгір дейді. Оның екі баласының бірі — қалмақ ханның қызы қатынынан туған әз Тәуке хан және бірі Ғайып ханның қызынан туған — Уалибақи. Салқам Жәңгірдің орнына әз Тәуке хан болғанда Уалибақи өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға кетеді. Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген бітім жолды шығарған осы еді. Әз Тәукенің екі баласының бірі Әбілқайыр хан және бір баласы — Болат хан, оның екі баласы Сәмеке, Әбілмәмбет. Ақтабан шұбырындыда орта жүзге Сәмеке хан еді, Ұлы жүзде үлкен хан Әбілмәмбет еді. Кіші жүзде Әбілқайыр еді. Сәмекенің баласы — Хұдайменде, оның баласы — Қоңырқұлжа, Әбілмәмбет өзіміздің Әбілмансұрға Абылайға үлкен хандығын берген еді. Оның екі баласы — Болат, Әбілфайыз, Болаттың баласы — Сәтемір, оның баласы Құдайменде, оның баласы — Әкім төре, Әбілфайызды қазақ Әбулпейіз дейді. Оның екі баласы — Бопы, Жошы. Жоғарғы Уалибақидың баласы — қан

ішер Абылай, батырлығынан қан ішер атанған. Оның баласы Көркемуали, оның баласы өзіміздің хан Абылай. Шың аты Әбілмансұр; оның балалары: Тоқ, Қосұм, Арық, Әділ, Рүстем, Тоғым, Сөк, Абділдә, Шама Уәли, Шыңғыс, Қасым, бұл Қасымның балалары: Есенгелді, Саржан, Кенесары, текалдан — Наурызбай.

Жоғарғы Жошының Тоқайтемір деген баласының бір баласының аты — Өзтемір, соның баласы — Сарыжа, оның баласы — Көншік, оның екі баласы — Түлектемір, Тоққұлы қожа, Түлектемірдің баласы — Жебене, оның баласы — Хасен, оның баласы — Мұхамед, оның баласы — Хажыгерей, Қырым хандары осы Хажыгерей нәсілінен. Мұның сегіз баласы — Дәулетияр, Нұрдаулет, Хайдар, Құтлықзаман, Келдеш, Өзтемір, Ямғұршы, Меңлігерей, Хажыгерейден соң Меңлігерей хан болып, 1475 жылы Стамбол сұлтанына қарады. Мұнан соң көп уақыттан соң, Сақыпгерей болып, оның баласы Ғазыгерей болып және бір баласы Фатихгерей болып, оның баласы — Жәнібекгерей, оның баласы Мұхамедгерей, онан соң жоғарғы Ғазыгерейдің баласы Ғинаятгерей, онан соң оның баласы — Баһадиргерей, онан соң оның баласы — Мұхамедгерей, онан соң баласы — Мұрадгерей, онан соңғы баласы — Дәулетгерей, онан соңғы баласы Қаблангерей, оның баласы — Сәлімгерей, болған кезде, Россияның князі Долгорукийдің сөзіменен Қырым халқы бұзылған соң, Сәлімгерей Стамболға қашты. Сол жөлы орыспенен Османлы, яғни Стамбол падишасы бітімінде Қырым, Қобан, Бессарабияның сөз еркі өзінде болсын деді. Бұл бітім 1774 жылы еді. Онан соң Сахыпгерей деген хан болып, оның артынан жоғарғы Дәулетгерей бір азғана болып, онан соң Сахыпгерейдің баласы Шаңгерей болып князь Потемкиннің сөзіменен орысқа қарады. Қазынадан бек көп жалованиа алмақ болды. Бұл қарағаны 1783 жылы еді. Үш-төрт жылдан соң жалованиа да жоқ болды.

Жоғарғы Көншіктің бір баласы Тоққұлы қожа деп едік. Оның баласы — Тойғожа, оның баласы — атақты Тоқтамыс хан, мұның сегіз баласы — Жалалидин, Жапарберді, Көпек, Керімберді, Ескендір, Абусәғид, Көшек, Қадырберді, баяғы Тоқтамыс ханға нөкер болған Едіге би өлді дегенде, «Еділ қатса, кім өтпес, Едіге өлсе, кім кетпес» деген осы Қадырберді еді, осы сөз мақал болып қалды.

Жоғарғы Өзтемірдің үшінші баласы — Абай, оның баласы — Томған, оның баласы — Құтлұқ, оның баласы — Темірсұйтан, оның баласы — Мұхамед, оның баласы — Шуақ, оның баласы — Ярмұхамед, Нұрмұхамед. Нұрмұ-

хамедтің үш баласы: Абділғазиз, Хысырау, Сұбыхакқұлы, Абділғазиз Бұхараға хан болған. Әбілғазиз Баһадур хан уақытында Сұбыхакқұлы Балхта еді.

Жошының бесінші баласы — Шайбан, оның он екі баласы — Баһадур, Байнал, Қадақ, Бияқ, Шөкі, Марқас, Құртқа, Аяшы, Сайылған, Биянжар, Қошпа, Мажар, Ноғай хан атанған осы Баһадур болса керек. Оның екі баласы Жошы бұға, Құтлұғ бұға, Жошы бұғаның төрт баласы — Бадақұл, Бектемір, Нәқуар, Есбұға. Бадаққұлдың баласы — Мыңтемір, оның алты баласы — Елбас, Жөңте, Болат, Сүйініш, Төлке, Бекқонды. Болаттың екі баласы — Ибраһим, Арабшаһ, Ибраһимнің екі баласы — Хызыр, Дәулетшайых, Хызырдың баласы — Темір қожа, Дәулетшайыхтың баласы — Әбілқайыр хан. Қазақты алып өз Жәнібек хан өкпелеп кететұғын Әбілқайыр хан осы еді. Мұның екі баласы — Хожа Мұхамед, Шайбұғак. Шайбұғактың екі баласы — Махмұд, Мұхамедшаһбақыт, Шайбақ, Шибани хан дейтұғын осы Шайбахыт еді. Оралтебеде, Қасым ханға қараған тамам қазақ «өзбек өз ағам, сарт садағам» деп қосылғаны осы Шайбақ еді. Мұның туысқаны Махмұдтың баласы Абдолла хан, оның баласы — Абділғазиз.

Жоғарғы Ибраһимның туысқаны — Арабшаһтың баласы — Хажитолы, оның баласы — Теміршайых, оны қалмақ өлтіргенде іште қалған баласы Ядғар хан, мұның төрт баласы — Әбулөк, Әмен, Әбек, Бүрге, Бүргені Шайбақ өлтіргенде қатыны буаз қалып, оны жоғарғы айтылған Әбілқайырдың бір баласы Қожа Мұхамед алып еді. Сол қатынның Бүргеден буаз қалған баласы — Жәнібек тұды. Қожа Мұхамед оны өз балам деуші еді. Ашығы Бүргенің баласы. Бұрын Бүргеден екі бала қалып еді — Елбәрс, Белбарыс, Елбарыстың үш баласы — Сұлтанғазы, Мұхамедғазы, Шерғазы. Сұлтанғазының екі баласы — Гүмәргазы, Хысырауғазы, Найман атасы Софы мырзаның Араб Мұхамедті өлтіремін де орнына қоямын деп алып келгені осы Хысырау еді. Белбарыстың үш баласы: Хұсайын қажы, Құрбан қажы, Сұлтан қажы, Сұлтан қажының баласы: Хесан құл, оның екі баласы: Біләл, Салық және Араб Мұхамедтің орнына қоямын деп қазақтың Сапымырза дегені алып келгені осы Салық еді. Жоғарғы Бүргеханның ішінде қалған баласы Жәнібектің баласы Ескендір, оның баласы — Бұхарада хан болған атақты Абдолла, оның баласы Абдуломын.

Жоғарғы Әменнің алты баласы: — Сафиян, Божға, Уаныш, Қалқан, Ақатай, Ағанай, Сафиянның бес баласы — Жүсіп, Жүнісғали, Ағыш, Палуанқұл, Божханның

үш баласы — Еш, Дос, Борым, Ештің екі баласы — Шаһкұлы, Таһир, Уаныштың үш баласы — Дінмұхамед, Махмұд, Ғали. Дінмұхамедтің екі баласы — Бендемұхамед, Абілмұхамед, Бендемұхамедтің баласы — Тұрсынмұхамед, біздің арғы шешеміз Қоңырбике осының қызы Һәм Есімханның өлтіргені осы Тұрсын еді.

Абілмұхамедтің баласы: Жалел, Уаныштың Махмұд деген баласының алты баласы — Мұхамед, Әмин, Ғали, Мұхамедәмин, Араб, Ақбаба, Уаныштың Ғали деген баласының екі баласы — Ескендір, Санжар, Ақатайдың алты баласы — Хажымұхамед, Махмұд, Болат, Темір, Аллақұлы, Сұлаймен, Қажымұхамедтің екі баласы: Арабмұхамед, Сүйіншімұхамед. Арабмұхамедтің алты баласы: Аспандияр Хабаңсұлтан, Шарифмұхамед. Хоразм Шажазғанфғансұлтан, Әбілғазы, «Шежіре и түрік» деген шежіре кітапты жазған осы Әбілғазы Баһадүр хан еді.

Болаттың төрт баласы: Баба Хамза, Қоршы, Палуанкұл, Темірдің үш баласы: Мұхамед, Қадірберді, Әбілқайыр.

Жоғарыдағы Мынтемірдің баласы — Баккондының баласы Ғали, оның баласы Хажымұхамед, оның баласы — Махмұдік хан, оның екі баласы: Абақ, Мұртаза, Абақтың баласы — Тулуқ, оның баласы — Шамай сұлтан, оның баласы — Ораз, оның баласы — Баһадүр. Жоғарғы Мұртазаның баласы — Көшім хан, бұл Көшім қолынан Туранды өріс алып Көшім хан Маңғыт ішіне барып сонда өлді.

Жошының алтыншы баласы — Шымбай, оның нәсілін білмеймін. Жошының кенже баласы — Берікжар, оның баласы — Һинд, оның баласы — Тағашы, онан кейінгісін білмеймін.

Шыңғысханның екінші баласы — Шағатайдың жеті баласы — Мутөген, Можы, Білдеші, Сайын білге, Сарман, Байдар, Сүймінке. Мутөгеннің үш баласы: Қараөлке, Бозай, Есенту, Қараөлекенің баласы — Мүбәрәк шаһ, Бозайдың баласы — Қодағай, оның баласы — Бұғатемір, оның баласы — Өзектемір, оның баласы — Ясур, оның баласы — Ғазан хан. Бұл Ғазан бек зор хан болған. Алдына келерде әмірлер әлде қандай боламыз деп үй ішімен қоштасып келуші еді, мұны өзінің қол астындағы Әмірфарғад дегенді түсіріп, оның орнына Үгедей нәсілінен — Данышмандча дегенді хан қойды. Ғазаннан соңғы хандарын әмірлер билеуші еді. Жоғарғы Есентудың баласы — Барақ хан, Шағатай нәсілінен ең бұрын мұсылман болған осы — Ғаясиддин атанды, мұның баласы — Дуйшешен, оның сегіз баласы — Көпек, Сорғу, Дойтемір, Елгіштай, Күиже, Абуқан, Тармашир, Есен бұға, бұл Есен бұғаның шын аты

Елгожа еді. Сорғунның баласы — Баянқұл, Дойтемірдің баласы — Боран. Елгештайдың баласы — Доржы, оның баласы — Қабыл, Күнженің баласы — Болат, оның баласы — Мұхамед, оның баласы — Гадыл, Абукеннің екі баласы — Есентемір, Жіңші екеуі бір шешеден еді. Жінші хан болғанда, інісі Есентемір Жіншіні өлтірмек болғанда, шешесі Жіншіге айтып қойса да, Ескендір Жіншіні өлтіріп хан болды және сырымды айттың деп шешесінің емшегін кесті.

Есентемірдің баласы — Теміршаһ, жоғарғы Есен бұға ханның баласы — Тұлғұк Темір, бұл да бек зор хан болыпты. Әз Жәнібек хан Әбілқайыр ханға өкпелеп келіп карағаны осы Тұлғұк Темір еді. Мұның екі баласы — Иліяс қожа, Қызыр қожа. Қашқар, Жаркент Алатаудағы хандар осының нәсілінен. Қызыр қожаның бір баласы — Жүніс, оның екі баласы — Махмұд, Ахмет. Махмұдтың лақап аты — Жанеке. Ахмет біздің қазаққа хан болып қалмақты шапқаннан алашы хан атанды. Бұларды Оратөбеде Шайбақ өлтірді.

Шағатайдың бір баласы — Сарман, оның баласы — Бекі, Шағатайдың және бір баласы — Байдар оның бір баласы — Алғұхан, Шағатайдың өз орнына хан болды, Шағатайдың өзге нәсілін білмеймін.

Шыңғыстың үшінші баласы — Үгедей өз орнына үлкен хақан болған, мұның бес баласы — Күйік, Көтен, Көжу, Карашар, Қашын, Қашынның баласы — Қайду, оның баласы — Данышмандча, Ерқызған Ғазанды түсіріп орнына қойған осы Данышмандча, мұның баласы — Сурғатмыш, Әмір Темірдің хан қойғаны осы еді. Оның баласы — Махмұд, оны және хан қойса да екеуін де Әмір Темір өзі билеуші еді. Аяғында Махмұдты өлтіріп өзі хан болды.

Стамбол ханы Илдірім Баязиді ұстап алатұғында қуыршақ сықылды хан қылып алып барғаны осы еді. Бірақ анығында өзі хан еді.

Шыңғыс ханның төртінші баласы — Нәм кенжесі — Тулы. Онын төрт баласы — Мөңгө хақан, Хулагу, мұны қазақ Әлеке дейді, Құблай, Арықбөке. Хулагу Иран — Туранды түгел алып, Нәм Бағдат, Мысырды да алып, Мұстағсым балла халифаны өлтірді. Оның бес баласы — Мөңгө темір, Ешмот, Абақа, Ахмед, Тарағай, Мөңгөтемірдің баласы — Анбажы, оның баласы — Темір, оның баласы — Жолғұтты, оның баласы — Мұхамед, Ешмоттың баласы — Санеке, оның баласы — Сүлеймен, Абақанның екі баласы — Арғын, Қихату, Арғынның екі баласы Ғазанхан, Олжайту, Тулы нәсілінен ең бұрын мұсырман болған жо-

ғарғы Хулагу баласы Ахмед деген еді. Ғазан Арғын баласы үлкен хан болған. Стамболдың хандарының атасы Ғұсман хан тұсында Румды алып, әрбір кішкене ханға бөліп жіберген осы Ғазан хан еді. Олжайтұдың баласы — Абу-сәғид, Ғазаннан соң бұл хан болды. Өйтсе де Ғазаннан соң және әмірлер биледі. Кихатудың баласы — Алафәрнәк, оның баласы — Жаһантемір, мұны түсіріп орнына атақты Шайх Хасан жалайыр хан болды. Тарағайдың баласы — Байду, оның баласы — Мұса, оның баласы — Ғали; оның баласы — Арпахан.

Осы шежіредегі — айтылған барча мағол-татарды билеген Шыңғыс хан нәсілдері бірін-бірі күндеп, өлтіріп, шабысып, хандыққа таласып, ақырында бөлек-бөлек кішкене хан болып, соның бәрін де аяғында орыс алды. Жердің жүзін сілкінткен хандардың арты солай болды. Осыдан ғибрат алу тиіс.

Қазанды 1552 жылы алды. Астарханды 1554-те алды. Башқұртты 1578-де, Қырым-Қубанды 1783 жылы алды. Дәрбәнді 1796 жылы, Ереванды 1837 жылы алды. Кавказды 1859-да алып, Шайх Шамил тұтқын болды. Қоқан менен Ташкентті 1865 жылы алды. Самарқандты 1868-де алды. Хиуаны 1873-те алды. Түріктен Батум һәм Кәрісті 1877-де алды. Түрікменді 1881 жылы алды. Мервті 1884 жылы алды.

СТАМБОЛДАҒЫ ОСМАНЛЫ ТҮРІК ҺӘМ СҮЛТАНДАРЫ

Ең ескі заманда Алтайдан — түріктер күнбатысқа қарай бара берген, сол түріктің се, яки сақа деген халқы Ғайса пайғамбардан 200 жылдан бұрын Алтаудың күнбатысында жүрді. Оларды тибет нәсілінен Юечжи дегендер орнынан қуып, онан да күнбатысқа тамаң жіберген соң, бір таң қанлы атанған елді Ғайса пайғамбардан 130 жыл бұрын барған қытайдың Чжан — Цян деген елшісі көрген. Батыс жазушыларының сөзінше, сол кезде қаңлылар жүз жиырма мың үйлі халық еді. Қаңлыларға ол кезде бес кішірек хан қарайды. Сол қарағандар: Ташкент, Самарқанд, Ферғана, Бұхара, Хиуа еді. Еврей жазушылары оларды скиф, яки сақа деп жазады. Осы айтылған түрік халқының бір бөлігі парсы ішінде қалып, соның Афшар деген нәсілінен Надиршаһ деген парсыны қаратып алды. Осы күнгі парсы патшасы сол түріктің Афшар деген таптан Музаффареддин шаһтың баласы Мұхамед Ғали шаһ...

Онан соң 1219 жылы Шыңғыс ханның әскері бұл

Азиядағы елді шауып быт-шыт қылғанда, әр ел толқынып ауғанда жоғарғы айтылған қаңлының Қайыхан дегеннің халқы елу мың үйдей қаңлы ауып Рум жеріне барды. Біраздан соң соғыс басылған кезде Қайының баласы Сүлеймен елін алып қайта келе жатқанда, Евфрат дариясына суға кетіп өлген соң Сүлейменнің баласы Тоғрул төрт жүз үйдей еліменен Арыз маңында қалыпты. Өзі батыр болып, маңайындағы елдерді алып жүргенде Қония падишасы Ғалалиддин деген, Шыңғыстың баласы Шағатайдың әскеріменен соғысып жатқанын көріп, Ғалалиддинге болысып көп қайрат көрсеткен соң, Ғалалиддин разы болып, Аскуд, Қараша тау, Тұманшы деген жерлерді беріп, Ертоғрулды әскер бас қылыпты. 1272 жылы 90 жаста Ертоғрул өліп орнына баласы Ғұсман әскер басы болды. Бұл әкесінен де мықты болып, әр жерді алып, Қараша Хасар деген жерді алғанда Ғалалиддин Ғұсманды өз алдына бөлек бек қойды. Онысы 1282 жылы еді. Мұнан он бір жыл соң Тәбриздегі Шыңғыс нәсілінен хан болып тұрған Ғазан хан, Рум жұртын шауып, әрбір кішкене хандықтарға бөліп жібергенде Ғұсман да өз еркі өзінде бір хан болып қалды 1300 жылы.

Сол себептен ол түріктер Ғұсманды жұрты атанып, Ғұсман сұлтанды бірінші сұлтан деп санайды.

1—Ғұсман Ертоғрул ұғылы, 2—Орхан Ғұсман, 3—Мұрад Құдауәндқар, Орхан ұғылы, 4—Илдірім Баязид, Мұрад Хұдауәндқар ұғылы, 5—Мұхамед Баязид ұғылы, 6—Мұрад Мұхамед ұғылы, 7—Мұхамед Фатих, 2-ші Мұрад ұғылы, 8—2-ші Баязид, Мұхамед Фатих ұғылы, 9—Жауыз Сәлим, 2-ші Баязид ұғылы, 10—Қанун Сүлеймен, Жауыз Сәлим ұғылы, 11—2-ші Сәлим Сүлеймен ұғылы, 12—3-ші Мұрад 2-ші Сәлим ұғылы, 13—3—Мұхамед, 3-Мұрад, 14—Ахмед, 3—Мұхамед ұғылы, 15—Мұстафа, 3—Мұхамед ұғылы, 16—3—Ғұсман, Ахмед ұғылы, 17—4—Мұрад Ахмед ұғылы, 18—Ибраһим Ахмед ұғылы, 19—4—Мұхамед Ибраһим ұғылы, 20—2—Сүлеймен, Ибраһим ұғылы, 21—2—Ахмед Ибраһим ұғылы, 22—2—Мұстафа, 4-ші Мұхамед ұғылы, 23—3-ші Ахмед, 4—Мұхамед ұғылы, 24—Махмұд, 2—Мұстафа ұғылы, 25—3—Ғұсман, 2—Мұстафа ұғылы, 26—3—Мұстафа, 3—Ахмед ұғылы, 27—Абділхамид, 3—Ахмед ұғылы, 28—3—Сәлем, 3—Мұстафа ұғылы, 29—4—Мұстафа, Абділхамид ұғылы, 30—2-ші Мұхамед, Абділхамид ұғылы, 31—Абділхамид, 2-ші Мұхамед ұғылы, 32—2—Абділхамид, Абділмажит ұғылы, осы күнгі сұлтан.

ПАРСЫДАҒЫ ҒӘМ ЗАКАВКАЗДАҒЫ ТҮРІК НӘСІЛІ

Бұл парсы менен Закавказдағы түріктерге, мағол түріктен көп араласқан. Рашид ад-дин сөзінде, Хулағу яғни Әлекенің әскерінен әр он кісінің екеуін соларға қосты. Ол парсыменен Закавказ түріктерінің рулары мыналар: қажар, афшар, қалқай, шаһзийуин, бенделли, қарабөрік, аллаберді, қарақоюнлы, жанбеклу, ұзанлу, абулхасанлу, кенгірлу, жерруз, хожавали, келләкөл, шайыхлу, баят, қылыш, жалайыр. Мұның ішіндегі қажар, Қажар ноянның нәсілі дейді. Ол Сыртақ ноянның баласы Әлекенің әскер басы еді.

САРТ

Біздің қазақтар Түркістанның күншығыс күнбатысындағы отырықты түрік нәсілдерін һәм түрікше сөйлеп түрік болып кеткен, тәжіктерді бәрін сарт деп атайды. Бұл сарт деген өз алдына бір ел, яки бір атаның аты емес, бұл сарт деген ат ең ескі шежіре кітап «Құдатқу білікте» де бар, ол кітап 1070 жылға жақындағанда Қашқарда жазылған.

Бұл сарт деген яксарт деген сөзден шыққан, ол Сырдарияның ескі замандағы аты еді. Сонда барып орныққан ел кім де болса, сарт атанып кеткендіктен болған. Өзбек сарт дейтұғынбыз, өзімізден айырылған өзбек және татар, қарақалпақ деген ел бар, ол тіпті қазақ атанған соң айрылған. Сондай елдердің бәрі де сол Сырдарияға барып орнығып, бұрынғы сарт атанып отырғандармен бірге сарт атанған, және құрама деген ел бар, олар ақтабан шұбырындыда жүре алмай қалған кедейлер. Рулары керейуші, шаһрухия, бұқа, мұратали, керейіт, байсу, қарақытай, қалайбар, панғаз, бұлар сартқа қосылып егін салған.

Құрама ішінде тама, ашыы, жағалбайлы, канжығалы, керей, үйсін, жалайыр — бәрі де бар.

ӨЗБЕК

Бұл өзбек деген Өзбек хан атыменен аталған деп айтқылған. Әз Жәнібек ханға еріп, Шағатай нәсіліне қараған қазақтар Мауранаһарда отырықты болып қалғандықтан өзбек аталып қалды. Оған басқа анық қазақ еді. Бұлардың ішінде Жошыға қараған мағолдан да, татардан да бар және Шағатайға қарағандардан да қосылғандар бар. Бұл өзбек рулары: тұяқлы, оның ішіндегі рулар: молла кесек, мырза кесек, митаны, бұлар ноғайдан. Және найман бұл үш ру:

қостамғалы, уактамғалы, садырбек. Бұлар: пайма: һәм қоңыраттан бөлінген қазақпыз дейді. Және үйсін үш ру: ошақты, қостамғалы, ергенеклі және кеңші, қағары. Бұларды бекзат деседі. Және сарай, бағрын юз, кырық мың кытай, қыпшақ, қарақалпақ, түрікмен, жалайыр, дүрмен, түрік, маңғыт, қаңлы, кенегес, мисит, ябы, тама, деркіт, аллат, баташ — осының бәрі әр жерден келгендер — өзбек атанып отырған.

НОҒАЙ

Ғайса пайғамбардан әлденеше жүз жыл бұрын хун, яки хунну атанған қисапсыз көп түріктер бір кезде Орал, Еділ, ар жақтарына жайылған. Бастықтары Атилла өлген соң, олар қайта Еділ һәм Кавказға қуылған. Сол 5-ші һәм 6-шы жүз жылдардың ішінде Византия, яғни Стамболды бұрын билеген грек жазушылары Приск, Минандир дегендер ол хуннаның таптары сарагур, оногур, котигур, отигур, бұлгар деп жазады. Бұлғардың бір бөлегі Дунайдың ар жағына кеткен де қалған хунналар Еділ ортасында һәм Қамата хазар деген бір патшалық жасаған. Сол хазардың Юсіф деген патшасының жазып қалдырған хатында хазардың арғы тегі Яфет, яғни Яфастан деген. Оған Тоғарма Артфалы қосылды дейді. Тоғарманың он баласы — Ойюр, Таурис, Ауар, Огуз, Ғоз, Бизал, Тарна, Хозер, Занур, Болғар және сол Юсіфтің хатында Біжнәктер, яғни печенектер қол астында деп жазған. Бұл хатты перевот қылған профессор Гаркауи деген кісі. Ол хазар хандығы Яһуди дініне кіріп, қуаттанып, 9-шы жүз жылдарға шейін тұрған. Мұның ішіндегі Ғоз дегені қаңлы, қыпшақ нәсілінен. Олар ақырында қаман, яки половцы атанған. Ақырында қамандар қыпшақ һәм алшынменен қосылып, Жошқы нәсіліне қарап Жошы нәсілінің көшпелі бір бөлегі болды.

Жошы ұлысына қараған елдің көшпелері Орал менен Кубаньнан Дунайға шейін келген кезде, Береке ханның немере інісі Ноғай ханның атыменен Ноғай атанып жүре еді. Әбілғазы хан шежіресінде Ноғай деген хан жоқ, мен ойлаймын сол Ноғай атанған Жошының Шибани деген баласының Баһадүр деген баласы болар. Бұл Ноғай атанған татардың күнбатысындағы 15-нші жүз жыл ішінде Қырым ханына қарады. Сол тұс күншығыстағы ноғайлар Орал маңында қалып, бір бөлек болып көрші қазақтарды қаратып алды, Әбілқайыр хан кезінде.

Онан кейін ұлұғ Мұхамед, яғни Ормамбет хан өліп ноғайлар күшсіз тартқан кезде, 17-нші жүз ішінде ноғай-

дың көбі Шыңғыстан қашып бұрын Еділге келген Торғауытқа қарап қалды. Бір бөлегі Қырымға қарап кетті. Онан кейін ноғайлар хандарының атыменен, яки рулары Уәм жерлерінің атыменен әр түрлі аталып кетті. Мысалы, Еділ маңындағы тоғыз ру ноғайлар мансұр, орақ, мамай, қасай, ордамамбет, тоғыз, едешік, едисан, жанбайлық, һәм ескі би нәсілінен қарашы деген. Мұның рулары: шырын, барын, артын, қыпшақ және оларға Сақыпгерей хан ноғайдан, мансұр һәм сежиют дегенді қосты.

Таврический губернаның Қырым уезінің списогінде 1865-ншы жылда жазылған. Сонда арғын, қоңырат, қыпшақ, алышын, қаңлы, алаш, тама, керейіт, оңғарнайман, қарт қазақ, күшік токсаба деген таптар әрбір жерде бар.

1783 жылы Қырым орысқа қарағаннан кейін Қырым ноғайлары Стамболға қараған түрік ішіне көше берді. Сөйтіп көшкендерде көбейіп 500 мыңдай жан түрікке кетті.

Астрахан татары Еділ аяғындағы кондурлар, ноғайдың қасболат — қасай дегеніміз дейді. Онысы Ноғай ханның балалары болса керек. Оның рулары: ас, төбет, найман, жағалбайлы, маңғыт, ергенеклі, керейіт. Бұл кондур татарды Торғауыттың Дондүк амбу деген ханы Кубаньнан алып келіп орнықтырған. Осы күнде Казказ маңында және ноғайлардан бұрын орныққан күмүк, қарашай деген ел бар. Оларды Клапорт жартысы хазар, жартысы ноғай дейді. Және ол Ставропольдағы ноғай ішінде біраз ғана түрікмен бар және Қазан, Симбір, Самар, Саратау, Орынбор губернияларында чуаш деген халық бар, мұны араб жазушылары бургас деп жазады. Бұрынғы түрікмен менен черміс қосылғаннан шыққан халық. Тілінің ескі түріктен аз бөлегі бар және Ертіс пенен Обь арасында Барабын деген татар бар. Олар түрік пен угордың араласқанынан шыққан. Оның рулары: терене, тары, бараба, колуба, лонға, сол, қарғалы және Сібір татары дейтуғын Тоболдың әр округінде татар бар. Олар 15-нші 16-ншы жүз жылдар ішінде ноғай менен қазақтың төрелеріне еріп келгендер һәм саудаменен келген Бұхаралық сарттар ол жерді орыс алғанда тұрып қалған Тар округіндегілердің руы туралы, аялы, көрдік, сарғат, Тобылдағысының руы көрдак, естек, тоғуз, шуалшық, яскалда. Бұлардың да көбі біздің өзбек, сарт.

БАШҚҰРТ

Башқұрт бұрынғы заманда Финно-Угор халқыменен араласып кеткен түрік нәсілі деп араб жазушылары айтады. Олар 1723 жылы ақтабан шұбырындыдан соң қазақтан бөлініп барып, ондағы татарлармен араласып кеткен, баш-

күрттың таптары минский — бұл мыңғыт деген қалмақ болып, қалған тоғайлы елі атанған татардан және табынский, бұл кіші жүздегі табын, қыпшақ, тама, қытай керейлерден және таздар, қырғыз, бұлар ұрғ-фан нәсілінен және қалған таптары: норматин, борзин, әсіргел, тастауыр, күдей, танин, айлы; қуан аң, қаршы, қайлы иелік, тоғандар, иени байлар, дуан, ерімті, гайген, шебен тоғайлар, сарттар, меркіт, саралы, айлан, зуран, бөллар, уран, унғыш, мөшір, тилгин, бақай, арлар, сарыш, байұлы, кіші жүздің түрікмен, Сарттай, осы жоғарғы арттарға қарағанда, башқұрттар қазақ екенін һәм әр рудан қосылғанын білерсіз.

ҚАЛМАҚ ҒӘМ ТЕЛЕУИТ

Осы күндегі Алтай, Саян, Тавнуола тауларындағы халықтар бұрынғы түрік нәсілі және түрік болып келкен Самайың халқынан араласқаннан һәм ескі теле, яки динлин деп аталған жұрттан. Шығыш өзендегілер, Катоньдәсі һәм Телес көліндегі Алтай түріктерін орыстар қалмақ дейді. Біздің қазақ білеуит қалмақ дейді. Олар өздерін Ойрат дейді. Кейде Алтай кіші дейді. Басқаулындағылар өздерін Олан дейді. Шолсандағылар өздерін Телес дейді. Сол қалмақтар — біздің қазақпен жақын тұқымдас ел. Қалмақ деген қалған деген сөзден деп жоғарыда айтылды. Оның рулары арғын, найман, қыпшақ, керейт, меркіт, қан, мондус, ара, тотош, шавты, тоншон, алмат, кебек, коду, пайлагас, айтгас, күртты, сақал, телес, айдақ, қырғыз, союн, моңғол, сарт, тілдері ескі түрікше бірақ моңғолға көп қарағандықтан мағол тілі қосылған.

Және сонда Телеуит дегені бар, олар өздерін телеуит, яки кара қалмақ деседі. Олардың бастығы орыс әскеріменен неше мәртебе ұрысып, бір кезде ауып, оранхай ішіне барып, ойратқа қарап та тұрған. Қалмақтар оларды төленгіт дейді. Олардың рулары: төре, ұшу, меркіт, ақтумат, қарақұмат, қыпшақ, найман, сарт, норыс, торғул, мондус, қосқар, тотуш, порут, шалман және оларға араласқан ашкештим деген ел бар. Оның рулары: аюти, төрт ас, шыңғыс, ан, мұрындық, хорық, қарға, қу ара.

Бұлардың телеуит атанған себебі, тіпті ескі заманда түріктердің теле деген табының аты, ти лу дулу деп әр түрлі жазылған. Сол теле деген атпен аталып қалғандықтан, теле от деген сөз. Телелер — сонан телеуит атанған. Осындағы хан Төленгіт деген ханға жиылғаннан басқа азық төленгіт деген ел — осы тілеуит қалмақтан шыққан ел.

ТҮРІКМЕН

Бұл түрікмен деген ел ескі түрік нәсілінен. Бұлардың арғы атасы туралы айтылған әр түрлі сөз көп, олай да болса көбінің қисыны баяғы. Оғұзханның нәсілінен болса керек. Түрікменнің басты рулары жетеу: 1) шаудур, һәм әмірлері, бұлар 16-ншы жүз жылдың ішінде қалған түрікменнің адалы — деген таптан. Бұлар осы күнде Хиуаға қарайды. Бұлардың рулары: абдал, екдер, бозашы, есенлу, қарашаудыр, бұрыншық, шайых. 2) Басты ру ямут, бұлар Гургене өзенінде орыс, парсы, Хиуа үшеуіне үш бөлініп қарайды. Мұның рулары: атабайтана, жапарбай, шарифчоны, өгіржалы герей. 3) үлкен табы — гоклан, бұлар Терек өзенінде, парсыға қарайды. 4) үлкен табы — Теке, бұл Закаспий облысында ахал, теке, Мерв жерінің аты. Ахал текенің рулары: көкше, салық, ясман, меріш, қоңыр һәм ұсақтары бар. Мәру текенің рулары: тоқтамыш, өтеміш. Тоқтамыштан — бек, уәкіл, Көкшенің рулары: қан, қоңыр, акбекил, қарабекил, Өтеміс рулары — Сичамаз, бахшы. 5) үлкен табы — сарық, Мархаба ортасында тұрады. Қазіргі оның рулары — қаңлыбаш, харасаны, галишах, сохты, байраш. 6) үлкен табы — салор. Бұл Оғұзханның немересі. Мұның рулары: яалауаш, қараман, анабилегі. 7) үлкен табы — Ерсары, Амударияда, Чаржау маңында, оның руы — бордалық, керкі.

Закаспий ескі облыстың 1890 жылғы обзорында түрікмен Оғұзхан нәсілінен, Салордың баласы Хұсайын ханның балалары дейді. Галкин деген кісінің сөзіне қарағанда, баяғы мағол ханның баласы Озхан, соның екі баласы — Есенхан, Сүйінхан дегеннің нәсілі дейді. Барун, Буда деген Оғұзханның парсыдан алып келген Ек деген күннен туған екі баласы. Яумуд, Кокланнің нәсілі хәм Теке де күл дейді. Және кейбір сөзде біздің арғын ішіндегі сүйіндік, бегіндіктің аты шығады, тегінде Оғұзхан нәсілі екені рас.

ЯКУТ

Якут деген халық манжурия тіліменен яку деп атағаннан ескі түріктің сақа деген табы. Сонан сағай атанған татарлардан шыққан ел. Бұлар орыс қолы астында ең күншығыс жақтағы шетте, Лена өзенінің басынан Охот теңізге шейін, күнбатысы Енисей суының аяғына шейін, олар өздерін сақа дейді. Олар орысша Батилинский һәм Елли деп екі бөліп айтылады. Басында Красноярский татардан, яғни сағайлардан келген Омуғай бай менен Елли дегеннің нәсілі. Басында Омуғай бай келіп хан болып

тұрғанын естіп, Елли деген келіп, Омуғайдың бір қызы соған тиген, соң Омуғай қызына өкпелеп, жасау орнына бір жаман бие беріпті. Артынан Елли байып, көп баласы болыпты. Приклонский деген жазушының сөзінше, Омуғай байдың жалғыз баласы Барағай, Батила, Келтағай, Тобук деген. Оның нәсілінен Баянтай ұлысы болды. Еллидің алты баласы болған: 1) Лабынға сурук, ең бұрын шамаң, яғни бақсы болған осы еді. 2) баласы Хадат Хағалас деген Ханғалас ұлысы соның нәсілі. 3) баласы Жұнжағлыдан Баторос ұлысы болды. 4) баласы Молутой Орхоннан Мегин ұлысы шықты. 5) баласы Дили Дархан, оның екі баласы: Борғунжарта, Сордахдобсон. Бұлардан Борғун, Добсон ұлыстары болды. 6) баласы Хатан Хатамалайдан Нам ұлысы шықты. Бұл якуттардың ол жерге келгені 1200 жылдардың ішінде болса керек. Руларын бес ағауыс деп те атап, кейде жон деуші еді. Жонның мағынасы орысша народ, бізше халық деген сөз. Ескі заманда якуттардың әрбір табының ұрандары таңбалары болса керек, бірақ бұл кезде ұмытылған, сөйтсе де ұмытылмай табылғаны Колмский якуттың ұраны барилас, яғни бүркіт және әрбір ұрандары сасыл, яғни түлкі, есе, яғни аю, шелбін, яғни шолпан, іс, яғни іш, тарағай, яғни таз және сондай ұрандары көп болған.

ОРАНХАЙ

Бұл Оранхайлар қытайға қарайды, олар үлкен Кімкімшікте, Қосакөлде, нәм Таннуола тауының оң тұсында жүреді. Олар өздерін тоба деп атайды. Әлі күнгі түріктің ескі тіліменен сөйлейді. Төменгі хошыттағы, яғни болыстағылары: хозут, дегені Қосакөлде, халуш, еркет, хасут, арғымақ дегендер таннуола да, ойын, ерхат, суюн, шуда, салжақ дегені үлкен Кем өзенінде, және салжақ қырғыз, қол байғара дегендері Бикім өзенінде, Ақшыда, Қарашыда, тұзшы, кімшік, қашку, ерғыт, сая мұңғуш, қарамұңғуш, кедеуржак, сндар, ғабалык, бұлар — Саян Ноян Хошытында, яғни болысында колот, сойын, қаратұлжақ, кужігіт, сарқылар, тоңғақ, хуолар, қарасал, адин толлуш, томат, қырғыз, мади, чыжуда, бұлар Кімкімшікте, Дуана хошытында.

Және Қырғызнұр менен Обсанур деген екі көлдің арасында түрікше сөйлейтуғын бр ел бар. Оны мағолдар хотон дейді. Бұлар түріктен қалмақтар тұтқынға алғандарының нәсілі. Қалмақтың ақсүйек төрелеріне егін салып береді. Әзаері көшпелі, осы кезде Дүрбіннің уаң төресінің елінің салды.

ЕНИСЕЙДЕҒІ ТҮРІК

Бұлар ескі замандағы түріктің теле, яки динлин деген табынан һәм орыстар самойд атаған халықтардан. Олардың төрт үлкен табы бар: 1) қызыл, оның рулары: қызыл, үлкен ашын, кіші ашын, ақы, бағасар, қамлар, құршық, чию, арғын, қалмақ. Бұл соңғы екеуі бұрын қалмақ қол астында болған телеуіттерден қызылға қолға түсіп тұтқын болғандар. 2) Үлкен табы: қашын, татары, олардың руы: қас, ара, тиін, тікесті, тыжарым, тажылтағ, соқар, тоба. Бұл соңғы тортеу самойдыдан. 3) Үлкен тобы — сағай, оның рулары: торан, сарығ, ерғыт, ешік, қаиы, аба, қырғыз, жеті ру, жүз саға, том сағай, шор, белтыр, какмен, ақ шыстар, қара шыстар, табан таяс, қаллар, қарға, сайын, қызай, қойбол, байгеду, қан торажақ, тәжуда, мадыр, көл еңгара, бегеші, артшы, күюк, ерге, қайдин, тілі ескі түрікше. 4) Үлкен табы — қарақас, қамасын, қарақас — бес ру: сары қас, қас, шоғду, қара шоғду, шепті, бұлар самойдыдан қамасын бір бөлегі қаш татар, бір бөлегі самойдыдан, оның рулары: мадур, богүш, байыф, нәғ, сыйла.

Және Енисейде ескі динлин менен самойд нәсілі бар. 1-нші қуманды. Бұлардың Би өзеніндегілері баяғы со деген нәсілден. Төмендегілері тастар деген таптан, рулары: юта, чыпраш, тон, қуманды дегендер. 2) бөлегі орысша лебидиц, яғни қудағылар. Олар екі ру: иакіші, шалман деген. 3) бөлегі: қара татар, бұларды Алтайлағы халықтар тоба дейді. Бұлар да самойдыдан, рулары: күзен, түркіш, торғул, 4) бөлегі шор, мұның нәсілі Кузнецкий татардан, рулары: қызай, таяш, қый, қарашор, сарышор, қарғашедебс, қонға, күйе, шелі, сібе, тартқын, ұста, қобы, аба, таған, керкіш, барсуят, шалқал, шарағаш, бессүйек, мұның басқы бесеуі сағай нәсілінен, 5) бөлегі кузнецкий татар. Телеуітпенен аралас, рулары: аш кештім, баян, борғул, қомнуш, қамлар, ашын, шию, 6) Шулымский татар. Оның рулары: кішік, күйірік, шолым.

КҮНШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТҮРІКТЕР

Тарим өзенінің басында Алатау мен Памир арасында және тибет жағында әр түрлі түрік нәсілді халық бар. Олар көбінесе туған жер атыменен аталады. Мысалы, қашқарлық, хотандық деген сықылды. Олардың ең күнбатысындағысы бұрыннан отырықты болған ескі арий деген нәсілден. Бұрынғы заманда қытайша кіші пулу деп аталған хандық сол осы күнгі конжут, келекіт дегендер, үлкен пулу

дейтуғыны блужыстан, ясин, шитрал, һәм қафирстанның бір бөлегі — Аристовтың сөзіше олардың руы шоюя шоми, шобы, һәм ұсақтары бары 9 жүз ішінде қарлықтың ханы Алды, оларды мұсылман қылды. Онан соң қара қытай билеп, онан соң Хarezм шаһ биледі. Ақырында қалмақ алып, онан қытай алды. Қытайлар оларды чанту, қырғыз, сарт деп атайды. Оның ішіндегі тараншы деген егінші деген сөз. Қытайлар Құлжа маңына егін салғызған. Құлжаға мұсылман орныққан соң қытайға қарамаған есепті болып, 1871 жылда орыс алып, 1883 жылы қайта қытайға бергенде, тараншының көбі орыста қалып, Іле даласында орнықты. Және қытай қол астында Гансуда салор деген халық бар, түрікше сөйлейді. Олар 1370 жылы Самарқандтан келіппіз дейді. Және қытайдан мұсылман болған дұңған бар. Оның арғы тегі түріктің жун атанғандарынан он мың, жүз мыңнан қытайға қарап қалғандардың нәсілінен.

МАҚСҰД

Бір алла бергеніңе сансыз шүкір,
Қалған жоқ зал болып қылған пікір.
Бітірдім түрік, қазақ шежіресін,
Боса да кемшілікті, қисық-бүкір.
Елім-ау, неге ерініп тек жатасың,
Ғылымға бір кіріссең дән татасың.
Қалжың емес, қам үшін жаздым мұны,
Білсін деп кейінгілер түп атасын.
Атаны атағанмен білім артпас,
Сөйтсе де білген адам құры жатпас.
Қабырлаған қиыннан шығар деген.
Қозғалмасаң қолыңнан кісі тартпас.
Жазғанда мақсатым көп менің тағы,
Қазақтың қараңғы еді артқы жағы,
Мұны оқып ата жөнін білген қазақ,
Артыман дұға қылсын дедімдағы.
Құр шежіре деменіз мұның өзін.
Ойлаңыз ғибрат алып әрбір сөзін.
Берекелі күн қандай бұ күн қандай
Соған салып қараңыз ақыл көзін.
Бұрынғы бір кісідей тату жандар,
Билеген талай елді есті хандар.
Көре алмай бірін-бір күндеймін деп,
Не болды соның арты байқасандар.
Құлақ сал аландамай анық сөзге,

Кім кейін, кім ілгері көрер көзге,
Артыңды оқып, алдыңа көз жіберсең,
Ел бар ма, есер, еңсіз бізден өзге.

КАЗАК

Жүр жүрі жабдығанда ғылым жаққа,
Қазақ жүр құмарланып құр шатаққа.
Анау қу, мынау тымсық, мен батыр деп,
Айналды бірін-бірі құрытпаққа.
Ойда жоқ өнер біліп жол табайын,
Жалмауға жалықпайды өз маңайын.
Мұның түбі не болар деген жан жоқ,
Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын.
Өтірікпен еткізін күн мен айын,
Демейді жамандықтан жалығайын,
Анау шыным, мынауым сырым ғой деп,
Сонша жақсы біледі алдау жайын.
Жаз жалымен жібермей жалғыз тайын,
Тыныштықпен ішкізбей тәтті шайын.
Ұрысы ұрлап, қуы алдап, сұмы өлтіріп,
Құрытады үш жақтап тамам байын.
Байдың да ойлағаны ел алайын,
Білмейді, қу шағып жүр, өз бақайын.
Көз аспанда, көңілі мақтанда боп,
Тауысқанын сезбейді ішкі майын.
Демейді ғылым біліп жанданайын,
Мақсаты мақтан іздеп панданайын.
Қанша ұқтырып айтсаң да қалыбында,
Ойда жоқ жігерленіп қамданайын.
Міңкей естісеңіз елдің жайын,
Көтінен кейін кетті басқан сайын.
Қайран елім, қазағым, қайран жұртым,
Көп айтып Аһ дариға, неғылайын.

НАСИХАТ

Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде,
Қазақты бастайтұғын қару ізде.
Партияға шашқанша осыған сал,
Қолыңда қорегің бар кезіңізде,
Білгіштер білімді өнерге сал,
Жарты өмір жалғыз күндік болмайды хал.
Тіленіп, тілің безен, қу атанбай,
Ғылым білсең, табасың қадір мен мал.

Есті жый, ел шаңына ер, мұны тастап,
Қайғы жоқ, басқа жатсаң ғылым жастап,
Сен батыр, мынау білгіш, анау есті,
Апардың қазақ көшін қайда бастап,
Көрмедім көш бастаған қазақ ұлын,
Кеңірдек, өңеш кетіп, қалды жұлын.
Бәрің есті батырсың, айлалысың,
Қазақтың түзеттің бе жалғыз қылын.
Жарлылар, жалаңдама сендер де ойлан,
Кер кедей, кежірлікті шығар бойдан,
Бойың жалдап қор болма, ойың жалда,
Түк өнбес алты ай жүріп алған қойдан.
Онан да өнер үйрен тек жүрсең де,
Ақы алмай, тамақ қана жеп жүрсең де,
Өнер білсең, он күнде жүзді аласың,
Басында пайда алмай-ақ көп жүрсең де.
Жастарым, құмар болма көрінгенге,
Жас күнде бойды үйретте ерінгенге,
Аз ойна да көп ойла, осынымды ұқ,
Өкінбе жастық бойдан серілгенде.
Ғылым тап, жас күнінде буын қатпай,
Басында байқамассын дәнін татпай,
Менің көрген жайымды сендер білсең,
Ғылым үшін жүрер ең тыным таппай,
Адамнан адам озар немен артып,
Бұл сөзді ақылға сал, кірге тартып,
Залымдықпен ел алса, сол оза ма,
Маңайының бәрін де оттай шарпып.
Біреу жүр алдап алып қайта малтып,
Жалындай тысқа жаққан күнде шалқып,
Көпке пайда тигізіп біреу жүрсе,
Ғылым іздеп, жай жаттық майдай балқып.
Осылардың қайсысын ұнатасың,
Ақылға әрбіреуін сынатасың,
Көпке пайда тигізген жақсы десең,
Оны неге іздемей тек жатасың,
Егерде ел алғанға қуанасың,
Немесе алдау қылып жұбанасың.
Бұл екеуін көңілің жақсы көрсе,
Бәрібір сен де сондай дуанасың.

ТАҒЫ ДА СОРЛЫ ҚАЗАҚ

Салынған қала жоқ, оқытқан бала жоқ,
Қолында өнер жоқ, ғылымда дана жоқ.
Қалалық жері жоқ, еңбектің тері жоқ.
Пайдасыз шығыншыл, қазақтан сері жоқ.
Қазынасы тағы жоқ, басында бағы жоқ.
Партия барымта, ісінің ағы жоқ.
Қуаты, күші жоқ, сырты бар, іші жоқ.
Артына қам қылып, ұмтылған кісі жоқ.
Көретін көзі жоқ, ұғатын сөзі жоқ,
Қазақтың бұл күнде аты бар, өзі жоқ.
Түзелер кезі жоқ, түзетер тегі жоқ,
Жер жүзі халқының қазақтан өзі жоқ.

ХОШ

Жас өтті тынымсыз, өнерсіз, ғылымсыз,
Надандық жолымен, кеттім-ау білімсіз.
Оқытпай баламды, о да өсті тиюсыз.
Ойламай шамамды, алды артым жиюсыз.
Бақ қайда қисынсыз, бос тілек сиымсыз.
Қазақ та қажытты, күнім жоқ жиынсыз.
Бір жол бар келгісіз, қайта өмір көргісіз,
Ізім жоқ, түзім жоқ, өтті-ау белгісіз.
Қазағым — жолдасым, қаламым-сырласым,
Өлген соң белгілі, қайта келіп тұрмасым.
Тіл сорлы жырласын, бекерге тұрмасын,
Алдымнан жарылғап, алла кәр қылмасын.
Ел анау, мен мынау, қайтейін бір басым,
Аман бол, ағайын, татуым қимасым.
Надандық жаман ғой, оқыған адам ғой,
Ізденіп көріңіз, ғылымды заман ғой.
Насихат тегін ғой, салулы егін ғой,
Еңбек қыл ерінбе, араздық кегің қой.
Ғылым бір кенің ғой, ауырсаң емің ғой,
Бәріне жетеді, таусылмас көлің ғой.
Мен қайғы жедім ғой, қапы өттім дедім ғой.
Қазағым, қам ойлан, сенде адам едің ғой.

Соңы.

КАЗАКТЫҢ ТҮП АТАСЫ

Казактын түп атасы — батыр Түрік,
Арабсың деген сөздің түбі шірік.
Пәленше сахабаның зағысың деп,
Алдаған дін жамылған оңкей жулик.
Адамның тұқымынан сұқ пайғамбар,
Үш ұлы: Хам, Сам, Яфас мише осылар.
Яфастың бір баласы Түрік деген,
Өрбіген сонан өсіп талай жандар.

Болады араб жұрты Самның ұлы,
Біледі шежіренің бәрі мұны.
Түріктің шын аты екен Надұлұше,
Түрік деп неге атады пәллі соны.
Қарлы Алтай қатты суық тауда жүріп,
Оғ жаққан Надұлұше оймен біліп,
Суықпен сөйтін елін сақтаған соң,
Түрік деп хан көтерген пәллі қышып.

Оқ өтпес түрік деген темір тұмақ,
Ат қойған ұйқастырып елі тым-ақ.
Жан сақтар темір киім, от ел сақтар,
Емес пе жарасымды көрсен сынап.
Аталған сөйтін Түрік Надұлұше,
Ол кезде жылдар өтті мыңдан неше.
Түріктен шыққан талай сайып қыран,
Жер жүзі бітіренген түрік десе.

Кім білмес баяғы өткен Оғұзханды,
Қаратқан қол астына талай жанды.
Басында Азияны түгел билеп,
Үрім, Парсы, Арабтың да көбін алды.
Жазады талай елдің жазушысы,
Адамның өзгеше деп қылған ісі.
340— жыл бұрын пайғамбардан,
Атағы жер жүзіне шыққан кісі.
Оғұзхан-Мұғылханның немересі,
Қарахан еді оның өз әкесі.
Ерлігі, естілігі, әділеті,
Әлемде болған емес бір теңдесі.

Айтайын Атилланың қылған ісін,
Сикыр деп ойлаған жұрт қайрат күшін.
Азияны түгел билеп, Европаның
Көбі ауған Атилладан қорыққаны үшін.
Атилла — Мұңжықханның баласы еді,
Басы үлкен, кеудесі кең, аласа еді.
1500 жылдай болды өлгеннен,
Оның да қылған ісі тамаша еді.

Қайтеін айта беріп алған жерін,
Атаңның ойға түсір сондай ерін,
Қор болып осы күнде отырсың да,
Қозғалсын өткенді ойлап іште шерің.

Кім білес кешегі өткен Шыңғысханды,
Жартысын дүниенің түгел алды.

Талайын Европаның бас игізіп,

Қорқытып Қытайға да алым салды.

Қолына туып еді қан уыстап,
Әлемді билейтұғын үліі нұсқап.
Қойылған Шыңғыстауға соның аты,
Өзенін осы қабан кеткен қыстап.
Ортасын араб, қытай түгел алып,
Азия, Европаға жарлық салып.
Мейірімді алған елге әділетті.

Кетеді қарсыласса қанға малып.

800 туғанын жылға толды,

Темучин атын бұзып, Шыңғыс қойды.

Шыдамды Шыңғыс деген мықты демек,

Отызға келмей тұрып бақыт қонды.

Ол туған Блюнжылдық деген жерде,

Рахымды қол астында кірген елге.

Не дінге, не ғұрыпқа қол сұқпаған,

Ой жібер міне осындай кемеңгерге.

Кешегі Әмір Темір қандай еді,

Әлемге жаққан жарық шамдай еді,

Міне оның туғанына 600 жыл,

Батырдың сайыпқыран мандайы еді.

Әкесі Тарағай да батыр еді,

Кіші деген жерді билеп жатыр еді.

Ту ұстап Әмір Темір атқа мінді,

Жазасын талай жауы тартып еді.

Шыңғыстың алған жерін о дағы алған,

Болмайдың бұл сөзімнің бірі жалған.

Түріктің қан жылтырым Баязитін

Ағашқа жеңіп ұстап таңып алған.

Дұшманнан қарсы келсе қан ағызған,

Бір емес мұндай қанды көп ағызған.

Алғанда Асфанды көп соғысып,

Жетпіс мың бас сүйектен үй салғызған.

Түріктен талай сабаз батыр келген,

Шыққан ондай батыр бөтен елден.

Қытайды шабамын деп бара жатып,

Ол Темір дәл жетпіс бір жасында өлген.

Кім білмес кешегі өткен Тоқтамысты,
Орыстан алым алып, көрдей қысты.
Қазақ пен ноғайлының ақындары,
Едіге, Тоқтамысты жыр қылышты.

Демеңіз атақтының бәрін де жаз,
Жазуға түгел теріп, жетпес қағаз.
Кейінгі айтылатын сөзді тыңда

Түріктен тағы қандай шыққан сабаз.

Жоғарғы айтқанымды қылсаң пайым,
Құя бер құлағыңа ұққан сайын.
Бұл күнде Стамбулда бөлек тұрған,
Айтайын енді Оспанды — Түрік жайын.

Түріктің Сақа деген бір табы еді ол,
Тауына Гималайдың барыпты ол.

Сақадан қаңлы деген тап бөлініп,
Баруға Үрім жеріне тартыпты жол.

Солардың кеткеніне 700 жыл.

Айтылды біраз одан оны да біл.

Кез болып кезіп жүріп зор бақытқа

Қандай бақ берді тәңірі соны есеп қыл.

Қаңлының ханы болған Қия деген,

Жер алып, ерлікпенен ел билеген.

Ол өліп, жалғыз ұлы ер Сүлеймен,

Сол жерден қайта көшіп, жөнep берген.

Параттың партиясына келіп жеткен,

Су тасып, нөсер құйып асқан шектен.

Алды артқа қаза келсе қарата ма?

Қапыда ер Сүлеймен суға кеткен.

Талапты тағдыр оған бала берген,

Қайратты ақылы артық дана берген.

Ер тұғырыл Сүлейменнің жалғыз ұлы,

Сол жерде 400 үймен қала берген.

Көшсе де өңкей қаңлы көшпей қалған,

Ерлікпен маңындағы елді алған.

Бірталай аз уақыт әскер жиып,

Ер Тұғырыл есті батыр деп аталған.

Хан емес көп әскердің басы болған,

Қартайып сүйтіп жүріп жасы толған.

Орнына Оспан деген ұлы отырып,

Ер тұғырыл 90 жаста опат болған.

Осы Оспан көп ел алып хан болыпты,

Ақылды, аса айлалы жан болыпты.

Келгенше осы кезге сол ат өшпей.

Оспанды түрік деген даң болыпты.

Ұғып ал осы сөзді, жас ұландар,
Өз, баурың ол түрік те осыны аңғар.
Құл болып біз қорлықта отырсақ та,
Көп шыққан атамыздан арыстандар.

Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан ғой,
Баласы Батудағы батыр жан ғой.

Сарт, ноғай, қалмақ, қырғыз, қыпшақ,
Басында бәрі соған қараған ғой.

Орысты алғаш алған Бату өзі
1243 жылдың кезі.

Сағымға садақ ілген Сайын хан деп,
Батуға қойылған ат лақап еді.

Батумен бір туысқан Тоқай темір,
Көшпелі Көк орданы сол билеп жүр.

Біздің ел онда қазақ атанған жоқ,

Сарт, ноғай, қазақ, қалмақ түбіміз бір.

Батудың жұрағаты Өзбек хан,

Тұсында болған екен ол мұсылман.

«Дін қалды Өзбектен» деген мақал,

Қалмайды әлі күнге аузымыздан.

Темірхан Тоқайтемір жұрағаты,

Дейтұғын Орманбетхан лақап аты.

Айнытпай атасының орнын басқан,

Түріктің ол дағы бір асыл заты.

1446 жыл келгенде,

Орманбет қаза жетіп ол өлгенде.

Таласып, зор хандыққа ұсақ хандар

Быт-шыт қып ноғайлыны төрт бөлгенде.

Астрахан, Қырым, Қазан қаласында

Болыпты төрт бөлек хан таласында.

Билеген бергі шетті Әбілқайыр

1450 жылдың шамасында.

Осы кез біздің «қазақ» атанғандық,

Түрікте бір әдет бар ескі заңдық.

Тамызып, қанын сүтке қосып ішіп,

Анда деп жасайды екен туысқандық.

Туысқа ыда болған қарамайды,

Жақын деп қан қосылмай санамайды.

Ішсе де қай ұрумен қанын қосып,

Бір туған жақыным деп бағалайды.

Құралған әр рудан қазақ басы,

Анда боп қан қосылған қарындасы.

«Ел болып, өз еркімен еркін жүрген»

деген сөз қазақтың мағынасы.

Қазақтың Әз-Жәнібек ханы болған.
Билеген сыртын ноғай заңы болған.
Арғынның арғы атасы Дайыр қожа,
Дейтұғын бір әділ би тағы болған.

Ол биді Әбілқайыр жақсы көрген,
«Ақжол» деп оң тізеден орын берген.
Қобаланды қара қыпшақ батыр еді,
Намыс қып күндестікпен шайтанға ерген.

Өлтірген аңдып жүріп Ақжол биді,
Қазаққа осы жұмыс ауыр тиді.

Қысасқа Қобландыны өлтірем деп,

Жар салып, Әз-Жәнібек халқын жиды.

Жалынған үш кісінің құнын ал деп,
Алмаған «бізге керек емес мал» деп.

Бермеген Әбілқайыр Қобландыны:

«Мұны өлтірсең қалған ел бұзылар» деп.

Сондықтан өкпе қылып қазақ көшкен,
Қыпшақты шауып, жаншып қатты өштескен.

Шудағы Шағатайдың нәсілінен,

Қараймыз Мұғылтемір ханға дескен.

Әскерін үшке бөлген әз-Жәнібек,

Ұлы жүз, орта жүз бен кіші жүз деп.

Шағатай тұқымынан Ахмет-Алаш.

Үстінен көшкен елдің тұрған билеп.

Ол кезде қазақ, қалмақ жерге талас,

Болсада тұқымы бір заты аралас.

Ахметті Әзірейіл алашсың деп,

Қалмақтар оның атын қойған алаш.

1500 жыл боларда батыр Шайбақ,

Нәсілін Әмір Темір түгел айдап.

Самарханд пен Бұқарды тартып алып,

Ташкентке де кіріпті көзі жайнап.

Соғысқан Оратөбе деген жерде,

Ұқсаған ағызған қан аққан селге.

«Өзбек — өз ағам, сарт садағам» деп,

Болысқан сонда қазақ Шайбақ ерге.

Бұл Шайбақ Әбілқайыр немересі,

Атақты Өзбектің шөбересі.

Өлтіріп Алаш ханды Ташкентті алған,

Үйірін қайта тапты деген осы.

Баласы әз-Жәнібек Қасым еді,

Атағы сол соғыста асып еді.

«Қасымның қасқа жолын» сол шығарған,

Ташкенттің алтын тағы басып еді.

Қасымның баласы еді Сығай ханың,
Түр еді түгел билеп Ташкент маңын.
Сығайдың баласы екен Тәуекел хан,
Айтайын сарт Ташкентті қайта алғанын.
1598 жылдың кезі,
Тұрсынхан Ташкентті алып, сол биледі,
Түрікке сарт атанған хан боп тұрған
Бұл Тұрсын Шайбақ ердің тұқымы еді.
Есімхан Тәуекелден туып қалған,
«Есімнің ескі жолы» заң шығарған.
Өлтіріп түн ішінде Тұрсынханды,
Ташкентті, сартты шауып, қайтып алған.

1600 жылға таянғанда,
Есімхан ескі тағын қайта алғанда.
Айбике, Қоңырбике, Нұрбикені
Олжалап алып келген сол барғанда.
Тұрсынды өлтірерде түнде барып,
Күзетшісін есіктің байлап алып.
Есімнің қасындағы бір жыршысы,
Оятқан Тұрсынханды әнге салып.

Сондай ер бүгін қайда құдайым-ау,
Бұл елдің бүйтіп қор боп тұрғаны анау.
Өлмеген Тұрсынханды оятқанда,
Төлеген жыршысының сөзі мынау:

Ей, қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын.
Жетім елді жылатып,
Жер тәңірісіп жатырсың,
Қан емессің қатынсың.
Қазақ келді қапылдың.
Алтын тақта жатсаң да
Ажалың жеткен пақырсың.
Көнбесең де көнерсің,
Иманыңды айт өлерсің,
Еңсегей бойлы ер Есім,
Шашкалы тұр қаныңды,
Алғалы тұр жаныңды
Көшікпей сонан көрерсің».

Есімнің салқам-Жәңгір баласы еді,
Ол дағы қалың елдің панасы еді.
Жәңгірдің қалмақ қызы қатынынан
Әз-Тәуке адамзаттың данасы еді.

Қызы еді Қайып ханның бір қатыны,
Осыдан Уәлібақы туған ұлы,
Әз Тәуке хан болған соң өкпе қылып,
Кетіпті Үргенішке дейін мұны.

Осы еді Абылайдың арғы атасы,
Болмайды бұл сөзімнің еш қатасы,
Абылайдың осы атасы сол жақта өліп,
Хан болған мұнда келіп қара басы.

Бұл жерде Абылайды тоқтатайың,
Қорандар шежіремнен оның жайың.
«Басында Күлтөбенің күнде кенес»
Жол салған өз-Тәукені сөз қылайың.

Ақылы айдын келдей толып тұрған,
Қасқа жол ескі жолды толықтырған.
Бекітіп бір жолата қазақ заңың.

Жол салып, мінсіз қылып орнықтырған.
Аздан соң жау көбейіп болған қауып,
Қазақты түс-тұсынан әр ел шауып.
1552 жылдарында

Шетіне Амудария барған ауып.
Батасы Болат хан боп өз-Тәуке елген,
Хан шыққан Нәдір деген парсы елден.
Жан-жасын әлгі Нәдір жалмаған соң,
Қайта ауып біздің қазақ Сырға келген.
Келгені 1700 шамасында,
Қалмақ бар бұрын Сырдың жағасында.
Әрі отыр, бері отыр деп талас шығып,
Болыпты талай соғыс арасында.

Қазақтан, қалмақтан да қандар жауған,
Аз өлмес өлген адам адыр таудан.
1723 жылы шамасында,

Жеңіліп, әрі жутап қазақ ауған.
Қазақтар Қаратаудан аса көшкен,
Ақтабан шұбырынды болды дескен.
Тұсында Абылайдың қалмақты айдай,
Қорлықтан кек алғаны қалмайды естен.

Жазғанмын ендігісін мұнан бұрын,
Шежіремнің «Еңлік-Кебек» оқы бірін.
Осыған соны қосып жаттап алсаң,
Білерсің түп атаңның барлық сырын.

АРДАҚТЫ СӘБИТ БАУЫРЫМ

31 жыл, 3 февральда елсіздегі Саят
корада жазылды.

II. XII. (1930) жазған хатыңызды жақында ғана алдым. Бүгінгі Аягөзге жүрмек адамнан осы хатымды асығыс жаздым. Қолымда барынан аз ғана жазбамды жібердім. Олар: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі»,

«Қазақтың түп атасы» (25 жасымда жазған) «Бозбала мен кәрілік» (32 жасымда жазған), «Баламен айтысып жеңілгенім». Қолымда қаражаттың жоқтығынан бұларды өзіңіз почта қаражатын төлеп алар деп долатной қылдым. Бұрын басылған: «Қазақ айнасы», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» деген өлеңдерімді әрбірінен өз қаражатыммен 1000 (экземпляр) дана бастырып, елге таратып бердім. Соларды балаларға іздетіп, шежіренің бір жытылып қалғаны табылып, бұрынғы басылғанында қате бар, һәм қосылмаған сөздер бар болғандықтан, көшіріп жатырмын түзетіп. «Әділ Мария» деген романымың көшірмесін Алматыдағы осыдан барып қызметке тұрған Бакдәулет Құдайбердіұлында бар шығар. Оның тұрағы Алматыда, Демпинский көшеде, № 63, сол салада: Американың Бичерстоу деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайынан «Том ағайдың балағаны» деген қазақшаға аударғаным бар шығар. Бірақ оларды бастырам деп рұқсат алып еді. Бұл екеуін бір баламыз өлең де қылып еді. Табылса менің сөзше жазғанымды бастырғаныңыз мақұл. Өлеңшесін өзіңіз білесіз.

Қолымда «Шынбақ әңгімесі» деген пьесеге аударуға лайықты бір романым бар. Бар болса да басқа кісі оқи алмастық черновой болғандықтан көшірмей жіберуге болмайды. Және Пушкиннің «Дубровский» деген романын қазақша өлеңге аударып ана бір жылы Семейде бастырып еді. Ол үйде бар еді. Мынадан жіберуге болмайды.

Бұлардан басқа аудармаларым, өлең, сөздерім бар еді. Бірінші уақыт тығыз болып, екінші, 45 жасымнан бергі өлең сөздерім философия жағына салынып, «Об отвлеченного вопроса объективная рассуждение» болғандықтан, үкімет басуға рұқсат қылмас және бұл кезде халыққа тарату да лайықсыз ба деп жібермей қалдым. Себебі жан сыры, жаратылыс сыры, дүниедегі тамам ытақ діндер туралы жазылған. Қырықтан аса бергенімде: жан не? Дін не? Барша адам қалай жаралған? Адамға жаратушы жағынан не өзінің ар нысабы жағынан салынған міндет бар ма? Болса ол не? Адамда толық ерік бар ма? Және өлгеннен соң жоғалатын зат па? Адам бұл өмірде не қылғаны жөн? деген сияқты ылғи дене сезімімен сезілмей, іш жаққа, әдетіне, дініне, танығына, құмарына бұрымдай, ойлайтын нүктасы — таза ақылмен ғана білетін ісгер туралы: дін, ғалам, ғылым, ойымыл философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзімше сынға алып, дұрыс алып, теріс тастап шығарған қорытындыларымен мен: пәлен пайғамбар, түгілен философ, профессор айтты дегенге тоқтап қалмайым. Өз ақылым қабыл алмағанды кім

айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дегенді айтса, ол кім болса да бас ұрам. Мақтанғи кеттім дейді. Мақтан емес. Үздігімді тамам адам пайдасын ойлағандықтан ақылым айтқан ақиқатты айтпай тұра алмаймын. Енді бізге

Мен осыны айтып отырғаным та адамшылық артым бар. Ша адам баласына пайдалы деп отыз жыл ішімен күнәк қазып, тапқан ақиқатты неге жіберсең, алдымен осыны басыуың неге тіленбейсің? деп еркiмдi билейдi. «Жан сыры» «жаратылыс сыры» деген қысқаша қорытындыны тағы жібердім. Әттен дүние, осыны құры қазақша ғана басып қоймай, орысшаға жақсы переводпен сөйлеп переводтап, ғылымды азаматтың бірі еңбек етіп, переводын өзіме көрсетер ме еді? Қазақша тег басылып тағы ма еді? Тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білім, ойшылардың қабыл алғанын біліп, өлсем, армансыз болар едім. Бұл жан сыры, жаратылыс сыры басылмайтын болса, тег қайтарғаныңызды өтінем. Елжы болса, қолжазбаларымның бәрін қайтарып отырарсыз.

Тағы бір тілегім, менің қай жазбам болса да, басылысымен баспахана қаражатымен маған әр қайсысынан елу данасын жіберсеңіз екен. Балаларыма, достарыма мұра істеп беру үшін. Қансысы басылса да «Мұтылған» деген атыммен басылғаны жөн болар еді. Бір сөзім, менің кейбір өлеңдерім қазақтың бұрынғы өлең жырларының әнімен айтылмайды. Әр қайсысының өзім шығарған әні (мотиви) бар. Әнді хатпен ұғындыруға болмайды. Өзім барып ұғындыруға, жергілікті өкімет басындағы кейбіреулердің қараңғылығынан, қолда қаражат, баста бостандық қалмай тұр. Хош! Хош! Бақытты болыңыз!

Мұтылған (Шәкарім Құдайбердіұлы)
1931 жыл.

МАЗМУНЫ

Түрік, қырғыз — қазақ һәм хандар шежіресі туралы	3
БІСМІЛЛӘ-АЛРАХМАН АЛРАХИМ	6
Шежіреден бұрын	6
Шежіре басы	7
Қазақтың қайдан шыққаны	21
Үле жүз	31
Кіші жүз	34
Орта жүз	34
Қаңлы	35
Қыпшақ	35
Қарлұқ	35
Қарлұқтың	36
Керей	36
Наймаң	37
Уақ	38
Төленгіт	39
Тарқаты	39
Арғын	39
Орта жүздегі аңыздар туралы	41
Хан шежіресі	46
Шыңғысхан шежіресі	50
Стамбулдан Османлы түрік һәм сұлтандары	57
Парсыдағы һәм Закавказдағы түрік нәсілі	59
Сарт	59
Өзбек	59
Ноғай	60
Башкүрт	61
Қалмақ һәм Төлеут	62
Түрікмен	63
Якут	63
Орхитай	64
Шансейдегі түрік	65
Құнышыс Түркістандағы түріктер	65
Мақсұд	66
Қазақ	67
Насихат	67
Тағы да сөзін қазақ	69
Қош	69
Қазақтың тұл атасы	70
Ардақты Сәбит бауыры	77

Ш. Кудайберди-улы

ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ

**РОДОСЛОВНАЯ ТЮРКОВ, КИРГИЗОВ, КАЗАХОВ
И ХАНСКИХ ДИНАСТИЙ**

Редакторы *М. Қазбеков*

Суретшісі *Д. Өтеков*

Көркемдеуші редакторы *Б. Машрапов.*

Техникалық редакторы *А. Ткаченко*

Корректоры *Н. Ештаева*

ИБ № 4820

Теруге берілген күні 16.08.91. Басуға қол қойылған күні 4.10.91. Форматы 84×108^{1/2}. Қағаз тип-графикалық № 1. Гарнитурасы «Тип Таймс». Шығару (жысоқ) баспа. Шартты баспа табағы 4.2. Шартты баспа бояу-өріп тақбасы 4,51. Есепте алматылық баспа табағы 4,62. Тиражы 50 000 дана. Заказ № . Бағасы 6 руб.

Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Халықтар достығын ортада «Қазақстан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143.

Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі «Қазақстан» баспасының қос-орындары өндірістің бірлестігінің, 480124 Алматы, пр. Тарихи, 93.